Республикалық оқу-әдістемелік журнал Республиканский учебно-методический журнал

**№1 2022 жыл**

# Қосымша білім және тәрбие




Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.
Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru
Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.
2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік. Жазылу индексі – 75289.

БҒМ РҚББОӘО

РУМЦДО МОН РК

# Мазмұны / Содержание


Мектеп тарихы
**Ермекбаева Ж.Ө**..........2

12 сәуір – Ғарышкерлер күні
**Мустафаева Ж.Қ**..........7

Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!
**Джамбулов Е**..........12

Қазақтың дәстүрлі ән айту өнері
**Сағымбаев Ж.О**..........15

Значение учебно-педагогической деятельности Ы. Алтынсарина для современной системы образования
**Ермекбаева Ж.О**..........18

Білім тамшыдан басталады
**Тугелбаева А.А**..........21

Еңбек түбі – береке
**Уркинбаева З.Б**..........26

Қазақ-сахналық би пәніндегі «Ұқсас қимылдар»
**Касенова А.Ж**..........28

Музыка мұрасын жүйелеу маңызды
**Рақымбай Д**..........30

Кеңістік перспективалы пейзаж саламыз. Кеңістік перспективасы
**Нуралиева А**..........31

Формирование игровых навыков в классе фортепиано
**Бабаканова А. С**..........34

«Альтиссимо». Альт саксофонда үшінші октава
**Оразғұлов Е.Қ**..........36

Менің педагогикалық ұстанымым (эссе)
**Өмірбек А.Ө**..........39

Туған жер - Алтын бесігім!
**Аршын И**..........40

Классический танец в дополнительном образовании
**Асимова М.А**..........43

Мен – Елімнің ертеңі
**Смайлова Б.С**..........46

Дәстүрлі ән айту арқылы білім алушының дүниетанымын қалыптастыру
**Абильдин Б.Б**..........48

Тәуелсіздік жетістіктері
**Шынарбай Г**..........49

Развитие гибкости и подвижности
**Глыбоцкая И.Н**..........51

Кіші және орта сыныптарда классикалық биді оқыту әдісі мен практикасы
**Кунаева Қ**..........53

Концертмейстермен шығарма ойнау кезіндегі қиындықтар
**Қабыл А**..........57

Рухани жаңғыру және қосымша білім беруді дамыту
**Дюсекенова А.Ж**..........59

«Сахна тілі» мектебіндегі сөз өнерін «Абай» шығармашылығымен өркендету
**Мажен Е.Қ**..........62

Ұлттық қолөнерді үйрету арқылы кәсіби бағдар беру
**Саткулова А.А**..........65

Работа над техникой и характером исполнения фортепианных произведений
**Камилова О.К**..........67

Театр өнері пәнінде сөз бен әрекеттің байланысын қалыптастыру
**Молдахан Н**..........69

Жануарлар мен құстарды мүсіндеу
**Толендина Г.М**..........71

Ұлттық үлгідегі натюрморт (Линогравюра техникасы)
**Таңсықбаев Е**..........75

Ән сабағында дұрыс тыныс алудың маңыздылығы
**Мұқан М**..........76

Использование игровых технологий как активного метода обучения в системе современного дополнительного образования детей
**Кишканова И.А**..........79

Жан жылуы оларға бағышталсын
**Мырзахан Е**..........81

Дроби - один из самых важных элементов русского народного танца
**Бельская А.А**..........83

Білім алушының қол қойылымы және нота сауаттылығымен жұмыс
**Әлімқұл Е**..........86

Связная артикуляция на баяне
**Ишбеков С.А**..........89

Красный цвет в природе и искусстве
**Кишканова И.А**..........91

Жұмсақ графикалық материалдармен жұмыстың ерекшеліктері: көмір, соус, сангина, сепия және басқа заттар
**Тотеев М.М**..........93

Тәуелсіздікке 30 жыл: Еліміздің тұңғыш президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ел мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуындағы рөлі
**Таипова Ұ**..........97

Қазағымның қазынасы - домбыра
**Чалғынбаев Е**..........99

Педагогикалық шеберлік – тәрбие мен оқыту өнері
**Смайлова Б.С**..........101

Жаңаша оқыту – жетістік көзі
**Бекбергенова А.Қ**..........102

Қосымша білім беру мекемесінде сахна тілін оқыту
**Жұматаев Ж**..........105

Фетр матадан аппликация жасау
**Қалдыбекова Ғ**..........106

Становление специальности «Хореография»
**Сабдалиева Р.Б**..........109

Сабақ сапасы - тиімді әдіс- тәсілде
**Ушкемпирова Д.М**..........112

Жаңа форматты мұғалім
**Шералиев Ш**..........114

Би өнеріндегі Әбиров әлемі
**Қожабеков Ж.Ш**..........115

Тәуелсіздік –тұғырым! (эссе)
**Мерикенова М.М**..........117



**Меншік иесі –** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Нұр-Сұлтаг қаласы)



**Редакциялық кеңес:**
**Шер Р.П.,** редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР БҒМ РҚББОӘО директоры, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кеңесшісі.

**Гончаров А.С.,** «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.

**Алтынбекова Ш.Д.,** Қарағанды қаласы «Балалар мен жасөспірімдер сарайы» КМҚК директоры.

**Мажитов М.К.,** Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.

**Ерубаева А.Ж.,** Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.

**Оразова Т.Б.,** ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.

**Сенгалиев О.Т.,** Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.

**Шығарумен жұмыс жасағандар:**
Бас редактор –Атажанова Л.А.
Жауапты редактор – **Салбенбекова С.Д.**
Дизайн – **Хұрмет К.Х.**



**Редакцияның мекен-жайы:** Нұр-Сұлтан қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.
Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru

**Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.**
2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік.
**Жазылу индексі** – 75289.



Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмаспайды.

# МЕКТЕП ТАРИХЫ

**Ермекбаева Жанар Өмірбекқызы,
Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,
«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК директоры**



Балаларға қосымша білім беру – білім алушылардың білім алу қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру мекемелерінен айырмашылығы: шығармашыл дарынды балаларға қолдау көрсету және дамыту, ең бастысы, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға бағыттау.

«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» 2006 жылы ашылған. Мектеп көркем-эстетикалық бағытта 250 білім алушы, 16 педагог маманмен өз жұмысын бастады. Білім алушылар фортепиано, хореография, домбыра, ән-терме, ақындар сыныбы және бейнелеу, қолөнер үйірмелерінде білім алды. Мектебіміз 2009 жылдан бастап ән-терме, домбыра, вокал, хореография сыныптары бойынша өз түлектерін шығара бастады. Қазіргі таңда мектеп түлектерінің өнер жолын жалғастырып, жоғары оқу орындарына түсуі – ұстаздар қауымы үшін үлкен мақтаныш!

Сол жылдарғы мектептің іргетасын мектеп басшысымен бірге қалап, ауыл көлеміндегі небір өнерлі, дарынды балалардың талантын шыңдап, өнерге бейімдеуде білікті маман иелері, домбыра сыныбының мұғалімі Шакеева Несіпкүл Шарынбаевна, аккордеон сыныбы және теория пәндерінің мұғалімі Жақсылыкова Роза Рубаевна, жезтаңдай әнші, ардагер ұстаз, «Білім беру ісінің үздігі» Машакова Сарагүл Нүсіпбаевна, Жамбыл ауданының тумасы, ақын-сазгер Жақыпбеков Есенқұл Серікбайұлы, вокал сыныбының мұғалімі, «Мәдениет саласының үздігі» Малибеков Қыдырбек Әкімжанұлы, «Білім беру ісінің үздігі», хореография сыныбының мұғалімі, балетмейстер Сабдалиева Роза Болысовна сияқты ұстаздардың еңбектері зор.



Қазіргі таңда мектептің ашылғанына 15 жыл болды. Білім беру жүйесі облыс бойынша қосымша білім беру ұйымдарының арасында ерекше орын алып келеді. Педагог мамандардың еңбектері білім алушылардың жетістіктерімен бағаланады. Халықаралық байқауларда және Республика көлемінде өткізіліп жүрген балалар мен жасөспірімдер арасындағы шығармашылық байқауларда шәкірттері шығармашылық қабілеттерімен ерекше көзге түсіп, жүлделі орындарға ие болғаны үшін ұстаздар қауымы «Алғыс хаттар», Дипломдар және «Үздік педагог» марапаттарына ие болып келеді. Ресейлік «Салют талантов» жобасының «Звезды столицы», «Берег побед», «Вдохновение. Лето», «Вдохновение. Весна», «На творческом Олимпе», «Гамарджоба, Тбилиси!», «Роза Востока» фестиваль-байқаулары және Алматы облысы Білім басқармасының «Алғыс хаттары», Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамоталары», Жамбыл ауданы әкімдігінің «Құрмет грамоталары», Жамбыл ауданы білім бөлімінің «Алғыс хаттары» арқылы ұстаздардың еңбектері үнемі бағаланып отырады.

Өнер мектебінің педагогтері әдістемелік, тәжірибелік қамтамасыз ету мақсатында семинар, конференциялар, біліктілікті арттыру курстарына қатысып, педагогикалық шеберліктерін дамытып, кәсіби білімдерін әрдайым жетілдіріп отырады. Осы бағытта 2016 жылы наурыз айында «Функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастырудағы өнер мектептерінің маңызы» тақырыбында облыстық тәжірибе алмасу семинарын, 2017 жылы «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» атты Республикалық қосымша білім беру мекемелерінің мамандарына арналған семинар өткізді.

Драма, «шебер қолдар», фортепиано, хореография, вокал сыныбының мұғалімдері білім беру әдістерінен шеберлік сыныптар көрсетіп, өз тәжірибелерін көпшілік назарына ұсынды. 2019 жылдың ақпан айында хореография сыныбының педагогтеріне арналған «Музыкалық және көркемдік-эстетикалық бағыттағы бағдарламаларды іске асырудағы дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологиялардың синтезі» атты біліктілік арттыру курсын өткізсе, наурыз айында қосымша білім беру мамандардың кәсіби біліктіліктерін арттыру және қосымша білім мазмұнының заманауи рөлі туралы пікірлесу мақсатында облыстың қосымша білім беру мамандары мен жалпы білім беру ұйымдарының қосымша білім беру педагогтеріне арналған «Қосымша білім беру – саналы да білімді ұрпақ тәрбиесінің негізгі тетігі» атты семинар өткізді. Облыстың қосымша білім беру саласына қатысты өнер мектептерінің мәселелері мен іс-тәжірибелерін бөлісуге арналған семинарларда дарынды жастардың шығармашылығын арттыру жолында жұмыс атқарып жүрген Өнер мектебі педагогтерінің тәжірибелері ортаға салынды. Аталған семинарларға республикалық, облыстық білім басқармалары мамандары, жоғарғы оқу орындары мен өнер ордаларының мамандары шақырылды.





Сондай-ақ, ТМД елдерінде, соның ішінде Тбилиси қаласында өткен Грузия Халық әртісі, «Кутаисск» ән-би ансамблінің көркемдік жетекшісі Чкуасели Джемалдың «Шығармашылық ұжымның фестиваль-конкурстарға даму факторы ретінде қатысуы немесе Грузиядағы қосымша білім беру жүйесінің ерекшеліктері» атты шеберлік сыныбына және Санкт-Петербург, Сочи қалаларында өткен РФ Еңбек сіңірген әртісі, Н.А. Римский-Корсаков атындағы консерваториясының профессоры Виктор Ильич Акулов және «Театралофф» арт-студиясының директоры Андрей Викторович Проходаның «Сахнада импровизациялық мәртебеге жету жолдары» атты шеберлік сыныптарына қатысып, білімдерін жетілдіріп қайтты.



2021 жылғы 23 қарашада «Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтердің кәсіби бағдарлау жұмысын жүйелі ұйымдастыру, тәжірибе алмасу және қосымша білім мазмұнының заманауи рөлі туралы пікірлесу» мақсатында облыстық семинар өткізіп, педагогтер шеберлік сыныптарын көрсетіп тәжірибе алмасты.

Мектеп ұжымы тиімді білім беру, оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету мақсатында штаттағы қызметкерлерден және қосымша білім беру педагогтері




қызметкерлерінен тұрады.
Мектепте 53 педагог қызмет атқарады.
2021-2022 оқу жылында «Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебінде» 7 жастан 16 жас аралығындағы 907 білім алушы 4 бірлестікте білім алады:
Еңбек жолын жаңадан бастаған жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетуде сабақ беру әдістерін үйретіп, құжаттармен жұмыс жасау, өзара сабақтарға қатысу, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру және ата-аналармен жұмыс жасауды үйрету маңызды. Сырттай қадағалау жұмыстарын жүргізіп, жас мұғалімнің кәсіптік, педагогикалық шеберлігін көтеру мақсатында бағыт-бағдар берілуі тәлімгерлер тарапынан қадағаланады. Ұжым қандай іс-шара болсын бірлесіп еңбек етуге әрқашан дайын.




**«Қазақстан балалары – жазды қуанышқа толтырайық!»**
**«Ғажайып әлем!» жазғы алаңының жұмысы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Алматы облысы білім басқармасының 03.06.2021 жылғы №42-42/4714/1 хаты, Жамбыл ауданы бойынша білім бөлімінің 01-26 №511 04.06.2021 жылғы хаты негізінде «Ұзынағаш ауылындағы Өнер мектебінің» 29.05.2021ж №29 бұйрығы негізінде «Қазақстан балалары-жазды қуанышқа толтырайық!» жазғы каникул кезіндегі балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мақсатында, мектепте «Ғажайып әлем!» жазғы алаңы 1 маусымнан өз жұмысын бастады. Ұзынағаш ауылының 6 мектебінен 75, Мыңбаев ауылындағы ғимаратта 60 білім алушы қамтылды. Жұмыс жоспары жасалып әр күнге сай іс-шаралар жүргізілді. Әр аптаның, әр күннің өз тақырыбы болды.



Бірінші апта «Қазақстан – Менің Отаным!», бірінші күн «Балаларды қорғау күнімен» басталды. Балалар күнін өткізу жөніндегі шешім 1949 жылдың қараша айында Парижде Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданды. Ал Халықаралық балаларды қорғау күні алғаш рет 1950 жылы атап өткізді. Шын мәнінде балалардың әр күні мерекеге толы болуы керек. Олардың өмірінің қауіпсіз болуы, соғыстан қорғау, денсаулығын сақтау, болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беру барлығы кез-келген адамның міндетіне кіруі керек. Таңертеңгі мерекелік көңіл күйде «Бала – өмірдің гүлі!» атты концерттік бағдарлама

өткізілді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы құрметіне 30 кітап оқу қажеттілігімен түсіндірілді. Соның ішінде балалар әдебиетіне көңіл бөлініп, білім алушыларды сол кітаптардың аудио нұсқасын тыңдауға үйреттік. Қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, сауалнамалар алынды.

«Кітап – сенің жан досың» тақырыбында аудандық кітапханаға саяхат жасап, іс-тәжірибе алмастық. Соңы көңілді концертке ұласты. Жазғы алаңда жұмыс істеген педагогтер: А.А. Тугелбаева, З.Б. Уркинбаева, Г.М. Толендина, А.С. Бабаканова, Е.М. Джамбулов, А.К. Бекбергенова, Ж.К Мустафаева, Г.Т. Қажиева, О.К. Камилова, Қ.Б. Кунаева, И.Н. Глыбоцкая, Е.К. Оразгулов, И.А. Кишканова, З. Қайрат, Е. Мырзахан, М. Асимова, А. Касенова.

**Ертегілер Күні.** Өсіп келе жатқан жас ұрпақ санасын тасқындап келіп жатқан жаһандану дауылына қарсы тұра алатын жігерлі рухты өз ұлтымыздың ішкі рухани байлығынан іздеу – ең ұтымды жол. Кішкентай бүлдіршін санасына ең бірінші ұлттық сана сәулесін түсіретін ұлтымыздың ертегілері мен аңыздары. Сондықтан Ә. Тәжібаевтың поэмасы бойынша түсірілген «Толағай» ертегісі балаларға көрсетіліп, түрлі кейіпкерді бейнелеп, актерлік шеберліктерін дамыту мақсатында ертегі желісі бойынша қойылым қойылды.

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер Күні**

«Көк тудың желбірегені» атты патриоттық сағат өткізілді. 1992 жылы 4 маусымда Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері алғаш бекітілді. 2007 жылдан бастап Қазақстандықтар бұл күнді мерекелей бастады. Жазғы алаңда балалалар рәміздер туралы тақпақ айтып, «Көк тудың желбірегені» әнін шырқады.

Әуендер күні

Жамбыл өңірі еліміздің өнер әлемінде және тарихында қанатын кеңге жайған жайсаңдардың ортасы. Олар еліміздің барша өңірінде мақтанышқа айналған. Осы өңірден шыққан тұлғалардың бірі Ж.Жабаевқа 175 жыл, айтулы шара аясында «Жамбыл өрендері» деп аталатын дәстүрлі әншілер ансамблі ақын атамыздың «Сарыбайға», «Ақын болдым 13-те» өлеңдерін құйылжыта шырқады. Бишілеріміз мың бұрала «Алтынай», «Біржан сара» билерін биледі.

**«Қауіпсіз жол»**

«Қауіпсіз жол» тақырыбында суреттер салынып, «Жолдас көмекке асығады» мультфильмі көрсетілді. Жол ережелерімен таныстырып, «Абайлаңыз, бағдаршам!» қойылымы қойылды.

**Саяхатшы күні**

Адамзат тарихын саяхат тарихы деп түсіну керек. Міне осындай тарихи жерді аралап көру – біздің жазғы алаңның балаларына Жамбыл ауданымен танысып экскурсия жасау, айтулы жерлерін көру, ескерткіштермен танысу, тарихымен танысып білді. Ұзынағаш ауылының орталық көшесіндегі ескерткіштер мен ғимараттармен танысты. Жамбыл ауылындағы Жамбыл мұражайына және Жамбыл атындағы орта мектепке саяхат жасап қайтты.

**Бояулар әлемі**

Жамбыл ауданының суретшілерімен білім алушыларды таныстырылды. Несіпбай Айтұлының «Шапыраштьі Наурызбай» атты кітабына иллюстрация жасаған Беріктас аулының азаматы Мамажанов Бекежанмен видео кездесу өткізілді.

Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, белгілі суретші – М.Тотеевпен кездесіп сұхбаттасып, жұмыстары қойылған көрмені тамашалады. Көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, бояулар құпиясымен танысты. Суреттер салып, естелікке суретке түсті. Сонымен қатар, Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Үздік өлкетанушысы, жазушы Искаков Әуелбек Мұсаханұлы мен Жамбыл ауданының бас архитекторы Манапов Ахат Артурұлының жұмыстарымен танысып, білімдерін арттырды. Өз ауданы үшін мақтаныш сезіміне бөленді. Сұлулық пен қыл қаламның шеберлігіне тәнті болды.

**Спорт күні**

Балаларға түрлі эстафеталық ойындар ойнатылып, топ болып жарысқа түсті. Орталық саябаққа барып көлік жүргізуден «Кім жылдам?» ойыны ал суда «Жас теңізші» ойыны, дойбы мен футбол ойындары ойнатылды. «Дәрумендер еліне саяхат» презентация

сабағы өткізілді, соңынан білім алушылар «Денің сау болсын десең...» мульти видеофильмді тамашалады.
2 аусымның бірінші аптасы «Мейірімділік жолымен» деп аталды.

Бұл күні балалар бір-біріне мейірімділікпен қарап, әуе шарлары мен ашық хаттарға тілек жазып, бір-біріне сыйға тартты. «Мейірім шуағы» мейірімділік таблосын жасап, осы каникул кезінде жасаған мейірімді істерін айтып шықты. Торғайдың балапанын құтқарғандарын, қараусыз күшікке, мысыққа, айналасындағы қарт кісілерге жасаған жақсылықтарын айтып отырып, таблоны толтырды.

**Үшінші күніміз «ЖЕР шары» күні болды.** «Жасыл дәріхана», жәндіктердің шағуы кезінде көрсетілетін алғашқы көмек туралы мәліметтерді алды.

Биылғы жыл адамзаттың К.Э. Циолковскийдің «Жер – адамның бесігі, бесікте мәңгі жатуға болмайды» деген сөзін орындағанына 60 жыл болған жыл, тарихи жыл. Бүгінгі бүлдіршіндердің әндері мен билері осы мерекеге арналды. «Байқоңыр – әлем космонавтикасының бесігі!» атты концерт болды. Алғашқы қазақ космонавтарының рөлін сомдаған қазақ жігіттері ән шырқады. Өзгеше түстер мен түрлі-түсті костюмдер мейрамы өткізілді. «Біз –табиғат қамқоршысымыз» плакаттар сайысына білім алушылар өз шығармаларын ұсынды.

**4-күн Мұражай күні болды.** Бұл күні онлайн режимінде Республикалық мұражайларды таныстырдық. «АЛЖИР» мен «Карлаг» туралы фильмдер мен фотослайдтар көрсетілді. «Карлагтағы» өз көзімен көргенін Мустафаева Жания Капаровна әңгімелеп берді.

Көтеріңкі көңіл-күй күні болды. «Мен әлемді танимын» психологиялық ойын ойнатылды. «Күлкі сыйла!» акциясы/ көңілді костюмдер, кейіпкерлер, қойылымдар/ сайысы өтті.

**Денсаулық күні** «Мен және менің денсаулығым» плакаттар сайысы. Спорттық ойындар: «Құмырсқа илеуі» өтті. «Сары» және «Қара» құмырсқа командалары қатысты. Балаларға қасықпен жұмыртқаны алып жүгіру қиын да қызық болды. «Сары» құмырсқа тобы жеңіске жетті.

«Тісті қалай күту керек?» денсаулық уақытына үш жас маман келді. Тісті күту туралы әңгіме өткізді. Дәрігер әрине, білім алушылардың өзі болды. Рөлдік ойынды ойнаған оларға қатты ұнады.

«Спорт пен би әлем елшісі» атты флешмоб өткізілді. «Дизайн» үйірмесінде білім алушылар ертеңгі күнге өз киім үлгілерін жасады.

**Рекордтар күні** «ЖАЗ ханымы мен ханзадасы» сайысы өткізілді. Тоқтарбек Аяна мен Илияс Біржан жеңіске жетті.

Қағаздан, матадан, пластиктен жасалған ерекше гүлдер сайысы өткізілді.

«Рекорд жасайық» /гиннест кітабына шолу жасалды/қызықты мәліметтерді ең көп жинаған топты анықтадық. Ол «Зерде» тобы болды.

**«Дизайн»** үйірмесінің «Тәуелсіз елдің сән үлгісі» дефилесін тамашаладық.



**Шығармашылық күні болды.** «Достығымыз жарассын» фотосессиясында балалар өз соткаларымен өздерін өздері қызықты сәттерде түсірді. Телефондарындағы әр түрлі бағдарламамен қызықты фотолар мен ойындар мен кинофильмдердің кейіпкерлерін келтіріп, күлкіге қарық болды. Тик-токтар түсіріп, соны тамашаладық. Орталық саябаққа барып ойындар ойнап «Көңілді күн» өткізді.

**«Актерлік шеберлік және этикет»** сахналық қойылымдар сабағына қатысты. Бұрын қазақ телевидениесінде мультфильм кейіпкерлерінің даусын дыбыстаған, хореограф Тугелбаева Айгуль Алимсеитовна білім алушылармен актерлік шеберлікті дамытуда біраз әңгіме жүргізіп балалардың сауалдарына жауап берді. Дауысын құбылта әр түрлі кейіпкердің даусына салғаны балаларға қатты ұнады.

3 аусымның бірінші аптасы «Елорда тарихы – Ел тарихы» деп аталды. Бірінші күн «Кел, танысайық!» күні болды. 1. Балаларды қарсы алу, топ бойынша бөлу. Ата-аналармен әңгіме жүргізілді.

**«Ғажайып әлем!»** лагерінің ашылу салтанаты. «Асқақтай бер, Елорда!» концерттік бағдарламамен ашылды.

«Қауіпсіз жаз» қауіпсіздік ережелері, жаднамалармен танысу, техникалық қауіпсіздік журналына қол қойғызылып, папкаға салынды. Мектеп ауласында еңбек десантын өткізіп, аулаға гүл отырғызылды. «Жайнай бер, жасай бер – Нұрсұлтан!» Үшқоңыр аулына мұражайға саяхат болды. Нұр-Сұлтан қаласын виртуальды аралап шықтық.

**«Бояулар әлемі» күні.** «Бояулар әлемі» ойын-сауық бағдарламасы өтті. Бояулар әлеміне саяхат жасалды. Білім алушылар кемпірқосақтың құпиясын білді. Ақ жарықтың мөлдір призмадан өткендегі қызықтарын тамашалады. Неге жаңбырдан кейін табиғат ананың аспанда керемет жеті түстен жолақ көпір жасайтынын білді. Бояу бойынша ғылыми білімдерін жетілдірді. «Менің айналамдағы әлем» асфальтта суреттер салды. Ә. Кастеев мұражайына виртуальды саяхат жасалды. «Елорда көріністері» тақырыбында үйірмеде жасаған суреттері мен қолөнер заттарының көрмесі болды.

**Спорт күні. Спорт – денсаулық кепілі.** Сондықтан жазғы алаңда біз спортқа көп көңіл бөлдік. Таңертеңгі жаттығудан бастап спортпен айналыстық. Стол теннисінен жарыс өткіздік. Ұлттық ойындарға көп көңіл бөлдік. «Бес тас», «Алшы» ойындары ойнатылды. Ұмыт болып бара жатқан «Бес тас» ойыны қайта жаңғырды. Бұл ойынның кереметі сол, еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін ойнай алады. Қатысушы санының шектеуі жоқ. Ұлттық ойынды насихаттау біздің парызымыз. Бұл ойындар балаларды ептілікке, шапшандыққа үйретеді.

**«Мені қызықтырған әлем»** тақырыбында көңілді тапқырлардың жарысы өтті. Мақсаты – білім алушылардың жаратылыстану пәндерінен алған білімдерін жинақтау, ойын түрінде сахнада өз білімдерін теориядан практикаға ұштастырғанын көру. Жарыс барысында сода, сірке қышқылы, бояуды пайдаланып, өздері жасаған жанартаудан лаваның атқылауы өте тамаша болды. Сонымен қатар «Физика тілдесер табиғаттың тілі емес пе...» тақырыбында физиктердің қалжыңдары бойынша топ мүшелері постер жасады. Мақсаты Адамның өз көңіл – күйін жағымды арнаға түсіруге баулу. Қалжыңның астарында үлкен шындықтың бар екенін түсіну. «Әрбір бала – болашақ данышпан» деп, баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін жазғы алаң педагогтері топ мүшелерін шеберлікке үйретті. «Жас ғалым» апталығында өз қолдарымен жаңартаудың макетін, ғалымдарға арнап бас киімдер, күн жүйесінің моделін, қағаз кепкалар жасап, көрнектілер қоржынын толтырды.

Бесінші күн 6-аусымның жабылуы «Қош бол, Ғажайып әлем!» атты концерт өткізілді. Білім алушылар би билеп, ән айтып, жетіген, домбыра аспаптарында ойнап өз өнерлерін көрсетті. Концерт жоғары дәрежеде өтті.

Жетінші аусым «Семей полигоны» мен «Конституция күндеріне арналды. Осылайша жаз маусымы балалардың көңілді күлкісімен аяқталды.

# 12 СӘУІР – ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ



**Мустафаева Жания Қапаровна,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК**
**директорының орынбасары**

**Сабақтың тақырыбы:**
Байқоңыр-әлемдік космонавтика бесігі
Сабақтың мақсаты:
1) XX ғасырдың 2 - шы жартысындағы адам баласының ғарышты игерудегі жетістіктері, оның ғылыми маңызы жайында білім беру.

2) Жас ұрпақтың патриоттық, отаншылдық сезімін оята отырып, елін, жерін, сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу, ғарышкерлерге деген құрмет сезімге баулу.
3) Ғылыми жаңалықтардың маңызын түсіне білу қабілеттерін,ұрпақтар сабақтастығын дамыту.
Сабақтың көрнекілігі:
Ғарышкерлер суреттері, Байқоңыр – ғарыш айлағы суреті, планеталар моделі, видеофильмдер «Қазақ ғарышкелері туралы қызықты деректер» https://youtu.be/CLZzJRPTgNE, «Арнайы хабар». Ғарыш ғаламаты. https://youtu.be/yV9NnveiyFA, «Зымыран қалай ұшады?», «Күн жүйесі» анимация.
**1. Жүргізуші:** Армысыздар ата-аналар, ұлағатты ұстаздар, білім алушылар. Жерді қоршаған бүкіл дүние – Әлем немесе Ғарыш деп аталады. Ғарышқа жол 1957 жылы 4 қазанда ашылды. Бұл күні бұрынғы Кеңес Одағының Жердің жасанды серігі ұшырылды. Ал 1961 жылы 12 сәуірде адам баласы тарихында бірінші рет Ю. А. Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен Жер шарын айнала ұшты. 12 сәуір тарихқа «ғарышкерлер күні» деген атпен енді. Биыл міне сол жұлдызды сәтке 60 жыл! Байқоңыр – ғарыш алаңы. Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан. Іргесі 1955 жылы қаланған. Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды таңдап алу кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық объектілер үшін қолайлы қону аймақтарының болуы, т.б. факторлар ескерілді.
**2. Жүргізуші:** Казіргі кезде Байкоңыр халықаралық ғарыш аймағына айналды. Бұл алаңнан АҚШ, Франция, Үндістан, т. б. мемлекеттердің ғарышкерлер мен ғарыш кемелер ұшырылды. Ғарышкерлер ұшып зерттеу жұмыстарын жүргізді. Солардың ішінде біз мақтанышпен айта алатын қазақстандық батырлар да бар. Олар қасиетті қазақ жері «Байқоңырдан» ғарышқа аттанған Тоқтар Әубакиров,Талғат Мусабаев, Айдын Айымбетов!. Биыл ғарышкер Тоқтар ағамыздың ұшқанына 30 жыл толып отыр.
/ән/ «Ұрпақтар сабақтастығы: Жамбыл атаның батасы»/ рөлдік қойылым. Авторы Мами орталау мектебінің директоры Марат Курманкулович.

**Жамбыл ата:**
Балаларым, батырларым мақтанам
Сендер үшін жырымды мен ақтардым.
Жүз жасаған жүректегі жырларым,
Арналады Тоқтар, Талғат,Айдыным.
Ғарышпенен байланыстым сендермен
Бүкіл елім дамыды ерлерменен.
Бүкіл әлем таныды өздеріңді,
Тереземіз тең болды елдерменен.
Жүз жетпіс беске келіп отырмын,
Ризамын өздеріңе, арнап өлең шақырдым.
Әңгімеңді айта отыр балаларым,
Тұңғыш ғарышкер, Тоқтар шырақ батырым.

**Тоқтар Әубәкіров:**
Алдымен амандасып алайын
Ақсақалым аппақ болған самайың.
Ғарыш жаққа барым келдім ататай,
Арқаладым елдің жүгін,арманын.
Халықтың ұлы ақынысыз атамыз,
Сізбен бізде мақтанып шын жатамыз.
Мен өзіңе сиынамын ататай,
Қабыл болсын әрқашанда батаңыз.
Ал батырлар қол жайыңдар қанекей,
Жұрт қуанып отыр бізге әнекей.
Ата Сізден бата аламыз дегендей,
Келді Талғат,Айдын балаларың мінекей!

**Талғат Мусабаев:**
Ассалаумағалейкум Жамбыл ата
Қабыл болсын бізге берген ақ батаң.
Өзіңе сыйынуға келгенде,
Тебіреніп кетті жүрек, терлеп жотам.

Көкке өрлеп мәртебеміз биіктеді,
Батырымыз деп бізге елде сенеді.
Елді жырмен танытсаңыз әлемге,
Біз таныттық ғарышқа ұшып бәріміз.
**Айдын Айымбетов:**
Ата міне амандасып басымды иіп,
Мауқымды басам менде сүйіп тұрып.
Жырыңызды жаттаймыз, батаңызды,
Сөзіңізді тыңдаймыз ұйып тұрып.
**Жамбыл ата:**
Тәуелсіз елге жырларым
Арнап міне жырладым.
Тәуелсіз ел жасай бер!
Ғарышкер мына ұлдармен!
/Әумин бәрі қол жаяды, бет сипайды//би билеу/
Жүргізуші: Ғарышқа бір шолу жасасақ.
**1-білім алушы:**

*Лайка* - ғарышқа сапар шеккен әлемдегі тұңғыш тіршілік иесі. 1957 жылдың 3 - қарашасында ғарышқа салмағы алты келі, жасы екі жастан асқан *Лайканы* Спутник - 2 ғарыш кемесімен ғарышқа аттандырып жіберді. Ғарыш кемесі ұшырылғаннан кейін, шамамен 5 - 7 сағаттан соң *Лайка* ғарыштағы температураның күрт артуы мен стрестің салдарынан өледі. Сынақты ұйымдастырушылар о бастан-ақ *Лайканың* жерге қайтуын күткен жоқ. Олардың жоспарлауынша *Лайка* ғарышта бір аптаға жуық уақыт сүру керек болатын. Кеңес одағының ғалымдары *Лайкамен* бірге екі итті жаттықтырған болатын. Олар: Белка және Стрелка. Осынау үлкен сынақты іске асыру үшін *Лайканы* ұшырылуынан біраз жылдар алдын ала комиссия құрылып нақты шараларды анықтап отарды.



Кеңестік ғалымдар ғарышқа иттерді жіберген болса, өз кезегінде АҚШ ғалымдары сынақ жасау үшін шимпанзелерді пайдаланды.

**2-білім алушы:** Адамдар ғарышқа ұшуды армандайтын. Бірақ ол қолдан келместей көрінетін. Ғарышқа 1961 жылы 12 сәуір күні тұңғыш рет Юрий Гагарин ұшты. Қазақтан ғарышқа бірінші болып ұшқан - Тоқтар Әубакіров. Біз қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетовты да мақтан етеміз. 1991 жылы Тоқтар Әубакіров Қазақстандық бағдарлама бойынша ғарышқа жол тартты. 7 тәулік 22 сағат, 12 минут, 40 секунд ғарыш кеңістігінде болған Тоқтар Әубәкіров тұңғыш қазақ ғарышкері атанды.



**3-білім алушы:**
Олжас Сүлейменов
Тұңғыш ғарышкер
Жазира бар ма мына далама тең!
Ғарышқа сол даламды ала кетем.
Аспанның сәуірдегі сан жолында
Ақ жолы Гагариннің ала бөтен.
Осы жол қайқаң етіп
Аспанға бір
Атылған асқақ шыңдай
Асқанда қыр,
Сақина жасап ұшып
Мұзбалақтар,
Қонады төңіректі басқанда іңір.

**4-білім алушы:**
Ел де - ана,
Тарих та - ана,
Өлең де - ана,
Анамыз - мынау байтақ ғалам - дала.
Есімі Бостандықтың,
Табиғаттың –
Бәрі ана,
Анаң барда алаңдама!
Салбырап парашютте ноқат – денем,
Ақырын
Жер – Анаға тақап келем.
Тамаша!
Шырқап келем,
Жырғап келем!
Немене опат деген!
Апат деген!

**5-білім алушы:**
Қайран, Жер!
Қадірлі ана!
Аяулы ана!
Калықтап келіп қалды - ау таяу балаң.
Өскен жер,
Басқан жерім,
Туған өлке
Қондым кеп көгалына баяу ғана.
Бас иіп, ғарышың мен көгің демде,
Оралдым,
Жүзім жарқын,-
Көңілден де! –
Оралдым жеңіспенен,
Жатты Жерім
Мәз болып перзентінен жеңілгенге.

**6-білім алушы:**
Салқында,
Сабаңа түс,
Қызған каным!
Көк иіскеп жата кеттім,
Қызғанбағын!
Тұра тұр,
Қаусырмасын парашюттың
Ағытып жіберейін,
Қызғалдағым.
Ән «Біз косманавт боламыз», видеофильм.
Жүргізуші: Ғаламшарлармен танысайық.

**7-білім алушы:** Жұлдыз – газдан тұратын аспан денесі. Ол өз куаты нәтижесінде өзі жарық шығарады. Бірнеше мың градус температураға дейін қызып тұрған аспанның жарық денесі. Жерге ең жақын жұлдыз – Күн.

**8-білім алушы:** Күн - Балқыған ыстық газды жарқырап тұрған өте үлкен шар. Күн мен жердің ара қашықтығы 150 млн. шақырым. Күннің бетіндегі температура – 6000 мың градусқа тең. Күннің жылуы мен жарығы адам, өсімдіктер, жануарлар үшін өте қажет. Күннің төңірегінде Жерді қоса есептегенде 9 ірі аспан денелері айналып жүреді. Олар ғаламшар (планета) деп аталады.

**9-білім алушы:** Ғаламшарлар - адасушы жұлдыз деген сөз. Ғаламшар – өздігінен

жарық шығармайтын салқын денелер. Ғаламшарлардың жұлдыздан айырмашылығы өздігінен жарық шығару мүмкіншілігі жоқ, күн сәулесінің шағылысуынан жарқырап тұрады.

**10-білім алушы:** Шолпан – Күннен 108 млн. шақырым қашықтықта орналасқан 2 - ші ғаламшар. Аудан жағынан Жерден сәл кіші. Күнді 225 тәулікте айналып өтеді. Шолпандағы температура +464 градус. Мұнда бірде бір мақұлық өмір сүре алмайды.

**11-білім алушы:** Марс – 4-ші ғаламшар. Оның диаметрі Жерден 2есе кіші. Күнді 687 тәулікте айналып өтеді. Марстың 2 серігі бар – Фобос және Деймос. Серіктер Марсты айнала қозғалумен қатар Күнді де Марспен бірге айналып өтеді.

**12-білім алушы:** Юпитер – Күн жүйесіндегі 5 - ші ең үлкен ғаламшар. Диаметрі жағынан Жерден 11, 5 есе үлкен. Күнді 11, 9 жылда айналып өтеді. Юпитердің 16 серігі бар. Соның ішінде Ганимед Күн жүйесіндегі ең үлкен серік.

**13-білім алушы:** Сатурн – 6 - шы ғаламшар. Ғаламшардың ерекшелігі сансыз көп тастардың кесектерінен, мұздан және шаң - тозаңнан тұратын жалпақ жарқыраған сақина тәрізді болып келуі. Диаметрі Жерден 9, 5 есе үлкен. Күнді 29, 5 жылда айналып өтеді. Айналасында 17 серігі бар.

**14-білім алушы:** Уран – 7 - ші ғаламшар 18 ғасырда ашылған. 1781 жылы неміс астрономы Вильгелм Гершель ашты. Оның күннен алыстығы соншалық, күннен бөлініп шыққан жылуды Жерге қарағанда 400 есе кем алады. 15 серігі бар. Күнді 84 жылда айналып өтеді.

**15-білім алушы:** Нептун – 8 - ші ғаламшар. 1846 жылы ғылымға белгілі болды. Оны француз Урбен Леверье жаңа ағылшын Джон Адамс ашты. Құрылымы жағынан уранға ұқсас.

**16-білім алушы:** Плутон – Күн жүйесіндегі ең кішкентай және ең алыста орналасқан ғаламшар. Күннен 6млрд. шақырым қашықтықта орналасқан. Күнді 247, 7 жылда айналып өтеді. Ғаламшардың жалғыз серігі Харон 1930 жылы американдық астроном Клайд Томбо ашты.Кәзіргі кезде ергежейлі планета деп тауып 9-шы ғаламшардан алынып тасталды. Комета – Құйрықты жұлдыз. Тастардан, шаң-тозаңдардан араласқан алып мұздардан тұрады.

**17-білім алушы:** Жер – Күннің санағындағы 3-ші ғаламшар. Күннің айналасындағы өзінің жолын жер секундына 30 км жылдамдықпен өтеді. Жер бетінің жалпы ауданы 510 млн. км. кв. оның 70%- ы су, қалған 29%- ін құрлық алып жатыр. Біздің өмір сүретін ортамыз – Жер планетасы. Ғарыш әлемін көру үшін зымыранмен ұшу кажет. Зымыранмен ұшып барған ғарышкерлер ғарыш әлеміндегі өзгерістерді суретке түсіріп зерттейді. Оны жерге хабарлап отырады. Ғарышқа ұшатын ғарышкерлер арнайы киімдер киеді. Скафандр деп аталатын киім – ғарышқа ұшуға лайықталған киім.

**18-білім алушы:** Ай – жердің табиғи серігі, оған ең жақын аспан денесі. Ай – біздің ғаламшарымыздың жалғыз серігі. Айдың диаметрі жердікінен 4 есе кіші. Сағатына 28000км жылдамдықпен ұшатын ғарыш кемесінен Айға 13сағат 43минутта жетуге болады. Күн және оны айналып жүретін ғаламшарлар мен олардың серіктері күн жүйесін құрайды. Сансыз жұлдыздардың жарқырап көрінетінін және көрінбейтінін жинақтап адамдар ғарыштық кеңістік деп атайды. Ғарыш кеңістігінде шек жоқ. Ғарыштағы қашықтық өлшемі үшін көп жағдайда жарықтың таралу жылдамдығы бірлік ретінде алынады. Жарық секундына 300 мың км. жылдамдықпен таралады. Ол жерге Айдан 1, 3 секундта, Күннен 8 минуттан астам уақытта жетеді.

**Қорытынды:**

**19-білім алушы:**

Тұңғыш қазақ ғарышкерлері.
Алыста туып өскен бала жатты
Зымырап көкті тіліп бара жаттым.
Меніреу, мылқау әлем ортасына
Арманын алып келдім адамзаттың,
Мен, адал азаматпын!

**20-білім алушы:**

Ей, жарандар, қарандар

Космостан бар досқа!
Әлемге сәлемді жолдаймын,
Тыныштықты, тыныштықты қорғаймын.
Жер - Ана, неткен көркем ыстық едің,
Есіме Ұлы Отаным түсті менің.
**21-білім алушы:**
Жасампаз жұртым жебеп тұрған кезде
Қашанда батыл да - мен, күшті де - мен.
Есіме түстің, елім
Көңілі бар халықтың көкте бүгін,
Алыстан айбынды үні жетті елімнің,
Жар салар «тату бол» деп бар әлемге
Отанның бейбітшілік кептерімін.

# БІЗ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ!

**Джамбулов Ерсұлтан,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МҚҚК директорының**
**тәрбие жөніндегі орынбасары**

| | | |
|---|---|---|
| Тақырыбы | Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз! | |
| Мақсаты | Өскелең ұрпақтың білімге құштарлығын қалыптастыру және жаңа оқу жылының алдында мереке атмосферасын құру, жаңа оқу жылында жақсы оқуға мотивация беру | |
| Күтілетін нәтижелер | • білім алушылар еліміздің ертеңі – білімді,<br>• білім алушылар топта бірлесіп жұмыс жасауға үйренеді, идеяларымен жұмыс жасауға дағдыланады<br>• барлық білім алушылардың пікірін тыңдау, бір-біріне қолдау көрсетуді үйренеді<br>• білім алушыларға еліміздің даму бағытын ұқтыру, болашақ білімде екенін түсінеді | |
| Қолданылатын ресурстар | Интернет ресурстары, бейнежазбалар, топ ережесі | |
| Көрнекі құрал-жабдықтар | Филипчарт қағаздары, стикерлер, түрлі-түсті маркерлер, қаламдар, суреттер, желім, қайшы, интербелсенді тақта | |
| Сабақтың өту барысы | мұғалімнің іс-әрекеті | Білім алушының іс-әрекеті |
| Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру (5мин) | - «Көршіге – комплимент» сергіту сәті<br>- Әрбір қатысушы өз есімін атап, жылы лебіз білдіреді<br>- Келесі ойыншы ол лебізді қайталамауы тиіс | Жағымды психологиялық ахуал қалыптасады |

| | | |
|---|---|---|
| Топқа бөлу (5 мин) | Әрбір топқа қима қағаздар тарату арқылы 5-6 топқа санау арқылы бөлу | |
| Сабақ барысында | «Сыбайлас-жемқорлық» деген «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.<br><br>Ол: «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу».<br><br>ТМД елдері арасында бірінші Қазақстанды әзірледі және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңын қабылдады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, оның мақсаты сыбайлас жемқорлыққа байланысты туындайтын қатерлерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, лауазымды және басқа да адамдардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету . | |

| | | |
|---|---|---|
| Миға шабуыл<br>(10 мин)<br><br>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл (20 мин) | Конверт сұрақ<br>Ітоп. Сыбайлас дегенді қалай түсінесіңдер?<br>«Комплаенс» дегеніміз не?<br>ІІ топ. Жемқорлық деген сөз не мағына береді?<br>«Комплаенске» қажеттілік қандай?<br>Білім алушылар сұрақтарға жауап береді.<br>Қолдану<br>Постер жасау<br>Викториналық сұрақтар<br>1. «Қарсы күрес туралы» заң қашан қабылданды? 2.07.1998 жыл<br>2 «Сыбайлас-жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді)<br>3. ҚҰҚЫҚ деген не ? (мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы)<br>4. Заң деген не? (мемлекеттің ең жоғарғы басқарушы органының шығарған, қабылдаған ең жоғары күші бар нормативтік есім. Барлық заңдар және заңға тәуелді нормативтік кесімдердің Конституцияға сәйкес болуын Заңның үстемдігі дейді.)<br>5. Пара беру дегеніміз не? (қандай да бір коммерциялық келісімге келу)<br>6. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін қандай жауапкершілік көзделген? (Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі)<br>7. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн қашан жарияланды? (2003 ж., 9 желтоқсан)<br>8. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» заң қашан қабылданды? (18 .11. 2015 жыл)<br>9. БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Конвенциясы қашан қабылданды? (31.10. 2003 ж.) | |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлекция (5мин) Кері байланыс.<br><br>Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?<br><br>Сабақ сен үшін қызық өтті ме?<br><br>Тақырып бойынша өзіңе керекті мәліметті таптың ба? | Қорытындылау<br><br>- Балалар біз сіздермен ойлана отырып ойлауды және топ бойынша бірлескен түрде ынтымақтастықта жұмыс жасадық. Топта бір-бірімізге сенім білдіріп бір кемедегі теңізшілер тәрізді жұмыс жасасақ, биік жетістікке жетеміз деп ойлаймын. | |

# ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘН АЙТУ ӨНЕРІ

**Сағымбаев Жанат Осанович,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**ән-терме сыныбының қосымша білім беру педагогі, «Білім беру ісінің үздігі», «ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері»**



Қазақ халқының сан-салалы өнерінің ішінде Арқа терме-жыршылық дәстүрі ерекше орын алады. Еліміздің Жетісу өңірі осы арқылы өнердің кең қанат жайып дамыған өлкелерінің бірі болып табылады. Соның ішінде Қабан жырау, Сүйінбай, Жамбыл жыр-термелерінің алар орны бөлек. Мектепте музыка сабағында шешендік айтыс, суырып салма ақындық өнері, ән айту, жыр-терме, өз бейнесін тапты. Сонымен қатар, ұлттық өнерге осылай білім алушыларды жастайынан баулу олардың адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дұрыс қалыптастыруына, мәдени дәстүріне деген сыйластық сезімін дамытуға әсерін тигізеді, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттырады. Білім алушылардың әсемдікті түсіне білу қабілетін дамытады. Ұлттық өнер мен дәстүрді дәріптеуге өлшеусіз үлес қосып, жас ұрпақты өнер жолына, оның ішінде ән-терме үйрету, жыр-дастанын дәріптеп, шәкірттерінің бойына сіңіріп, жастарды өнерге баулу – педагогтің міндеті. Өнер адамы үшін өткенді тану – парыз, кейінгіге жол салу – міндет.



Қосымша білім беру мекемелері – өнер салалары арқылы баланың жан-жақты дамуына, оның шығармашылық мүмкіндіктерін, қабілеттерін, дүниетанымын кеңейтіп, оларды шынайылық пен әсемдікті сезіне білуге, ұлттық музыка өнерін жаңғыртуға, шығармашылық ізденістерді ынталандыруға баулиды. Ән – поэзиялық шығарма мен музыкалық әуеннен туған вокалды музыкалық шығарманың сазы. Ерте заманнан бері халық арасына

кең таралып, халықтың өмірін, қуанышын, мұңын, табиғат құбылысы мен махаббатты жырлайтын ерекше жанр. Қазіргі таңда жас ұрпаққа халқымыздың рухани мұралары арқылы әлемнің тынысын байқау, баланың сана-сезіміне әсер етіп, оларды білгірлікке, тапқырлыққа, өнерге деген сүйіспеншілігін одан ары тереңдетіп, адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеп, өмір шындығын сезінуге, елін, жерін, Отанды сүю сезіміне баулу мәселесі бүкілхалықтық іс болып отырғаны баршамызға мәлім. Сондықтан, болашақ ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруды іс жүзінде асыруда домбырамен дәстүрлі ән айтудың үлкен маңызы бар. Ән айтудың ерекшелігі – балалардың санасына ғана емес, сезіміне де, ой-өрісіне де әсерін тигізетіні анық. Қазақ халқының ән айту мектебі бүгінгі күні «Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебінде» де өзжалғасын тауып келеді. Домбырамен ән айту мамандығын өнер мектебіне келіп таңдаған білім алушылар қазіргі кезде білімдерін жоғары оқу орындарында жалғастыруда. 2012-2015 жылдар аралығында мектеп қабырғасында оқып жүрген кездерінде тәлім-тәрбие алған ән-терме, домбыра сыныбының түлектері Рақымбай Данияр, Джамбулов Ерсұлтан, Қабыл Арнат Өнер мектебінде сабақ береді. Жас мамандарға тәлімгерлік көмек беріп, әнді үйрету, өлеңнің мазмұнын түсіну, тәрбиелік мәнін саналы түрде меңгертуде сабақ беру әдістерін үйретуді жалғастырып келемін.




Халқымыздың дәстүрі бойынша әнді домбыраның сүйемелімен және сүйемелсіз жеке де немесе бірнеше кісі қосылып та орындаған. Әсіресе домбырамен жеке ән салу дәстүрі мол тарап, ғасырдан-ғасырға, атадан-балаға жалғасын тауып, дамып келеді. Ән-терме пәнінің бағдарламасы білім алушылардың ой-өрісін, орындаушылық өнерге деген көзқарасын өзгертіп, әннің эмоциялық мазмұнын ажырата білу дағдысын жетілдіруге көмектеседі. Білім алушылардың жалпы музыканы қабылдау ерекшелігі, қабілеті, өмірге деген көзқарасы, мінезі, білімі, ой-өрісі бірдей болып келе бермейді.

Сондықтан да, сабақ барысында білім алушының дұрыс отыруын және оң қол, сол қол саусақтарының қойылуын, алғаш домбыра ұстаған сәттен бастап үнемі ескертіп, қадағалап отырамын. Домбырамен ән айтудың ең тиімді жолдары білім алушының аспапта оңай орындай алатын жаттығулар, әндер тізбегін пайдалану, әр білім алушының қабылдау мүмкіншілігіне қарай жеке репертуар таңдау және саусақтардың қойылымын, дұрыс, түзу, жарасымды отырысын, қадағалап, айнаға қарап орындау арқылы байқалған кемшіліктерін жойып отыру қажет. Өз іс-тәжірибемде ән-терме мамандығын таңдаған білім алушылардың репертуарына халық әндері, жыр-термелер, халық композиторларының шығармаларын енгізіп, білім алушының қабілетіне, табиғи дауысына қарай ән таңдаймын.

Ән таңдау кезінде білім алушының дайындығына, дауысына, музыканы есту қабілетіне және жас ерекшелігіне аса көңіл бөлу қажет. Білім алушылардың ән айту дағдыларын, дауысты дамыту және қалыптастыруда жаттығулардың алатын орны ерекше: дауысты, дауыссыз дыбыстарға жаттықтыру, «жабылған ауызбен» әндету, «ашық ауызбен» т.б. жаттығулардың қарапайым түрлерінен бастап, күнделікті сабақ барысында күрделендіріп отырамын. Жыл басында білім алушылармен репертуар таңдау кезінде орындалатын шығармалардың бір бөлігін күнделікті сынып жұмысы және емтиханда орындауға арналса, қабілеттеріне қарай шығармалардың бір бөлігін байқауларда, концерттерде орындауға дайындаймын. Ән-терме сынып білім алушыларының орындаушылық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруде аудандық іс-шараларға, Халықаралық және Республика көлемінде өткізіліп жүрген байқауларға жиі қатыстырып келемін. 2014 жылы Ресей Федерациясы Санкт-Петербург қаласында өткен Халықаралық «Вдохновение. Весна», 2018 жылы Сочи

қаласында өткен «На творческом Олимпе» шығармашылық фестиваль-байқауларында ән-терме сыныбының білім алушылары қазақтың «ән-жырын» әлемге паш етті.

**Ән-терме пәнінің мақсаты** – әннің орындалу әдіс-тәсілдеріне, ережелеріне тоқтала отырып, білім алушылардың білімін тереңдету. Әр білім алушының мүмкіндігін, музыка өнеріне деген қызығушылығы мен ынта-ықыласын, дәстүрлі ән айту дағдыларын, есте сақтау, есту, тыңдай білу, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.

**Міндеттері:**

- музыкаға деген ой-өрісін кеңейту;
- әннің эмоциялық мазмұнын ажырата білу дағдысын жетілдіру;
- білім алушының орындаушылық қабілетін дамыту,
- білім алушының дауысын қою немесе тұрақтандыру;
- әнді табиғи еркін дауыспен жеңіл айтуға, дикцияны ашық, дыбысты құбылтпай таза айтуға дағдыландыру;
- жас ерекшелігіне қарай диапазонын кеңейту;
- темпті жылдамдата және баяулата айтуға, дыбысты күшейте және әлсірете айтуға үйрету.



Болашақ жас ұрпаққа кең ауқымды жан-жақты тәрбие беру мәселесіне аса зор мән беруі – уақыт талабы. Мемлекетіміздің ертеңі мен болашағына ие болар жеткіншектерімізді білікті де, білімді, алғыр да арлы, ой санасы терең, қажырлы да қайратты азамат етіп тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз. Әр баланың бойындағы талам-талғамдарын арттырып, өмірге, жақсы қасиеттерге құштарлық сезімдерін байытып, әсіресе рухани қазынасын барынша молайтып, күш-қуатын, жігерін шыңдау абыройлы міндетіміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы» Т. Жұмағалиева, Д. Ахметбекова, Б. Ысқақов, Ә. Карамедина, З. Қоспақов.
2. «Қазақтың әншілік өнері» З. Қоспақов.
3. «Замана бұлбұлдары» А. Жұбанов.

# ЗНАЧЕНИЕ УЧЕБНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ Ы. АЛТЫНСАРИНА ДЛЯ СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

**Ермекбаева Жанна Омирбековна,**
**учитель русского языка и литературы КГУ «Средняя школа имени Жамбыла» Жамбылского района Алматинской области**

*«Надо давать хорошее образование,*
*учить, как попало, нельзя»*
*Ы. Алтынсарин*

Какие бы нововведения не вносили в систему образования, в конечном итоге они замыкаются на педагоге, который всегда нес ответственность в воспитании подрастающего поколения, способного жить в современном мире, творить и быть востребованным в обществе. Главной задачей педагога является всестороннее развитие и становление человеческой индивидуальности, и основным принципом становится внимание к внутреннему миру детей, их интересам и потребностям. И сейчас возрастает необходимость обращения к исторической основе воспитания, т.к. без осмысления исторического педагогического наследия невозможно приобщение подрастающего поколения к человеческим идеалам. Именно в последние десятилетия возникла потребность в учителях новой формации, обладающие такими чертами, которыми обладал педагог с большой буквы Ыбрай Алтынсарин. Жизненный путь этого педагога-просветителя, интересные страницы его биографии, его философские и педагогические взгляды вызывают особый интерес и способствуют духовно-нравственному развитию современной молодежи.
Народ Казахстана чтит память Ыбрая Алтынсарина, посвятившего свою, недолгую по современным меркам, жизнь ликвидации безграмотности, приобщения казахского народа к мировой культуре. Судьба его является эталоном нравственности, педагогические идеи актуальны и в современном мире.

Ыбрай Алтынсарин – педагог-просветитель, этнограф, историк, общественный деятель в области школьного образования, внесший огромнейший вклад в образовании своих соотечественников. Это не просто педагог, а человек, наделенный талантом, разносторонними интересами и познаниями в самых различных областях знаний, хорошо разбирался в истории своего края, этнографии, фольклоре, литературе, устном народном творчестве, владел четырьмя языками. [1, стр. 199-200]. Он был полноправным членом Русского географического общества в Оренбурге. Именно благодаря ему появились первые школы для простых казахских детей. Литературная же деятельность представлена различными этнографическими очерками, переводами русской и мировой литературы, стихотворениями и рассказами. Особенностями характера Ыбрая Алтынсарина были любовь к учебе, стремление к новым знаниям, любознательности, трудолюбии, а самое главное – видеть свой народ образованным, отвечающим всем требованиям своего времени.
Образование Ыбрай получил в Оренбургской школе, специально открытой царской Россией для детей степной аристократии. После завершения учебы работал сначала писарем при воинском старшине, а затем переводчиком в Оренбургском правлении. С этого времени начинается активная общественная, научная, учебно-педагогическая, политическая деятельность казахского просветителя.

В процессе открытия первой школы Ы. Алтынсарин стал самостоятельно готовить учебники, создает азбуку казахского языка на основе русскоязычного алфавита. Также он стал автором «Киргизской хрестоматии» и «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку». Просветитель, понимая необходимость этих книг, поставил цели:
сделать книгу пригодной как для детей школьного возраста, так и для взрослых читателей;
подобрать материалы, которые были бы понятны и доступны именно казахскому читателю.
Впервые в истории Великой Степи Ал¬тынсарин создал и внедрил в школьную про¬грамму авторские и инновационные для своего времени учебные издания, адаптированные к ментальности степняков, основанные на при¬мерах из их жизни и быта. [2, стр. 137].

В «Киргизской хрестоматии» включены стихотворения, рассказы автора, а также произведения русских писателей, переведенных им самим на казахский язык.

В программе развития школьного образования, изложенные Алтынсариным в различных документах (рапортах, циркулярах, докладах), формулируются следующие принципы, которые актуальны и в современном мире:

- вести обучение на достойном научном и самом передовом методическом уровне;
- учить киргизских (казахских) детей с русскими;
- должным образом финансировать народное образование дать возможность получившим образование достойно применить его в современной жизни. [3, стр. 150]

- Каковы же итоги деятельности И. Алтынсарина?

Открытие учебных заведений в разных областях:
четырех двуклассных центральных русско-казахских училищ, ремесленного училища, женского училища, пяти волостных школ, двух училищ для детей русских поселян, а также создание системы стипендий для обучающихся в гимназиях, университетах и др.
Создание учебных пособий:

«Киргизская хрестоматия» (составлена по образцу «Детского мира» К.Д. Ушинского) – опубликована в 1879 г. При составлении он отобрал все лучшее из учебных книг того времени на русском языке, стремился больше расширить кругозор детей и воздействовать на развитие нравственных качеств. «Хрестоматия» по своей идейной направленности служила принципу народности и воспитывала детей в духе любви к Родине.
«Начальное руководство обучению киргизов русскому языку» опубликовано в 1879 г и содержит около 500 слов и фраз, взятых из самых различных областей жизни. Такое количество слов и фраз было достаточно для первоначального употребления в устной речи.
«Мактубат» (Хрестоматия) – на казахском языке, написанная арабской графикой, опубликована после смерти Алтынсарина.
«Шариат-ул-ислам» («Основы исламского вероучения») - 1884 г.

Творческое наследие Ыбрая Алтынсарина для современной образовательной системы имеет огромное значение. Это связано со следующими факторами:

Философия образования Ы. Алтынсарина содержала в себе национальную концепцию Просвещения, так как ставился вопрос о национальной идентичности, о равномерном балансировании национальных и всеобщих интересов, о практике образовательного курса. Алтынсарин стремился к тому, чтобы в процессе обучения национально-традиционное содержание придавало нравственное величие: человек сам понимает образование как становление и осуществление своей человеческой сущности.

Своевременность концепции Ы. Алтынсарина заключается в том, что образовательная парадигма должна включать в себя воспитательное содержание. Педагог-просветитель придавал огромное значение именно процессу воспитания, поскольку понимал институт Учителя как институт доверия к Ученику, где осуществляется глубоко личностная коммуникация. [4, стр. 237].

Основные принципы педагогики И. Алтынсарина кратко можно сформулировать следующим образом:

В образовательном процессе нет мелочей.

Важно не только получение знаний, но и воспитание.

Важнейшее место занимает личность учителя, его моральный облик.

Школа должна быть образцом нравственного влияния на общество, оплотом культуры в её подлинном смысле.

Ыбрай Алтынсарин создает уникальную модель просветительства как открытой образовательной концепции, интегрирующей в мировое образовательное пространство. То есть национальные концепции образования сегодня во многих странах являются действенным фактором. В «Концепции развития образования в республике Казахстан» обращено внимание на необходимость индивидуального подхода в образовании, поскольку он способствует раскрытию личностного фактора [5].

Ыбрай Алтынсарин, разработав систему школьного образования, особую роль уделял роли учителя. Сейчас учитель – самый необходимый человек для ребенка, ведь он не только учит и направляет, но и воспитывает. Предназначение учителя – проследить за становлением личности ребенка, подготовка его к самостоятельной взрослой жизни, воспитать человека, патриота своей страны.

По его мнению, учитель:

Обязан использовать методическую литературу. Самообразованию учителей всегда уделялось повышенное внимание, особенно в последние годы появились разнообразные виды в виде семинаров, тренингов, систем дистанционного обучения, проектов и творческих конкурсов.

Выбрать правильный педагогический такт – найти путь к сердцу каждого учащегося.

Правильно подобрать приемы обучения и правильное общение с детьми, т.е. одновременно повышать интерес к знаниям, приучать их к культуре, к труду.

Готовить ученика к жизни, к социальной мудрости, применение полученных знаний. Мне очень близка позиция Ыбрая Алтынсарина, который перевел на казахский язык произведения многих русских классиков, таких как Л. Толстой, И. Крылов, К. Ушинский, А. Пушкина, М. Салтыкова-Щедрина, М. Лермонтова, Н. Некрасова и многих других. Ведь эти переводы способствовали росту и подъему культуры и духовности казахского народа через знакомство с русскими классиками, при этом учитывая возрастные особенности, менталитет детей, т.е. культуру воспитания детей-казахов. В общей сложности Ы. Алтынсарин создал более 115 больших и маленьких произведений вместе с переводами. Среди его художественных произведений опубликовано лишь 21 стихотворение, 47 рассказов, 8 басен и 11 образцов казахского фольклора.

На уроках русского языка и литературы я обязательно использую различные методики, такие как развивающее обучение, информативные, коммуникативные, интерактивные педагогические технологии, провожу уроки с применением таксономии Блюма. Проводим в школах литературные встречи, творческие мероприятия, викторины и чтения, связанные с именем Алтынсарина и его произведениями. Мои учащиеся готовят на конкурсы научно-исследовательские работы на следующие темы:
Вклад Ыбрая Алтынсарина в образование казахского народа.
Великое наследие Ыбрая Алтынсарина для потомков.
Ы. Алтынсарин и его труды.

С целью углубления знаний и жизни и творчестве Ы. Алтынсарина мною был проведен открытый урок на тему: «Верный сын казахского народа». Учащиеся активно декларировали стихи педагога-просветителя, как на казахском, так и на русском языке, подготовили доклады и презентации.

Для меня Ыбрай Алтынсарин – это гордость Казахстана, талант, первый народный учитель, первый организатор казахских школ, педагог-теоретик, мастер своего дела, внесший большой вклад в развитие казахского народа. Также для меня огромным желанием является знакомство молодого поколения с его трудами и произведениями. Значение Алтынсарина в истории народного образования в Казахстане огромно и бесценно, благодаря которому казахский народ приобщен к миру высоких культурных ценностей. Деятельность Алтынсарина представляет для нас огромный интерес с точки зрения развития общественной мысли и его места в истории народного образования. Наряду с Абаем Кунанбаевым занял в истории казахской литературы надлежащее место, создав на родном языке рассказы и стихотворения для детей-казахов.

Педагогическое наследие казахского просветителя и его педагогические идеи и в настоящее время являются актуальными и современными. Они играют огромную роль в области нравственного, патриотического, трудового воспитания.

Сейчас, в современной системе образования происходят кардинальные изменения и преобразования, но не менее актуальным остается воспитание и образование подрастающего поколения. И педагоги должны продолжить дело нашего соотечественника по просвещению и воспитанию молодежи. Продолжая его просветительскую работу, мы отдаем дань уважения Ыбраю Алтынсарину за его выдающуюся деятельность в качестве первого народного учителя, первого организатора школ в Казахстане и первого педагога-новатора, вышедшего из среды казахского народа. Его призыв к национальному един¬ству, уроки мира и согласия, религиозная терпимость и толерантность, определившие судьбу нашего народа в современных услови¬ях, поднявшие культуру и просвещение, самобытность и независимость стали путевод¬ной звездой политики нашего государства, в своем выступлении на 21 сессии Ассамблеи народа Казахстана наш президент Н. А. На¬зарбаев, отметил: «В этом зале – много мо¬лодежи, в том числе ровесников нашей Неза¬висимости. Я вижу в этом добрый знак того, что идеи толерантности, дружбы и

братства на века восприняты новым поколением ка¬захстанцев. Это означает, что мы работаем не зря!».

**Использованная литература:**

1. Казахстан. Национальная энциклопедия в 5 томах. Том 1. – Алматы, 2004 г.
2. Муканова Г. К. Архивные источники о неизвестном И. Алтынсарине. – Вестник. Серия историческая. №1 (92). 2019 г.
3. Алтынсарин И. Собрание сочинений в 3-х томах. Т. 2. Алма-Ата: «Наука», 1976 г.
4. Алтынсарин. И. Собрание сочинений в 3-х томах. Т. 2. Алма-Ата, 1978 г.
5. Какенов М. К. Мировоззренческие идеи казахского просветителя в конце 19-начале 20 века И. Алтынсарина.

# БІЛІМ ТАМШЫДАН БАСТАЛАДЫ...

**Тугелбаева Айгуль Алимсеитовна,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**хореография сыныбының қосымша білім беру педагогі**



**Мақсаты:**

1. Білім алушылардың жазғы уақытын лагерьде қызықты өткізу, қабілеттері мен қызығушылықтарын жан-жақты дамыту,ғылыми жұмыстармен жұмыс істеуді қалыптастыру.
2. Балаларға биылғы жылдың ерекшелігін айта кету. Ұлы ұстаз Әбу Насыр Әл Фарабиға 1150 жыл. Абай Құнанбаевқа 175 жыл, Шоқан Уалихановқа 185 жыл.

Көрнекілігі: Білім әлемі стенді.

Өтілетін жері: акт залы, видеоматериалдар.

**Сабақ барысы:**

Сахна ашылады, төрде Ғылым құдіреті оның жанында ғұлама ғалымдар тобы: Аль-Фараби, М.Ломоносов, Абай, Ш.Уалиханов, Ибн-Сина, Қ.Сәтбаев.

**Жүргізуші:**

Ғажайып бір ел бар
Ғылым елі деп ол аталады
Мұнда ұлы ғалымдар өмір сүріп,
Ізгілік пен сұлулық, билік құрады.

**2 жүргізуші:**

Есть такая страна- Наука
Удивительная страна
Здесь живут ученые великие
И царят в ней добро, красота.

**1 жүргізуші:**

Бұл елдегі ғажайыптарға қарасақ
Ертегіде жүргендей сіз боласыз.
Ақыл-ой, дана сөздер бар
Бәрін өздері істейтін,
Өнерлі де, шебер қолдар бар.

**2 жүргізуші:**

Не деген ғажап ел еді,
Ақыны да, ойшылы да, жазушысы, математигі, тарихшы, археолог пен астрономы бар. /осы кезде сахна ашылады, ортада тақта ғұламалар арасында ғылым құдіреті отырады/

**1 жүргізуші:**

Жас ғалымдар, қош келдіңдер. /осы кезде жас ғалымдар столға келіп жайғасады/

Сіздерді Ғылым атты ертегі елінде
Жаңа бастамалар мен жаңалықтар күтеді.
**2 жүргізуші:**
Өмір деген ізденуден тұрады.
Өнер білім әр адамның шырағы
Ғылым жолы мәңгілікке өлмейді,
Ал ғылым ақ қанаттай пырағың?
**1 жүргізуші:**
Аль-Фараби ғұламасы бәрінің
Зерттеген ол дүниенің жарығын.
Ибн-сина медицина ғылымы
Құдірет деп бәрін оны танығың.
/ғұламаның аты аталғанда олар орнынан тұрып халыққа бастарын иеді/
**2 жүргізуші:**
Қалмайды одан Қаныш пенен Абай да,
Ақыл берген тіршілікте талайға..
Ломоносов, Шоқандар
Отыр міне Ғылым әлемі төрінде.
/Осы кезде прожектор Ғылым құдіретіне түсіріледі/
Ғылым құдіреті:
Ғылым деген қауыздан гүл аршыған,
Оған керек таусылмайтын бар шыдам.
Бар білімнін, бар ілімнің атасы,
Басталады теңіз деген тамшыдан.
Жұлдыз, орман, теңіз бәрі жастардың қолында,
Тыңдап тұрсындар ма ғалымдар.

Біз екеуміз айтпаған әндер бар, салмаған құрылыстар мен жетпеген жеңістер бар, соны аяқтайтын осы жастар.

**Аль- Фараби:**
Ақыл- тон, аңдағанға тозбайтұғын,
Ғылым –кен, күнде өніп қоздайтұғын
Иелік екеуіне еткендердің
Жаны жоқ жер жүзінде озбайтұғын
Адамды әрлі-берлі үйірілдіріп
Сияқты тұрмыс-толқын, қоздайтұғын
Өнер мен кен ғылымға, уақытың барда
Себеп не, қол сыбанып созбайтұғын
Бақ қонып бастарына, орнар ықпал,
Ілімнін, бола қойса кені ыдыста.
Қай жерде қазынасы болса ықпал,
Қабынды қолына ал да қыдырыста.
Көнертіп алып жүрме зейініңді,
Қор қылып қара түтін қойып ысқа,
Бұл күнде бүркітсіндер жаңа түлек.
Алыңдар алтайыны, парлап ұшта.
Ғылымды осы кезде үйреніңдер,
Көңілді жарыстырмай ұшқан құсқа.
**Ломоносов:**
У ученого соперников нету
Ни в науке и ни в судьбе
И когда он кричит всему свету
Это он не о вас, о себе
Руки тонкие к небу возносит
Жизнь и силы по капле губя
Догорает, прощения просит

Это он не за вас,за себя
Но когда достигает предела
И душа отлетает во тьму
Поле пройдено, сделано дело
Вам решать для кого и кому
То ли мед, то ли горькая чаша
То ли адский огон, то ли храм
Все, что было его- нынче ваше
Все для вас, посвящается вам /екеуі орнына қайтады/
Свет өшіріледі де, енді прожектор Ибн-Синага түсіріледі
**Ибин-Сина:**
Дүние– теңіз ,ғылым кеме,
Кемесіз терең суға түсем деме.
Ғылым –кеме, көңілдің тиянағы,
Әне, балам, сөйткенде табасың жол.
Кәсіп қыл, білім берер,іздесең жем,
Болмайсың таза жүрек ешкімнен кем,
...Күннен де білім жарық...деген мақал,
Соқыр кісі болмайды көздімен тең.
**Жүргізуші:**
Ал енді жас ғалымдарға сөз берейік
1. «Ұлы даланың жеті қыры»
2. «Цифрлы Қазақстан»
2. /білім алушылар шетінен шығып жобаларын қорғайды/
/прожектор Абай мен балаға түсіріледі/
Бала: Абай аға, бүгін мына Сарайға Сіз арман еткен жас ғалымдар жиналып отыр, жас ұрпаққа не тілек айтар едіңіз.
Абай:
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз
Болмасаңда ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Мен боламын demeңдер,
Аяқты алшаң басқанға
Екі көзің аларып,
Құр қарайсың аспанға
Бір ғылымнан басқаның
Бәрі де кесел асқанға
Өйткен адам жолығар
Кешікпей ақ тосқанға
**Жүргізуші:** Жас ғалымдардың жұмыстарын тыңдауда ары қарай жалғастырайық.
1. «Рухани жаңғыру»;
2. «Бабалар рухы- ұландар ұраны»;
3. «Спорт- бейбітшілік елшісі»;
4 «Жергілікті жердің экологиясы».
/Прожектор Шоқан мен білім алушыға түсіріледі/
**Бала:**
- Шоқан аға менің сізге қояр сауалым бар.
Жерде ауыр не
Судан терең не
Оттан ыстық, не
Көктен биік не?
Шоқан:

Тырысалық, ғазиз жас,
Балалыққа болмай мас,
Оқып, ғылым білсеңіз,
Есімің болар елге паш.
Ғылым білсең жасыңда,
Құстар сайрар басында.
Отырарсың сен дағы
Жақсылардың қасында.
/прожектор Сатпаевқа түсіріледі/
**Сатпаев:**
Азамат емессің болашақ күннен түңілсең
Төменді сүйме,
Биіктен бүгіл, бүгілсең
Арманың қайда
Жолынан оның жаңылма.
Көрсең де достым,өмірдің талай тепкісін.
Оқу, Еңбек, Адамдық
Өмірден алар үш бесің.
Сколько мыслей и раздумий,
Если годы в переди.
Ведь дорог на свете много,
Ты себе свою дорогу
По душе и сердцу найди.
/прожектор ғылым құдіретіне түсіріледі/

Ғылым Құдіреті: Достарым менің. Сендердің әрбір еңбектерің құнарлы жерге себілген дән сияқты. Жоғарғы баға аласың ба, алмайсын ба, ол мақсат емес. Ең бастысы кез-келген дән өсіп, өз жемісін беруінде. Ғылым үшін еңбек етіп, өмір сүріңдер. Ұшқыр ойлы, дарынды, білімді ұл мен қыз болыңдар.

**2 бөлім**

Ғалымның бәрі сахнада түрегеп тұрады.
Аль-Фараби:
- Шоқан, мен саған бір жұмбақ айтайын сен шешуін айт.
Сен жоғалтсаң, мен іздеп таба алмайтын,
Мен жоғалтсам, сен іздеп таба алмайтын
Ол не
Шоқан: Ол-уақыт.
Аль-Фараби: Дұрыс. Келесі жұмбағым.
Көппен бөліскен сайын көбейер. Ол не.
Шоқан: Ол – ой

Шоқан: О Ақыл кені мол ағалар. Осы 2-3 сағатта жас ғалымдардың ортасында болып қандай ой түйдіңіз.

**Аль-Фараби:**
Шоқан балам.
Ғалымның келбеті еңбегінде
Танисың күйкісінде, кемелін де,
Танисың тайызын да, тереңін де,
Білерсің құнсызын да, керегін де.
Абай:
Шоқан бауырым,
Ер қадірін біледі
Артық туған асыл жан
Басың аман тұрғанда
Толқыны мен заманның
Ағын судай аралас
Бұл құбылған дүниенің
Қырлы-қырлы сырын аш

Ақылы бар жігіттер
Өнегелі сөз сөйлеп
Ғылымның толғау нұрын шаш
Көңілі қайғы басқанның
Жарқыратып кірін аш- демекпін  жас дарындарға.
**Сатпаев:**
Через века пришли вы к нам
И путь ваш был долог и свободен
О вы, мудрейшие,
Скажите свои мнения,
Разрешите наши сомнения.
**Ибн-Сина:**
Мы – Ученые
Благая мысль
И из тумана –
В одно сплелись.
Размер и раздумья
Земных наук
Мы – Путь Вселенной
В страну - Наук.
Промчимся по жизни
Скакать не страшно
Мы верим в чудо
А чудо верит в нас.
**Ломоносов:**
Между темным и просветлым,
Между низким и высоким,
Между небом и землею
Только наука и мы.
**Білім алушы:**
Шығармын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл жаһанда жаман болып.
Үмітпенен ғылым қуған,
Талабы алда – баламын.
Басқалар жоғын тапқанда,
Мен  қайтіп қаламын.
Тәуекелге бел бусам
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусам бәрін аламын
Бұл сөзім асып айтқан асылық емес
Ойында оты барлар асылық демес.
/Ғалымдар Ғылым Құдіретін таққа шығарып салады/
Ғылым Құдіреті:
Я – величавая Наука
Подруга знаний и мечты
Я зная истины дорогу
Осилят лишь идущие.
Вы шли единою дорогой
Кто спотыкался, кто бежал
Но  все вперед прошли
И даже Те, кто немного отставал.
Те, кто отстал, не огорчайтесь,
Вам предстоит еще идти
И каждый, верю я, достигнет
Вершины на своем пути.
А тех, кто был чуть-чуть удачлив

Прошу к подмосту подойти
**1 жүргізуші:**
Ғылымдардың аты өшпейді мәңгілік
Информатика, математика сән құрып
Астрономия әлемінде жаңа өмір
Аспан жақта Марс жатыр жаңғырып.
**2 жүргізуші:**
Ғылымдардың қия жолын ескергің
Ұлылардың ұлы жолын кешкен кім
Жарық күнде жарқыраған жұлдыздай
Ғылым Құдіреті, Ғұлама ғалымдар
Қош – сау болыңыздар!
Әділ-қазылар алқасына сөз беріліп орындар беріліп грамоталар тапсырылады.

**Қолданылған әдебиеттер:**

«Балауса» білім алушылар сарайының әдістемесі, ақын Гүлнар Өмірзақованың шығармалары.

## ЕҢБЕК ТҮБІ – БЕРЕКЕ

**Уркинбаева Зауре Байғожаевна,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**киімді үлгілеу сыныбының қосымша білім беру педагогі**



Қай халықтың болмасын ұлттық мұрасы, халықтың қазынасы – қолөнері болып табылған. Халық шеберлері ұлттық қолөнер бұйымдарын жасау арқылы сол халықтың этикалық және мәдени ұлттық дәстүрін көрсете білген. Егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, ырым-наным, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жандандырып келеміз. Қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте-бірте тамаша үлгілерімен еніп, білім алушыларға жан-жақты білім мен тәрбие беруге, жаңаша еңбек етуге талпындырып отыр. Әр ұлттың өзіне тән ерекшеліктері бар. Ұлттық ерекшеліктерді білім алушыларымыздың санасына сіңіруде қазіргі жан-жақты ақпараттық технологияны толық пайдалана отырып, білім берсек, осы заман талабына сай тұлға тәрбиелей алатынымыз айқын.

Ертеде қазақ балалары мектепке бармаса да, ата-аналары тіршілігіне қажетті заттарды жасауды үйреткен. Қыздар он саусағынан өнері тамған кілемші, кестеші, тігінші болған. Ою-өрнекті түрлендіре отырып, біздің ұлттық мәдениетімізді айқындайтын әртүрлі оюларды көрпелерге, киізге т.б басқан. Табиғи материалдардың бірі – жүн. Жүнді пайдалану арқылы қолөнер бұйымдары: киіз басу, сырмақ сыру, текемет, алаша және ұлттық киімдер мен кілем тоқу сияқты күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан жайы бар. Сондай дәстүрлі қолөнер үлгілерінің жаңаша әдістәсілдерін үйрету білім алушыны еңбексүйгіштікке, әсемдікке талпындырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулиды.



Оның үстіне ұлттық колөнер өзінің тарихы терең, мазмұны сан қилы ерекшеліктерімен болашақ жастарға рухани, эстетикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түсері сөзсіз. Білім алушыларға тәрбиелік мәні бар халықтың мұраларды, қазақ халқының өнерін, іскерлігін, өнер шеберлерінің қолынан шыққан алуан түрлі заттар мен бұйымдарды айтып, бұрынғысымен бүгінгісін салыстыра отырып, ұлттық енерді сүюге, құрметтеуге баулу, бүгінгі шәкірттерді ертеңгі еңбекқор, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелейді. Білім алушылардың жүрегіне жол тауып, олардың бойында еліне, жеріне, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, пәнді оқып үйренуге деген ынтасын, құштарлығын арттыру – қазақ қолөнерін жас жеткіншектердің санасына жеткізудің құралы. Ою-өрнекке мән беруге үйрену арқылы астарлы ойлау қабілеті қалыптасады. Қолөнерді игеру арқылы кез келген істі төзіммен аяқтауға жаттығамыз және еңбек етуге үйренеміз. Қолөнер сабағы білім алушылардың білім мен іскерлік қабілетін арттырып қана қоймай олардың бойындағы шығармашылық ойлау қабілетін бала кезінен бастап қалыптастырады.



Өнер мектебінде қолөнер сабағы білім алушыларды еңбекке баулу, олардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі. Үйірме сабақтарында білім алушының білімін және шеберлігін, жетістіктерін бағалап көрсету өте маңызды. Білім алушыны шығармашылық жұмысқа тарту, қызығушылығын арттыруда 2017 жылы қолөнер үйірмесіне арналған 4 жылдық оқу мерзіміне арналған авторлық бағдарламам жарық көрді. Бұл бағдарлама білім алушылардың шеберлік дағдыларын арттыруға, түрлі өнер бұйымдарын жасауға көмектеседі. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сабақ түрлері топтық, әңгімелеу, талдау, теориялық білім беру арқылы жүзеге асырылады. Сабақ барысында білім алушылар үлгі суреттер арқылы ою-өрнек жасауды, жұмсақ ойыншықтар жасау технологиясын, мата қиындыларынан құрақ құрау, тұрмыстық бұйымдар, тұмарша, шағын киім үлгілерін және моншақпен кестелеу әдістерін үйренеді. Бағдарлама өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес 1-ші оқу жылында аптасына 4 сағат, жылдық 144 сағатқа жазылған. Әр сабақ тақырыптық жоспар бойынша жүргізіледі. Сабақ барысында білім алушының қабілетіне, жас ерекшелігіне қарай шығармашылық жұмыстармен айналысу, бейне материалдарды қарау, білім алушылардың жалпы даму деңгейін аттыру үшін көрмелерге, мұражайларға бару білім алушыларды жұмыс істеуге дағдыландырады, өнерге деген қызығушылықтары артып, көптеген мәліметтер жинайды. Үйірме жұмысының нәтижесінде білім алушылардың шеберлігі шыңдалып, ой-өрістері кеңейе түседі. Білім алушы кез-келген бұйым түрлерін жасауда оған талдау жасап, қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, жасалу, өңделу технологиясын меңгереді, өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Мата қиындыларымен және құралдармен жұмыс істеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай тапсырмаларды біртіндеп жеңіл түрінен бастап күрделендіреміз.



Білім алушылардың шығармашылық жұмыстармен айналасуында үйірме жұмыстарының маңызы зор, әр білім алушының өз қолдарымен жасаған бұйымдарын бағалап қана қоймай, мектепішілік, аудандық көрмелерге шығару, өз жұмысының нәтижесін көру балалардың өнерге деген қызығушылықтарын арттыра түседі. Сондай-ақ, ай

сайын өтетін байқауларға, қашықтан өткізілетін сайыс сабақтарға, интернет-байқауларына білім алушылардың жұмыстарын қатыстырып, еңбектерін бағалап отырамыз. Қашықтан өткізілген Республикалық «Ұлттық қолөнер – бабалар мұрасы» және Халықаралық «Победита», «ВТаланте», «Дипломофф», «Надежды России» интернет-байқауларында қолөнер үйірмесінен 1 білім алушы Гран При, 16 білім алушы жүлделі I, II, III орындарға ие болды. 2019 жылы Республикалық «Ұлы дала ұрпағы» балалар шығармашылық байқауында «ҚОЛ ӨНЕРІ» жанры бойынша жұмыс ұсынып, шығармашылық қабілетімен ерекше көзге түскен 6 білім алушы I дәрежелі Лауреат, 7 білім алушы II, III дәрежелі Лауреат атанды. «Атадан-мұра» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен бұл іс-шара барлық педагогтердің де еңбектерін бағалап, нәтижесінде ҚР білім беру саласында ерекше еңбегі мен шығармашылығы үшін «Үздік Ұстаз» төсбелгісімен және «Ұлы дала ұрпақтары» байқауының «Құрмет грамотасы» марапатына ие болдым.

## ҚАЗАҚ-САХНАЛЫҚ БИ ПӘНІНДЕГІ „ҰҚСАС ҚИМЫЛДАР"

**Касенова Акнур Жумагалиевна,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**хореография сыныбының қосымша білім беру педагогі**



**Мақсаты:**

Ұлттық бидің колоритін ашу, қазақ биіне тән ұқсас қимылдардың айырмашылығын үйрету. Қазақ би техникасын, орындаушылық шеберлігін, қазақ би стиліне лайық мінез-құлықты көрсету мәнерін дамыту, білім алушыларды еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке, эстетикалық талғамға тәрбиелеу.

**Міндеті:**

Жүріс түрлерімен араластырып, білім алушының координациясымен жұмыс жасау. Білім алушыларды рухани байыту, музыкалық талғамы мен музыкаға қосылып билеу шеберлігін жақсарту, координациясын, логикалық есте сақтау қабілетін жақсарту, жүйке жүйесін қатайту, шыдамдылыққа, күш жігерге тәрбиелеу, ұлттық стиль ерекшеліктерін нақты көрсетуге, құрметтеуге тәрбиелеу, топтық қарым-қатынасты дамыту, тұлғаны ашу.

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Т.Ш. Бақтыбаев «Қазақ биі – ұлт болашағы» атты еңбегінде былай дейді: …«Би – эстетикалық құрал, ол сөзсіз дене сұлулығына тәрбиелейді. Әрі халық билерінің өздеріне тән ерекшеліктері би қойылымдарында, іс-қимылдарында көрініп тұруы керек. Би өнері қазақ халқы үшін тәрбие құралы, мәдениет жаршысы, тіптен қазақ тарихы десек те болады». Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады.

Қазақ халқы ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып, ғасырлар бойы дамытқан. Қазақ биінің кейбір қимыл қозғалыстары, бақсы-балгерлердің ойындары арқылы, мал, жан-жануарлардың іс-әрекеттеріне қарай қалыптасқан. Мысалы: «Ор-теке», «Келіншек», «Қаражорға», «Дауылпаз» билері. Сонымен қатар, қазақ биінде ою-өрнектерге қарап қимылдар қойылған. Мысалы: «Қошқар мүйіз», «Тұмарша», «Қос алқа», «Ұршық иіру», «Қоштасу» т.б.

Билер мен қимылдары.

Қазақ-сахналық би пәні сабағының құрылымы халық-сахналық би пәнінің құрылымына негізделіп жасалған. Тек қазақ биінің мәнерімен, калоритімен құрылады.

Қазақ биі әйелдер мен ерлер биіне бөлінеді. Олардың айырмашылықтары орындау мәнерінде. Қазақ биінде орындалуы ұқсас үш жұп бар. Осы жұптарды балалардың есінде

жақсы сақталуы үшін бөлек үйрету керек. Бірінші кезеңде, тек қол қимылдарды үйретсек, екінші кезеңде, қол қимылдарына жүріс түрлерін қосып түрлендіру керек. Бұл әдіс тек қимылды жаттауға ғана емес, балалардың координациясын дамытуға да әсер ететінін ұмытпауымыз керек.

**Ұқсас қимылдар жұптары:**

1. Қызғалдақ-Білек сыбану;
2. Ұялу (Айна) – Бет ашар;
3. Кереге көз, Шаңырақ – Үкі.

**Қызғалдақ – білек сыбану:**

«Қызғалдақ» – бір қол алғашқы ұсталу қалпының V – түрінде болады, білезік төмен қайырылған, ал екінші қол алақаны бір бүйірден алыстата жоғары көтеріледі, бірақ шынтақтығымен төменгі қолға тиіп тұрады.

«Білек сыбану» – бір қол алғашқы ұсталу қалпының V – түрінде болады, білезік буынның оң қолды сол қол төмен қарай алақанмен сызып шығуы, екі қол кезек-кезек ауысып жасалынады.

Ұялу (Айна) – Бет ашар:

«Ұялу» (Айна) – екі қолдың бір-біріне тақалған екі басы екі алақанды алға қаратқан бойда саусақтарды жоғары көтере беттің алдында ұсталады, екі шынтақ екі жаққа қаратылған, екі алақанды беттің алдынан оңға, солға қозғау арқылы бетті ашып ұялу.

Осы кезде екі алақанның арғы жағынан наздана көз жүгіртеді.

«Бет ашар» – қолдың «ұялу» кезіндегі өзіндік қалпынан бастап екі алақанды беттің алдынан жоғарыға 3 қалыпқа көтеру арқылы орындалады.

Үкі – Кереге көз, шаңырақ:

«Үкі» қимылы – Жоғары көтерілген екі қолдың 2-қосымша қалпынан екі білекті ІІІ –қалыпта айқастырып кейін ашу арқылы жасалатын жұмсақ қимыл. Музыкалық өлшемі 2/4. Қимыл ½ тактіге орындалады.

«Кереге көз» қимылы – (киіз үйдің керегесін бейнелейді) – қос қол ІІІ-қалыпта екі қолдың басы білезік буыны тұсынан екі алақанды сыртқа қаратқан бойда айқасады. Саусақтар жинақы жоғарыға қарай бағытталған, бастары біріккен.

Жүріс түрлері:

Ауыспалы қадам – Бастапқы қалпы ІІІ еркін қалыпта, оң аяқ алдында, қос қол V қалыпта.

«Бір» – орындаушы оң аяқпен алға өкше арқылы толық табанға қадам жасайды.

«Кәне» – оң аяқтың жанына сол аяқпен жатық башпайға кішкене қадам жасайды.

«Екі» – оң аяқпен алға кішкене қадам жасайды.

«Кәне» – үзіліс.

Келесі кезекте жүріс сол аяқтан басталады. Бұл жүрісті жатық башпайда орындауға болады.

Жай қадам – аяқ ұшынан немесе өкше арқылы толық табанға барлық бағытта, қарапайым, күрделі қол қалыптарымен және қимылдармен орындалатын сахналық жүріс.

Жамбыстап жүріс – Аяқ орташа тізе бүгу арқылы жасалады және алдыңғы, жетекші аяқ өкшелеп басудан табанды толық басуға, ал оның жетегіндегі соңғы аяқ 3-ші жағдайдағы қалпынан табанды толық басуға ауысып отырады. Қимыл екі жақтан да орындалады. Бас қимыл орындалатын бағытқа қарайды.

Жалпы қазақ биінің «Өнер» мектептерінде идеялық, эстетикалық бағыт-бағдары, көркемдік келбеті уақыт талабына сай өрбиді. Қазақ биінің халықтық үлгіден алшақтамағаны дұрыс. Қазақ халық биінің бай тарихын, ерекшелігін, өзіне тән мінез-құлқын біліп түсінбей ұлттық өнер жасау мүмкін емес. Сондықтан да, би өнерін жалғастыруда талмай еңбек етіп келе жатқан хореографтардың ең басты міндеті заманауи би мен би мұрасының ортасындағы сабақтастықты жоғалтпау.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбіров Д.Т. История казахского танца Алматы, 2000.
2. Всеволодская-Голушкевич О.В. Бақсы ойыны. – 1996.
3. Всеволодская-Голушкевич О.В. Пять казахских танцев. – Алма-Ата, 1988.
4. Всеволодская-Голушкевич О.В. Школа казахского танца. Алматы,1994.
5. ДжанибековУ.Д. Культура казахского ремесла.-Алма-Ата, 1982.
6. Лихачев Б.Т. Педагогика:курс лекций. -М., Прометей, 1996.

# МУЗЫКА МҰРАСЫН ЖҮЙЕЛЕУ МАҢЫЗДЫ

**Рақымбай Данияр,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**дәстүрлі ән сыныбының қосымша білім беру педагогі**



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында ұлт мәдениетін жаңғырту бағытында көптеген тың идеялар ұсынды. Мақалада ұлттық музыкамызға жаңаша көзқарас пен тың серпіліс берер жобалар көп.

Осы мақаланың «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» деген тарауында Ұлт Көшбасшысы: «Бұл жоба аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады», – деп атап өтті. Аталған антологияның жасалуы халқымыздың бай мәдени мұраларын жүйелеу ісінде қарымды қадам болары сөзсіз. Бұл болашақ ұрпақтың санасын жаңғыртып, ұлттық болмысты тани түсуіне үлкен мүмкіндік туғызады.

«Сонымен қатар қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын – «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару қажет» – деген Елбасы ұлттық музыкалық мұрамызды жинап, жүйелеу ісін мемлекеттік деңгейде түбегейлі қолға алуды тапсырды.

Бұған дейін де Елбасы тапсырмасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ұлттық музыкалық мұраларымыз біршама жинақталған болатын. Жоғарыда аталған жинаққа архивтер мен халық арасында сақталған тың материалдар еніп, ел игілігіне айналарына сенімдіміз.

Қазақтың бай музыкасын насихаттаудың бір жолы таспалап, түрлі форматтарда тарату. Заманауи цифрлы форматқа енгізудің маңызы зор екенін баса айтқан Елбасы: «Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлы форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін көшпенділердің бай мұрасын жүйелеуге қабілетті ғана емес, сондай-ақ оның өзектілігін арттыра алатын отандық және шетелдік кәсіби мамандарды тарту маңызды. Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжетінде, кейіпкерлері мен сарындарында шекара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз», – деді.

Жаңа бағытта іске асырыла бастаған бұл құнды жоба бойынша ұлттық музыкалық мұраларымыздың толыққанды цифрландырылып, интернет желісінде қолжетімді болуы өзіміз үшін ғана емес, қазақ халқының мәдениетін танып-білуге ұмтылған әлем жұртшылығы үшін де аса тиімді болмақ.

Иә, жаңа бағытты іске асыру төл өнерімізге деген қамқорлықтан туған дүние. Кешегі Құрманғазы мен Қорқыттың, Нұрғиса мен Динаның күйлері, Әсет пен Шәмшінің әндерді дәріптеп, бүгінгі ұрпақтың санасына сіңдіре білсек төл өнеріміз ешуақытта кенжелемесі анық.

Заманауи ән-күй деп жүріп өткенді ұмытпайық, керісінше ұлықтайық. Соны ұлықтау арқылы құлақтан кіріп бойды алатын әсем ән мен тәтті күйлерді кейінгі ұрпаққа аманаттап кетейік. Олай етпеген жағдайда күпі киген қазақтың қара өлеңі мен әнін шекпен жауып өзіне қайтара алмайтын күй кешерміз.

Домбыраның күмбірлеген күйі, қобыздың мұңды үні, шаңқобыздың бойды елітер даусы мен жетігеннің жеті ішегінен шығатын қоңыр даусы біздің бойымызға сіңіп, қанымыздан өтіп сүйекке сіңуі тиіс. Сонда ғана келер ұрпақ дәстүрлі өнерді бойында сақтап қалар.

Біз осы дәстүрлі әнмен-ақ әлемді мойындатқан елміз. Кезінде Әміре Қашаубаев өзінің әсем әнімен Париж аспанын әуелетсе, қазіргі таңда Димаш Құдайберген дәстүрлі әнімен күллі әлемді өзінің аузына қаратып отыр. Бұнымен не айтпақпын, дәстүрлі әнді де дәріптей білсек біз өзімізді ғана емес өзгелерді де өзімізге қарата аламыз. Сол жолда аянбай етсек қана көздеген мақсатымызға жетіп, арманымыз орындалар.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы.
2. Музыкальное наследие казахского народа, А.-А., 1979; Кетегенова Н., Джуманова, Казахская музыкальная литература, А., 1995.

## КЕҢІСТІК ПЕРСПЕКТИВАЛЫ ПЕЙЗАЖ САЛАМЫЗ. КЕҢІСТІК ПЕРСПЕКТИВАСЫ

**Нуралиева Айнұр,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**қосымша білім беру педагогі**

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.1.3.1 әртүрлі орындау техникасын үйлестіре отырып, шығармашылық идеялары мен сезімдерін (көңіл-күйі, мінезі) көрсету |
| Сабақтың барысы | Кеңістік перспективалы пейзаж саламыз;<br>Кеңістік перспективасына сурет салу; |

| Сабақтың кезең уақыт | Педагогтің әрекеті | Білім алушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| Сабақтың кезең уақыт | Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Ғажайып жылулық шынжыры» жылулық шеңбері. Балалар бір-біріне жмиып күлу арқыл жылы күлкілерін сыйлайды. Педагог күлкінің маңызына тоқтайды.<br>Жұмыс ережесін келісу<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз!<br>Нақты,дәл жауап береміз! | Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.<br><br>Білім алушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды. | Психологиялық ахуал.<br><br>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағаламыз!<br>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)<br>«Жедел жауап» әдісі | | |
| Ортасы | Кеңістік перспективасын бейнелеу жарық пен түстік қатынастарға негізделген. Кеңістік перспективасын сурет салғанда адамға кеңейіп немесе қағаз бетіндегі жазықтықта алысқа сүңгіп, еніп бара жатқан көз жетпес қиырды,ауаға толы орасан зор кеңістікті беруге мүмкіндік жасайды.Кеңістікті беру арқылы табиғат көрінісін нақты да дәл беруге болады. Заттар қашықтаған сайын бояу түстері мен реңктерінің өзгеруінде кеңістік перспективасы үлкен рөл атқарады.<br>Ауа-райы, жыл мезгілдері, тәуліктік сағаттық уақыт, жарықтың түсуі, сонымен қатар ауадағы булану ,шаң және түтіннің болуы да заттардың әр түрлі көрінуіне әсер етеді. Бейнелеу өнерінде алдыңғы план, ортаңғы план және артқы план деп алынған ұғымдар пайдаланылады. | Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.<br><br>Белсенді оқу тапсырмалары (ұжымда)<br><br>Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау | Оқылым, жазылым тапсырмалары. |

| | | |
|---|---|---|
| Алдыңғы планда барлық заттар барынша көлемді, олардың жарық-көлеңкесімен болуы мейлінше бір-біріне қарама-қарсы болып қабылданады. Екінші планда мұның бәрі барынша жұмсарады, ал үшінші планда ауа мұнарына тұтаса жымдасып кетеді. Сурет салуды былай үш планға бөлу шартты түрде алынған. Ауа перспективасын бірінші болып байқап, өз шығармаларында бейнелеген. Қайта өрлеу дәуірінің атақты итальян суретшісі Леонардо да Винчи /15 ғ./ Ауа перспективасының өзіндік заңдылықтары бар, 1 заңдылық - жақын тұрған заттарды ақтылап,алыстағыны жалпылама бейнелейміз, 2 заңдылық - жақын тұрған заттардың контур сызығы қаттырақ басылады,алыстаған сайын айқындығын жойып, мұнарланады, 4 заңдылық – жақын тұрған заттар / контрастты/көлемдірек, алыс заттар жазық болып көрінеді, 5 заңдылық – алыстаған сайын заттар ауа түтінімен бүркемеленіп, сұрқай болып көрінеді.<br>4.Сынып жұмысы. Енді осы заңдылықтарды сақтай отырып табиғат көрінісін салып шығайық.<br>**Дескрипторы:**<br>Тапсырманы дұрыс ережеге сай орындайды. | | |
| **Жаңа білім мен тәжірибені қолдану.**<br>**Ой толғаныс кезеңі.**<br>Сызықтық перспективаның не екенін есіңе түсір.<br>Сызықтық перспективаның қандай негізгі ережелерін білесің? | Оқулықтағы қосымша тапсырмалар. | Топтық тапсырмалар. |
| «Рефлексия» кері байланыс. | Сабақтан алған әсерлерін кері байланыс арқылы білдіреді. | Кері байланыс тақтайшасы. |

# ФОРМИРОВАНИЕ ИГРОВЫХ НАВЫКОВ В КЛАССЕ ФОРТЕПИАНО

**Бабаканова Алия Сыдыковна,**
**преподаватель фортепиано ГККП «Школа искусств с.Узынагаш»**
**Алматинской области**

В процессе воспитания игровых навыков надо знать, что говорить, на что обращать внимание ученика. В единстве с художественным замыслом внутримышечные ощущения определяют пианистическое действие. Целесообразные игровые ощущения служат фундаментом для игровых движений.Совет педагога применить то или иное движение полезен,если в основе лежит стремление воспитать прочную и гибкую систему игровых ощущений, готовую в любую минуту мобилизоваться для достижения определенного звучания. При таком условии внимание не будет отвлекаться от художественной задачи. В противном случае мысль об отдельном движении мешает. Когда К. Игумнов утверждает, что все начинается с ослабления мышц, он говорит об ощущениях. Между движениями и их ощущениями происходит постоянный процесс взаимного обогащения. Важнейшее значение имеет для пианиста развитие тактильных ощущений – чуткость в подушечках пальцев. Такие ощущения помогают чрезвычайно обогатить тембровую палитру. Они особенно полезны в области тихих звучностей, вплоть до того pianissimo, которое по выражению Г.Нейгауза еще не звук, но в тоже время звучит в самых отдаленных уголках зале. Подушечки пальцев полно и мягко проникают с нажимом в глубь клавиши. Такая техника применяется при исполнении романтической музыки, но полное с нажимом, проникновение в глубь клавиши не всегда уместно. Часто бывает достаточно легчайшего осязания, как будто мы еле скользим подушечками пальцев по шершавой материи, или с минимальными усилиями катим маленький шарик, ягодку. Все зависит от той звучности, к которой мы стремимся.

Медленная и тихая игра при осязании клавиш подушечками пальцев – метов работы, рекомендуемый рядом крупнейших пианистов. При этом можно получить и певучесть звука, и богатую шкалу оттенков piano. Недаром Л. Оборин советовал заниматься настолько медленно, чтобы почувствовать, как каждый палец становится своей серединой на середину клавиши. Нейгауз противоставлял «пальцы – щупальца» – «пальцам – тыкалкам». Эпитеты и сравнения от учителя очень помогают для усвоения основ пианизма. Например, чтобы воспитать ощущение расслабленности руки, педагог говорит своему ученику, что рука  безвольна, и он не в состоянии сдвинуть ее с места, что она висит как плеть, что ученик чувствует себя «как в теплой ванне, после трудового дня». Можно дать руку, чтобы почувствовать различие ее «веса» в расслабленном и напряженном состоянии, полезны поочередные напряжения и расслабления мышц руки, а также, упражненеия на перенос в разные октавы. При этом достигается положительный эффект. Если учавствует не полная рука, то можно сказать ученику: «взмахни крыльями, как птица – ведь птица не машет половиной крыла. Так и вся рука должна учавствовать в игре».

Следующий недостаток – мелодия тонет в фактуре. Можно представить, что пальцы – это «кошачьи лапки», а вся рука – «кошка», при легких прыжках эластична и в то же время устойчиво на эти лапки опускающаяся. Мелодия пробьется сквозь звуки, тут же подчинив себе фактуру. Если у ученика узкие кисти и не особенно крепкие пальцы, то следует использовать весь игровой рычаг и не изолировать плечо. Если пальцы не собранные, то следует приблизить кисти к клавиатуре и перестать «болтать – раскачивать» ими. Если слышен звук «пустой», то представить, что рука очень длинная и почувствовать ее от плеча. При этом поиграть, откинувшись на спинку стула, или даже стоя. Пустота исчезнет. Если не хватает мягкости в legato, то убрать лишние движения, успокоить руки, слегка подтягиваться на пальцах к более круглому положению кисти. Важно найти точку в кончиках пальцев, представив, будто из них тянутся тоненькие проволочки. Если кончики пальцев пассивны, инерты, то представить, что на клавишах лежат небольшие круглые упругие предметы, например, вишенки, на которые надо наступить так, чтобы они не укатились, чтобы их не раздавить. «Щупальца» в пальцах оживут – «катящиеся шарики» в пальцах оживут, будут не только на клавишах, но и в кончиках пальцев. Пальцы пианиста могут не только переступать, но и шагать, ударять, прощупывать, скользить, катись

какой-либо предмет, даже ползать. Они бывают легкими, полетными, тяжелыми (как будто их кончики наливаются свинцом), чуткими, намагниченными (притягивающимися подушечками к клавиатуре), резиновыми, стальными. Не счесть аналогий в разных игровых ситуациях.

Зажатость чаще захватывает мышцы всей руки, однако бывает и частичной, например, зажатость пальцев. Проявляется в жестком, однообразном стучащем звуке, неумении играть legato. Внешние признаки – фиксация локтя, отсутствие гибкости в запястье, неизменная форма кисти, слепленность, либо, наоборот, чрезмерная активность пальцев. Иногда зажатая верхняя часть руки изолируется и фиксируется, ученик играет только «от локтя», будто закованное в панцирь предплечьем и кистью. Свободное плечо, ощущение предплечья и кисти, как монолита, дает положительный результат. Почувствовать мышечную расслабленность – это первое из ощущений, необходимых для построения пианистической базы.

Иногда ученик стремится во время игры к ощущению полной расслабленности вместо координационной свободы. Вялость может распространяться по всей руке, а может частично (вялые пальцы). Нередко вялые кисти и пальцы сочетаются с зажатостью плеча, так как оно все время придерживается, вследствие чего опора с клавиатуры снимается. Вялые кисти, чтобы получить возможность опускаться на клавиатуру, нецелесообразно высоко оттягиваются и безвольно падают. Такая игра приводит к «шлепанию», пустоте, обеззвучности, безтембровости, Нередко у учеников наблюдаются вертикальные движения, т.е. толчки на каждую длительность при исполнении непрерывной звуковой линии, как в одноголосии, так и в аккордовой, октавной фактуре. Эти «приседания» пагубно отражаются на цельности мысли. В быстром темпе при такой манере игры пассажей часто проявляется тряска. Это происходит из-за слабости пальцев и их неумении действовать самостоятельно. Хороший совет ученику – брать рукой «дыхание» перед началом музыкальной мысли, а также между фразами. Чем реже «вдох», тем выразительнее и естественнее пение и речь. По этой причине после импульса плечо лучше опустить, успокоить и играть, уже не делая «вдоха», как не может его делать певец во время извлечения звука. Ощущение импульса от плеча, помогающее снять толчки и тряску, играть выразительно на одном дыхании, можно иногда передать, если «поздороваться» с учеником за руку, при этом ее встряхнув. Обычно положительно действует предложение представить себя плавающим или играющим в мяч. Руки совершают при этом естественные движения целиком, от плечевого пояса. Импульс от плеча позволяет и в пассажах, и в кантилене пустить пальцы по инерции, что снимает вертикальные толчки. Здесь можно привести пример с мячом. Чтобы мяч покатился, незачем его подталкивать постоянно. Чтобы движение не прекратилось, лишь время от времени делать это, давая ему новый заряд энергии. В аккордовой и октавной технике ветикальные движения подчинены общей горизонтальной линии,как «камушки», которые, брошенные в воду, несколько раз от ее поверхности отскакивают, прежде чем погрузиться. Обеспечивается эта горизонтальная линия начальным двигательным импульсом, дающим дальнейшую инерцию.

Личный пианистический и педагогический опыт дает учителю возможность по внешним формам движения руки, по характеру звучания инструмента и по всему поведению ученика вчувствоваться в его игровые ощущения и направить их. Здесь действует принцип «обучая-учись». Буквально отождествить себя с учеником. Например, взять децимы, чтобы ощутить, как ученик будет брать октавы, или заменить октавы секстами. Чтобы понять, что испытывает за инструментом ученик с короткой плечевой частью руки – сядет выше, т.е. педагогу нужно постараться почувствовать трудности, которые тормозят ученика и найти пути их преодоления, поставив себя на место ученика. Цель педагога – помочь ученику в том, чтобы двигательные неполадки не мешали раскрыться в музыкальном плане.

**Использованная литература:**

1. Г.Г. Нейгауз «Искусство фортепианной игры», М., 1961.
2. Г.Г. Нейгауз «Об искусстве фортепианной игры», М., 1980.
3. В.В. Крюкова «Музыкальная педагогика» 2002.

# „АЛЬТИССИМО". АЛЬТ САКСОФОНДА ҮШІНШІ ОКТАВА

**Оразғұлов Еркебұлан Қаржаубаевич,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**саксофон, кларнет сыныбының қосымша білім беру педагогі**



**Білімділік:**
Тыңдаушыларға үрлемелі музыкалық аспаптармен оның ішінде саксофон аспабымен таныстыру, аспаптың үшінші октавадағы мүмкіншілігін көрсету;
Музыкалық аспаптармен таныстыра отырып, тыңдаушының ойлау, тыңдау қабілеттерін дамыту;
**Сабақтың әдісі:** Түсіндіру, тыңдау, аспапта ойнау.
**Сабақтың барысы:**
Ұйымдастыру бөлімі.
Ұстаздармен амандасу.
Үрлемелі және соқпалы музыкалық аспаптар тобы б.з.б. Ежелгі Египет, Иран, Грекия, Қытай, Үндістан елдерінде салтанатты діни жиындарда және әскери жорықтарда қолданылған. Еуропада XVII ғасырда пайда болды; ал Ресейдің әскери полктеріне тұңғыш рет XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында енгізілді. XIX ғасырда жетілдірілген үрлемелі музыкалық аспаптардың пайда болуы Үрлемелі музыкалық аспаптар оркестрінің орындаушылық қабілетін кеңейтті. Музыка әлемінде өзінің әдемі дыбысымен ерекшеленетін музыкалық аспаптардың саны көп. Солардың ішінде оқ бойы озық тұратыны да, беделдісі де – саксофон. Ендеше бұл аспап жайлы мағлұматпен танысып, оның түп-төркініне бойлап көрейік.

Саксофон (Sax – саксофон аспабынның авторының фамилиясы. Ал грек тілінен аударған «дыбыс» деген мағынаны білдіретін φωνή сөзі басқа да музыкалық аспаптарға телінгендей бұл сөзге де жалғанған) – ағаштан жасалған үрмелі музыкалық аспаптар тобына жататын аспап. Саксафон отбасының тұғыры 1842 жылдан бастап қаланған. Оны дәл осы жылы музыкалық аспаптардың шебері бельгиялық Адольф Сакс дүниеге әкелді. Сакс төрт жыл уақыт өткен соң өз авторлық аспабын патенттеп те алды. Он тоғызыншы ғасырдың ортасында саксофон симфониялық үрмелі оркестрде қолданылды. Сонымен қатар бұл аспап кей кездері жеке ойналып, оркестрді жетелеп отырды. Саксофон джаз бен оған жақын басқа да жанрлардың басты музыкалық аспабы болып есептеледі. Эстрада жанрынан да бұл аспаптың ауылы алыс емес. Саксофонның дауысы тым ерекше. Күші де, дыбысталуы да бөлек.

Саксофонның дүниеге келуі 1840 жылдармен тығыз байланысты. Динанда өзінің әкесінің музыкалық аспаптар жасайтын шеберханасында жұмыс жасап жүрген Сакс сол кезден-ақ ағаш пен мыстан жасалатын жаңа бір музыкалық аспапты жасаудың жолында жүрген болатын. Ол ағаш пен мыстың арасындағы тембрлік кеңдікті толықтырып, офиклеид аспабынан шығатындай дыбыстардың көзін жоюды қалады. «Мүштікті офиклеид» деген атпен жаңа аспап 1841 жылы Брюссельде өткен өндірістік жәрмеңкеде таныстырылды. Аспаптың сырты металл конус тәріздес етіп жасады. Ал мүштігі таза жіңішке тяқтан жасалды. Әйткенмен бұл формасы аса сәтті шыға қоймады.

1842 жылы Сакс Парижде болып, сонда өзінің жаңа туындысын одан ары жаңартуға кірісті. 12 маусым күні Сакстың досы әрі музыкалық жетекшісі композитор Гектор Берлиоз жергілікті газетке «саксофон» деп аталатын жаңа музыкалық аспаптың өмірге келгендігі туралы жазды. Осыдан бастап Сакс саксофонмен орындалатын жаңа туындыны өмірге әкелді. Оны үрлемелі алты аспаппен қосып орындады. 1844 жылы өзі осы туындыға дирижерлік етті. Ал желтоқсан айында саксофон алғаш рет опера театрында ойналды. Ол кезде сахнада Жорж Кастнердің «Иудеяның соңғы патшасы» деген спектакльдің премьерасы өтіп жатыр еді. Дәл сол жылы аты шыға бастаған саксафон музыкалық аспабы Париждегі өндірістік жәрмеңкеде қойылды.

1846 жылы 21 наурыз күні Сакс Францияда жүріп, «саксофон деп аталатын үрмелі музыкалық аспапқа» патент алды.

Георгий Гаранян, Товмас Геворкян, Алексей Козлов, Давид Голощёкин, Декстер Гордон, Пол Дезмонд, Дэвид Джексон, Ховард Джонсон, Джон Колтрейн Орнетт Коулман, Жан Мари Лонде (Лондейк), Джерри Маллиген, Брэнфорд Марсалис, Лев Михайлов, Федерико Мондельчи, Марсель Мюль, Чарли Паркер, Мэйсио Паркер, Фаусто Папетти, Сигурд Рашер, Бен Уэбстер сынды ұлы саксофоншылардың музыка әлеміне қосқан үлесі орасан.

## Саусақтардың аспапта орналасуы

Тақрыптың көптен күткен және ең қызықты бөлігі шын мәнінде саксофонда ойнау. Алдымен жалпы ақпарат:

Аппликатура – музыкалық аспапта ойнау кезінде саусақтардың орналасу және кезектесу реті.

Саксофонның саусағы бір немесе басқа нотаны дыбыстау үшін аспапта қандай пернелерді (түймелерді) басу керектігін көрсетеді.

Саксофондағы кейбір ноталарды әртүрлі пернелер тіркесімдері арқылы шығаруға болады. Бұл жағдайда олар негізгі (жиі қолданылатын) және баламалы саусақтар туралы айтады.

Төмендегі суретте сопрано, альт, тенор және баритонды саксофондарға арналған саусақтардың негізгі және балама нұсқалары көрсетілген.



Аспапта саусақпен жұмыс істеуді зерттеуді жеке ноталардан бастайық. Қай нота үшін қандай пернелерді басу керектігін білейік.

Бұл сабақ үшін сіз мыналарды білуіңіз керек:

1. Таяқшаны сулау, мундштукты құрастыру және саксофонды ойнауға дайындау.
2 .Тыныс алу – іш арқылы жылдам ингаляция және пресспен тегіс дем шығару.
3. Ойнап жатқанда саксофонды дұрыс ұстау.
4. Ерін, тіл және бет бұлшықеттерін (құлақ жастықшалары) бақылау.
5. Жиналған мундштук пен эскиден дыбыс шығару.
6. Саксофонның транспозициялық аспап екенін түсіну – кейбір ноталар ойналады, басқалары дыбыс береді.

Алдыңғы **6** міндетті сәтті аяқтасаңыз, саксофонмен саусағыңызды меңгеруді бастаңыз. Алдыңғы сабақтарды аяқтамаған немесе үйренбеген болсаңыз, оларға қайта оралған дұрыс.

Өйткені негізгі білімді меңгермей, кейін түзету қиын болатын қателіктер жібересіз. Саксофондағы ең жеңіл нотадан бастайық.

Бірінші октаваның G нотасы.

Бірінші октаваның G нотасы екінші сызығында жазылған:

3-шіде сипатталғандай ойнау үшін саксофон алыңыз.



Саусақтарыңызды құралдың сәйкес түймелеріне қойыңыз. Ешбір түймені әлі баспаңыз.

Бұл жерде біз тек сол қолдың саусақтарымен жұмыс жасаймыз.

Сол қолыңыздың үш саусағымен – индекс, ортаңғы және сақина – олардың астында орналасқан үш түймені басыңыз. Бұл бірінші октаваның G нотасының саусағы:







Үшінші және төртінші жолдар арасында екінші октаваға дейін жазылған.

Екінші октаваға дейін нота ойнаймыз. Түймені тек сол қолдың ортаңғы саусағымен басады. Саксофонмен саусақпен қимылдау:







Біз төрт нотаны үйрендік.

Біз саксофондағы алғашқы төрт нотадан өттік. Енді үйренген ноталарымызды пайдалана отырып, «ұзын ноталарға» көшейік. Еске салайық, ұзын ноталар бүкіл дем шығару кезіндегі ноталар болып табылады. Ұзақ нота жаттығуы күн сайын саксофон ойнамас бұрын орындалады.

**Қорытындылау.**

**Сұрақтар:**

1. Екінші сызықтың бойында орналасқан нота қай нота?
2. Саксофон аспабы қандай бөлшектерден тұрады?
3. Альтиссима деген нені білдіреді?
4. 3-ші октавадан F нотасын көрсетіңіз?
5. 3-ші октавадан D нотасын көрсетіңіз?
6. 3-ші октавадан E нотасын көрсетіңіз?

Альтиссима яғни үшінші октавадағы ноталарды қолдана отырып, 1. Put the top down- 2. Бал сезім – композицияларын орындап берейін.

# МЕНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМЫМ (ЭССЕ)

**Өмірбек Арай Өмірбекқызы,**
**Алматы қаласы, «№202 мектеп-гимназия» КММ,**
**ағылшын тілі мұғалімі**



Адамдар тек білім арқылы ізгілікті бола алады, мектеп жұмысы мен білім алушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім. «Біле бер қанша білсең, тағы тіле, жетерсің мұратыңа біле-біле» дегендей, жас маман ретінде өз тәжірибемді жетілдіру жұмысын осы жобадан бастама алғаныма шын жүректен қуанамын .Білім беру жүйесінде өзгерістер болмайынша , мемлекетте де өзгерістер болуы екі талай. Орта білімге кері әсер ететін факторлар ол ескірген әдіснамалар мен білім беру мазмұнын іріктеу қағидаттары,ақпараттың шамадан тыс болуы оқуға деген ынтаның төмендеуіне және білім алушы денсаулығының нашарлауына әкеледі.

Оқыту тұлғаны дамытуға емес, жалаң нәтижелер алуға бағытталған.( Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ). Сол себепті білім беру жүйесінде оқытудың жаңаша жолдарын енгізу және дамыту мақсатында ЦПМ яғни Педагогикалық Шеберлік Орталығы институттары ашылды.Осы бағдарламаның негізгі міндеті қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. (Мұғалімге арналған нұсқаулық 12 б.)

**Бағдарламаның негізгі мазмұны жеке жеті модуль түрінде берілген:**

- білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер;
- сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау;
- білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- талантты және дарынды балаларды оқыту;
- білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту;
- білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Біліктілікті көтеруді жаңа форматта оқыту курсының аясында оқытылған жаңа идеяларды қамтитын жеті модульді іс тәжірибеме енгізу, оларды зерделеу және дамыту – орта мерзімдік жоспарымның мақсаты болып табылады.

Айтылған жеті модульдердің барлығында қарастырылатын идеяларды білім беру мен білім алудың жаңа тәсілдері деп айтқанымен, біз жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйретуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 12 б. ). Әңгімелесу пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен мұғалім білім алушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады. Сыныпта диалогті пайдалану арқылы педагогтер білім алушылардың білім сапасына ерекше оң әсер ете алады. Білім алушылардың білімі мен ойлау қабілетін зерттеуге шынайы ұмтылу оқу үдерісіне барынша қызықтыру үшін ынталандыру болып табылады. Диалогтік идея тәсіліне сәйкес, сауалнама мен топтық жұмыс білім алушылардың оқуын жақсартуға қабілетті. (Білім беру платформасынан алынған қосымша материал). Тыңдау кезінде өтілген сөздерді белгілеу мақсатында берілген тапсырманы орындау үстінде білім алушылар бір бірінің жауаптарын тексеріп,салыстырды. Табысты оқу мен оқытудың мәні оқыту үдерісінде жеке тұлғалар өздерін еркін және қауіпсіз сезінуіне жағдай жасаудан тұрады. (Қашықтықтан оқыту кезеңіне арналған тапсырмалар 7 б.).

Менің сыныбымдағы білім алушылардың әлеуметтік жағдайы әртүрлі және үлгерімі нашар. Балалар ынтымақтастыққа тез келе қоймайды. Сынып ішінде ашуланшақ, қызба мінезді және дөрекі сөйлейтін білім алушылар бар. Олар бір-бірін тыңдау мәдениетін білмейді. Сабақтың ұйымдастыру кезеңі ұзаққа созылады. Сыныпта сабақ жайлы өту

үшін ең басты мақсатым ынтымақтастық атмосферасын құру болды. Топтық жұмыс білім алушылардың білім алуында тиімді әдіс екенін байқадым. Білім алушылар топта жұмыс істей отырып, олар бір-бірімен еркін және тығыз байланыста болады. Үнсіз білім алушының ашылуына оқытудың жаңа тәсілдері ықпалын тигізді. Олар топ ішінде бір-бірімен пікір алмасады, сөздік қоры молаяды, еркін сөйлеу, өз ойларын жеткізе білу дағдылары қалыптасады. Педагог біліктілігін жаңа форматта арттыру жобасының нәтижесі оқыту барысында сезілді. Бірінші кезеңде жаңа әдістерді тәжірибеге қалай енгіземін деген үлкен сұрақ үнемі ойымда жүрді. Өйткені мектеп басқаша жұмыс істеуге үйренеді, сол себепті әріптестерді қызықтырып, оларды бірлесе жұмыс істеуге шақыру қажет. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану педагогтерге сабақ беруде маңызды көмек береді. АКТ дамуы білімді пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді, сондықтан да оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер және технологиялар жаңартылып отыруы тиіс. Қазіргі уақытта АКТ білім беруде маңызды құрал болғандықтан, оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдану қажет. Оқытуды жетілдіру мақсатында жаңа сандық технологияларды және әдістерді қолдану бойынша осы курстан алған біліктілік бастамам мен үшін мәні зор.

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе пікір айтуға, баламалы шешім қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 48- бет).

**Мақсатым:** Сыни тұрғыдан ойлау модулінің тиімді әдістерін пайдалану арқылы білім алушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, өз ойын еркін айтуға мүмкіндік жасай алатын орта туғызу, танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.

Білім алушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде педагогтің рөлі ерекше. Білім алушылардың көбірек білетін басқа адамдармен диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, білім беру жеңіл болмақ. (Мұғалімге арналған нұсқаулық 38-б.). Мектепте әріптестерім маған сабақта сергіту сәтін жиірек жасауды ұсынды. Қиын сыныппен жұмыс кезінде сергіту ойындары білім алушының қызығушылығын сақтауға көмектеседі. Сабақ материалдарын ойын үлгілерінде енгізу оқыту үдерісін едәуір жылдамдатады. Бұл әдістің нәтижелі болғанын сабақ барысында сезілді. Менің сабағыма қатысқан әріптестерім оқытудың жаңа әдістерін жақсы қабылдады. Білім алушылардың қызығушылығы артады және үнсіз білім алушының ашылып сөйлеуі үлкен жетістік деп атап өтті.

Диалогтік оқыту арқылы білім алушының сыни ойлауын дамыту, сабақта жаңа технологияларды ұтымды қолдану, оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау, оқытуда баланың жас ерекшелігін ескере отырып сабақты жоспарлау, сабақ үрдісінде дарынды және талантты баланың деңгейіне қарай тапсырма беру және осы үдерістің бәрі педагогтің көшбасшылығымен іске асатындығын түсіну менің тәжірибемдегі үлкен өзгеріс дегім келеді.

## ТУҒАН ЖЕР - АЛТЫН БЕСІГІМ!

**Аршын Илияс,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**домбыра сыныбының қосымша білім беру педагогі**



**Мақсаты:**

1. Жас ұрпақты Отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыруға дұрыс бағыт бағдар беру.

2. Өз ауылын қадірлеуге үйрету. Экологиялық тәрбие беру.

3. Отанның от басынан басталатынына көздерін жеткізу.

**Көрнекілігі:** Тұмар сияқты газеттер, видеофильм, табиғат көріністері.

**1. Кіріспе.**

Отан отбасынан басталады.

а/ Туған жерге туыңды тік.

2.Ұлттық рухтың қайнар көзі-ауыл.

а/ Қазақтар мен Қырандар.

3. Қорытынды. Туған жердің киесі.

**Педагог:**

Қазақ жері.
Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер
Батырлар дүрілдеп өткен жер.
Тұлпарлар дүбірлеп төккен жер
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер
Сарылып сал-сері кеткен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын
Тағзым жасамай өтпеңдер.

**1-білім алушы:** Туған жердің көгілдір аспаны сенің кеудең секілді. Сол аспанның төсінде түнде жарқырап тұрған жұлдыздар сенің көздерің секілді. Сен сол жердің аспанымен тыныстайсың. Туған жердің жарық күнімен алысқа қарайсың. Туған ел кішкентай үйіңнің табалдырығынан басталады. Содан шексіз, шексіз қияға өрлеп кете барады. Оның жұпар атқан жусаны, оның кеудеңе құйылған мөлдір ауасы, жотаға өрлеген жалғыз аяқ жолдары – осының бәрі-бәрі сенің туған еліңді құрайды.

**2-білім алушы**:

Туған жер, алтын бесігім,
Тербеттің мені төсіңде.
Киелі сенің есімің,
Жүреді мәңгі есімде.
Туған жер, алтын босағам,
Аттандым сенен қияға.
Апам мен Отан қос анам,
Қондырған мені ұяма.

Туған жерсіз адамның күні жоқ. Алыс кетсең, өз үйіңнің мұржасына дейін сағынасың. Туған жерің түсіңе енеді.Туған елдің тілі барша жанға түсінікті.

**3-білім алушы:**

Туған жерім, думанды елім, мекенім
Қалай десем жүректегі жетер үн.
Атам қазақ әлімсақтан білген-ау
Бір өзіңнен басқа дүние бекерін.
Туған жерім, ұлан байтақ кең далам,
Қолтығыңда еркін өскен мен балаң.
Балаң үшін бола көрме енді алаң,
Сенің тіпті босағаңда төр маған.
О, туған жер, ата қоныс, құт мекен,
Бойымдағы жігерде сен, күш те сен.
Сүйсінбесем сенің асқақ тұлғаңа
Асқақ арман жолына да түспес ем.

**4-білім алушы:** Отан – адамның туып өскен жері, туған-туысқандарымен, жақындарымен бірге тұратын атамекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы. Қазақ елі сонау Алтайдан Пиренейге дейін билік еткен Еділ

батырдың елі, Қазақ елі асқан батырлылығымен, ақыл –парасаттылығымен Мысыр еліне билік жүргізген Бейбарыстың, Үндіні билеген Бабырдың елі. Бұл ұлы Тұран жері.

**5-білім алушы:** XY ғасырда қуатты Қазақ хандығы құрылды. Алайда тәуелсіз Қазақ мемлекеті бейбіт, тыныш өмір сүре алмады. Тарихта бұл оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалды. Қаратаудың қойнынан шықты жосып бір сарын.

Күңірентті даланы.../осы кезде баяу үнмен «Елім-ай» әні орындалады./ Елдің алдына Қарт пен Бала шығады.

**Қарт:**

Сен ғанасың, құлыным, сен ғанасың,
Менде көпке бармаспын, сен қаласың.
Ойран болған орданың орнына кеп,
Отау тігіп, оттарын сен жағарсың.
Сол қазақтың соңғы ханы – Кенесары өлер алдында
- Қош аман бол, Сарыарқа өскен елім
Қайтқан қаздай қалың ел, көшкен жерім - деп қоштасыпты.

Мүмкін Сәкен аға да ел-жұртымен осылай қоштасқан болар. Бірақ оны көрмек түгілі, естігенде еш пенде жоқ...

**6-білім алушы:** Кеңес өкіметі тұсында Ұлы Қазан төңкерісінен кейінде біздің қазақтың туған елін тастап, бас амандығын сақтау үшін шетелден –Қытай, Иран, Пәкістан, Индия, Туркия, Ауғанстан, Монголиядан пана іздеуге мәжбүр болды.

Артта – дұшпан,
Қуған елді сорлатып,
Алда – дос жоқ,
Жандарына сол батып,
Бір қария келе жатыр өлгелі,
Бір келіншек келе жатыр толғатып.
Жалпақ ұлыс тапқан түгел қырылыс,
Жоқ сондықтан аялдау не кідіріс.
Көш келеді
Қолда – қару
Белбеуде –
Туған жердің топырағы бір уыс.

/Сәкен Жүнісов «Аманай мен Заманайдан» үзінді көрініс/

**7-білім алушы:** «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген атадан қалған ұлы сөзді жадында терең ұстап отырып, атамекенге деген олардың сағынышы басылмады. Жат өлкеге аттанарда туған жерден түйіп алған бір уыс топырақты тұмар ғып тағып жүрді. Айналайын, туған жер, сеніде көретін күн бола ма екен деп армандады. Туған жерге қайта тұғырын тікпек болды.

/ән «Ошақ басын ұмытпа».

**Педагог:**

«Ағайын көш келеді!
Қарсы алдынан шық енді өскен елі!
Туған жермен қауышу оңай ме екен
Екі көзден еріксіз жас келеді.
Сен жылама,
Көзіңе жас алма елім.
Жылайтындай, немене осал ма едің
Қай қиырда жүрсеңде, қай қиянда.
Қазақ болып қаласың қашанда елім.
Қазақ болып қаласың, мен сенемін.
Айналайын, ер елім, еңселі елім!
Әртараптан көш артып шартараптан,
Ата жұртқа тезірек келсең едің» - деп жырлағандай, қиын заманда атамекенінен ауып кеткен қазағымның туған жерге деген сағынышы шексіз.

/Шет елден көшіп келген қандастарымызбен сұқбат/

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**
1. Қабдеш Жұмаділов «Көш».
2. Сәкен Жүнісов «Аманай мен Заманай».
3. Мұқағали Мақатаев жинақтары.

# КЛАССИЧЕСКИЙ ТАНЕЦ В ДОПОЛНИТЕЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

**Асимова Мухабат Абдурахимовна,**
**педагог дополнительного образования**
**ГККП «Школа искусств с.Узынагаш» Алматинской области**

Школа классического танца является основой, фундаментом в подготовке танцовщика любого направления. Классический танец, как предмет, изучается во всех специальных учебных заведениях: начальных, средних, высших. Он изучается и в системе дополнительного образования.

Хореографическая образованная программа дополнительного образования представляет широкие возможности обучения основам танцевального искусства, дает возможность ввести детей в мир хореографии, с помощью игровых технологий познакомить с некоторыми хореографическими жанрами, видами и стилями.

Программа поможет детям творчески самовырозиться и проявить себя посредством пластики, ритмики и импровизации. Также у детей закладываются основы гармоничного, умственного, нравственного и физического развития ребёнка, формируется его личность. Занятия классическими танцами формируют правильную осанку, прививают основы этикета и грамотной манеры поведения в обществе, дают представление об актёрском мастерстве. Танец имеет огромное значение как средство воспитания национального самосознания. Прослушивание ритмичной танцевальной музыки развивают и внутренне обогащают, прививают умение через танец выражать различные состояния, мысли, чувства человека, его взаимоотношения с окружающим миром.

### Построение и практическое использование классического танца в системе дополнительного образования

Система классического танца складывалась на протяжение веков. Она в движении сегодня, ибо классический танец все время обновлялся и обогащался новыми пластическими формами из неисчерпаемого источника народной хореографии и других танцевальных систем.

Но если в профессиональных хореографических училищах, система классического танца обрела свои законы, то задачи и критерии подготовки танцовщиков в системе дополнительного образования должны быть скорректированы в зависимости от профессиональных училищ.

Чтобы избежать серьезных ошибок, необходимо учитывать возрастные особенности детей и прежде всего необходимо их хорошо знать. В своей работе, на занятиях, педагог применяет наиболее целесообразные методы и с учётом возраста детей, их специальной подготовки наличия интереса к хореографическому искусству, уровня эмоциональной отзывчивости. Ведь именно увеличение и вдохновение – источник интеллектуального роста личности. Интеллектуальное чувство, которое испытывает ученик в процессе овладения знаниями – это та ниточка о который держится желание учиться.

У начинающих детей не всегда хватает терпения заниматься длительное время, если они не видит результатов своего труда. Целесообразно поступают педагоги, которые на начальном этапе работы применяют элементарные знания детей, иногда проводя занятия в игровой форме, делая для них небольшую постановочную работу на не сложно в танцевальных элементах. Это придает стимул детям в учебно – творческой работе, приучают их к сценическому поведению, и ответственности за свое исполнение. Конкретные успехи доставляют Большую радость детям. И, наоборот, отсутствие

радостной творческой работы делает её бессистемной.

Не надо ставить перед детьми таких целей, достижение которых требует больших возможностей, чем те, которыми они обладают. Главная задача педагога – хореографа в первые годы обучения классическому танцу, заключается в том, чтобы на ряду с изучением основных форм и движений, предусмотренных программой, развить учеников младшего школьного возраста интерес к классическому танцу, дать им элементарные представление об эстетике танца, о его красоте.

Необходимо также развить у учеников сознательное, вдумчивое отношение к занятиям, чтобы они могли более активно работать на занятиях, также важно обращать внимание в том или ином упражнении. Педагогу – хореографу необходимо использовать французскую терминологию, принятую для классического танца.Все французские термины преподавателю следует переводить на русский язык, или тот который будет им понятен, то есть свой родной язык, в данном случае на казахский, и систематически проверять усвоение их учащимися.Обращаться к ученикам, необходимо очень нацелено, точно и кратко. Многословные, расплывчатые замечания малоэффективны. Речь педагога должна быть всегда живой, образный и точно передавать его мысли.

Объяснения в хореографии применяется в целях ознакомления учеников с тем, как и для чего они должны выполнять то или иное движение; в какой последовательности выполняется экзерсис; в чем цель такой последовательности и так далее.

Более подробное объяснение нового движения необходимо в младших классах; дополнительно разбирая непонятные элементы движения более подробно. Систематическое повторение с учениками пройдённого материала требуют и улучшает качество исполнения.

Но кроме зрительного восприятия должно быть и ощущения всего тела, его собранности и подтянутости. Зрительная память – метод показа, воспитывается и укрепляется при помощи наглядности. К приемам, поясняющим правила выполнения изучаемых движений, следует отнести именно показ, который можно подразделить на два подхода: первый – показ нового изучаемого движения; второй – показ комбинированных заданий.

Построение урока в классическом танце одинакова, как для первого, так и для последующих классов, с той лишь разницей, что в первом классе первые несколько месяцев, желательно провести с учащимися только гимнастику, а потом начинать разучивание элементов и движений классического танца, которые исполняются, в первом классе, в отдельности и в простейших сочетаниях.

Урок необходимо строить, особенно на первых парах обучения так, чтобы добиться разнообразия в чередовании и перемене упражнений.

Итак, на первом уроке, после знакомства и беседы с детьми, начинать занятия необходимо изучением с учащимися позиции рук и ног в классическом танце, в дальнейшем просто повторять на каждом уроке, для лучшего запоминания позиций. Далее разучивается поклон. После поклона учащиеся переходят к занятиям гимнастики.

Сочетание элементов классического танца с гимнастическими упражнениями, применяемых целенаправленно и индивидуально, особенно важно в начальный период обучения, когда организм еще пластичен, податлив к тренировкам. Это позволяет в ряде случаев проводить занятия с детьми с некоторыми физическими ограничениями и успешно корректировать неблагоприятные тенденции развития.

После освоения гимнастических упражнений, мы переходим к основному этапу работы, то есть к изучению экзерсиса.

После показа положений корпуса, рук, ног и головы у станка (лицом к станку), учащиеся начинают изучение движений экзерсиса у станка.

Все движения учащиеся выполняют с правой и с левой ноги, чтобы ноги не уставали и не затекали, более того чередование ног способствует развитию сообразительности учащихся.

Подводим итог экзерсиса у станка: комбинации у станка можно комбинировать, усложнять по мере усвоения учащимися, ускорять темп и так далее. Корпус во всех упражнениях находится в вертикальном и подтянутом положении, за исключением моментов, когда его наклон перегиба или поворота, требует комбинация. Постановка рук и закрепление

правильной формы происходит главным образом на второй позиции. Всевозможные наклоны и повороты головы сопровождают все движения экзерсиса, начиная с первого упражнения у палки.

При музыкальном оформление педагогу не следует считать вслух на уроке, так как это притупляет музыкальное восприятие ученика.Объяснив ученику, в каком размере и темпе делается данное упражнения, необходимо дать ему возможность вслушаться в музыку. Считать вслух допустимо только в начале обучения нового упражнения. Музыкальное оформление должно прививать учащимся эстетические навыки, осознанное отношение к музыкальному произведению – умение слышать музыкальную фразу, ориентироваться в характере музыки, динамики, ритмическом рисунки. Весь урок должен быть построен на музыкальном материале.

Само по себе, обучение классическому танцу – это сложный и творческий процесс. Пожалуй, вы не встретите ни одного педагога – хореографа, который ни внес бы что-то новое в тот учебный материал, с которым он работает. Этому же он учит детей.
Специфика дополнительного образования заключается в увеличении пространства для развития творческой, познавательной активности школьников; помощи ребенку развить и реализовать лучшие личностные качества; способствовании в решении проблемы социальной адаптации и профессионального самоопределения школьников.
Актуальность темы исследования «Методики преподавания классического танца в системе дополнительного образования» обусловлена изменением взглядов педагогов на воспитательное воздействие классического танца. Привлекая ребенка к танцевальному искусству, можно воспитать высоконравственного, образовательного, разносторонне развитого современного человека.

Классический танец на протяжении длительной истории своего развития сложился в стройную систему движений, имеющих совершенную, художественно законченную форму. Классический танец занимает особое место среди других специальных предметов, являясь фундаментом всей хореографической подготовки.

В данном исследовании была раскрыта методика преподавания, построение и практическое использование классического танца в системе дополнительного образования. Признанной и наиболее эффективной системой развития физических способностей у детей является, конечно же, классический танец. Его обязательное использование на занятиях хореографии не оставляет никаких сомнений. Ведь только практически овладев основными элементами танца, будь то классический танец или народный, молодой исполнитель может вносить в них свою фантазию, свою индивидуальность и тем продолжать развитие танцевального искусства в наше время.

Деятельность педагога в системе дополнительного образования не ограничивается работой по конкретной методике: он призван формировать личность ребенка в целом, вовлекая его в творчество.

Поэтому в системе дополнительного образования успех дела решает не столько овладение чужими методиками, сколько способность педагога к собственной творческой деятельности.

Таким образом, современный педагог дополнительного образования становится сознательным творцом педагогической деятельности и участником научного творчества в области педагогики, что способствует развитию творческой личности ребенка в современном обществе.

**Список использованной литературы:**

1.Базарова Н.П., Мей В.П. Азбука классического танца. - М.: 2010.
2. Балет энциклопедия/ главный редактор Ю.Н. Григоревич. – М.: Советская энциклопедия, 1981.
3. Золотарева А.В. Дополнительное образование детей: теория и методика социально-
педагогической деятельности (Методика воспитательной работы в школе) /Худож. А.А. Селиванов. - Ярославль: Академия развития: 2004.
4. Колесов Д.В., Мягков И.Ф. Учителю о психологии и физиологии подростка.
5. Костровицкая В.С., Писарев А., Школа классического танца - Л., 1968.

# МЕН – ЕЛІМНІҢ ЕРТЕҢІ

**Смайлова Бибігүл Сабитқызы.**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы,**
**«Жангелдин атындағы орта мектеп» КММ,**
**хор үйірмесінің қосымша білім беру педагогі**

| Сынып: **хор үйірмесі** | Қатысушылар саны: 15 | Қатыспағандар саны: 0 |
|---|---|---|
| Сабақтың тақырыбы | Мен – елімнің ертеңі | |
| Сабақтың мақсаты | 1. И. Нүсіпбаев «Біз – Қазақстан ұланы» әнін үйрену.<br>2. Композитор мен ақын туралы ақпарат беру.<br>3. Білім алушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту, ән ирімдерін дұрыс есте білу, екі дауыста орындауды сезіну қабілеттерін дамыту, әнді дұрыс орындауға машықтандыру.<br>4. Шығарманы тыңдатып, әнді орындату арқылы білім алушыларды Отанын, туған жерін сүюге, еңбекке, білімге деген ынта-жігерге тәрбиелеу; | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Білім алушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**10 мин** | Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.<br>- білім алушыларды сабаққа дайындау,<br>- дауыс жаттығуын жасау, дикциямен жұмыс.<br>**Дауыс жаттықтыру:**<br>«C-dur» гаммасы, Стаккато, легато, нонлегато.<br>Аспаппен сүйемелдейді.<br>**«Таңдау»** әдісімен - алдыңғы сабақта үйретілген әнді қайталау.<br>Оқу мақсатын жариялау үшін **«Сұрақтар тізбегі»** әдісі қолданылады.<br>- Бұл кімнің суреті?<br>-Композитор деп кімді айтамыз?<br>- Қандай әндерін білеміз?<br>Сабақ тақырыбы, мақсатымен танысады. | Сәлемдесу.<br>Оқу құралдарын алады.<br><br>Дауыс жаттығуын күйсандыққа қосылып, таза, штрихтарды сақтап орындайды.<br><br>Өздері таңдаған әнді қайталайды.<br>- Балалар композиторы Ибрагим Нүсіпбаев, «Гүлжазира-Қазақстан», «Біздің ауыл», «Менің өлкем», «Мектебім» т.б. | Мадақтау сөздері арқылы<br><br>Дескриптор:<br>- композиторды таниды<br>- анықтаманы дұрыс айтады<br>- әндерін атайды | Күйсандық<br><br>аудиожазба<br><br>сурет |
| **Сабақтың ортасы** | **1 – тапсырма:** «Еркін әңгіме» әдісі арқылы ән | Танысады, оқиды. | | Ән сөзі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **25 мин** | сөзін беремін.<br>1. Ен байтақ елімді аралап,<br>Мақтаныш бойымды кернейді.<br>Алып тау, шалқар көл, сая бақ, көңілім көгіне өрлейді.<br>2. Сүйемін елімнің ай-күнін,<br>Сүйемін өлкемнің байлығын.<br>Құлпырған, құнарлы өңірден<br>Көремін алтын дән айдынын.<br><br>**2-тапсырма**: музыкалық сауаттылық.<br>• әннің нота мәтінімен танысып, сипаттаңдар.<br>• Қай дыбыстан басталады?<br>• Тональдік?<br><br>**3-тапсырма: Ән авторларымен танысу.**<br>И.Нүсіпбаевтің өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет беру.<br>**«И.Нүсіпбаев** – Қазақстан мәдениет қайраткері, балалар композиторы. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданында дүниеге келген. Екі жылдық музыкалық техникумды бітірген. Алматы консерваториясында оқыған. Республикамызда балалар әні, балалар хоры мен ансамбльдерінің негізін қалаушыларың бірі.<br>**4-тапсырма:** Әнді тыңдайды, алдымен баян аспабына қосылып, фраза бойынша үйретіледі, алдымен бірінші, артынан екінші дауыс тобына үйретіледі.<br>Екінші дауысқа өзім көмектесемін. | Талдайды.<br><br>Тыңдайды. Екі топ өз дауыс партиясын сөзімен айтып жаттығады.<br>Дескриптор:<br>- Ән сөзімен танысып, мазмұнын айтып береді.<br>- әннің шумағының 3,4 жолдарын екі дауыста орындап, дағдыланады;<br><br>- ән до-мажор тональдігінде;<br>- тоникадан басталады;<br>- жеңіл, қарапайым, орындауда қиындық тудырмайды;<br><br>Баян сүйемелдеуінде айтып жаттығады. Бірнеше қайталайды. Дыбыстарды таза, сөзін анық айтуға көңіл бөлемін. | ҚБ:<br>«Үшбұрыштар» әдісі.<br>Үлкен - мәтінді оқып, мазмұндап берсе;<br>Орташа - мәтінді оқып, ережесін айтуда көмек қажет етсе;<br>Кіші - мәтінді оқи алмаса, ережесін айта алмаса. | Үшбұрыштар<br><br>Баян аспабы<br><br>Презентация<br><br>аудиожазба |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Дирижер қимылына назар аудартам. | | | |
| **Сабақтың соңы**<br><br>10 мин | Кері байланыс:<br>- Қай фраза орындауға қиындық келтірді?<br>- Дауыстарына күш түсетін жері барма?<br><br>**Рефлексия: «ЖҰЛДЫЗДЫ НОТАЛАР»** | Әр топ өз партиясын жеке айтып береді. | Мадақтау | |

# ДӘСТҮРЛІ ӘН АЙТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Абильдин Бекзат Баянбекұлы,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**дәстүрлі ән сыныбының қосымша білім беру педагогі**



**Сабақтың мақсаты:**
Шеберлік сынып қатысушыларына әдістемелік көмек көрсету.
Қатысушылардың өздерінің кәсіби шеберліктеріне ой жүгірте білуі.
**Күтілетін нәтижелер:**
қатысушылардың білімдері жинақталады, зияткерлік және шығармашылық әлеуеті ынталанады, қарастырылған тақырыпқа қызығушылығы туындайды, белсенділігі артады.
**Құралдар:** интерактивті тақта, презентация, домбыра аспабы.
Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Мен сіздермен кездесіп, бірлесе жұмыс жасайтыныма қуаныштымын.
Бейнекөрсетілім «Дәстүрлі әншілердің клиптарынан үзінді» арқылы дәстүрлі өнер, ән мектептері туралы пікір алмасу.

Талқыланатын сұрақтар:

Жалпы дәстүрлі ән неше мектепке бөлінеді?

Арқа мектебі, оның түрлері қандай?

Жеке орындаушының орындаушылық мәнеріне көзқарасыңыз туралы ойыңыз қандай?

Ұлтымыздың музыкалық аспаптарында ойналған күй болсын, дәстүрлі әндеріміз болсын, дерттен айығуға септігін тигізеді.

Дәстүрлі әндерді тыңдау делебесі қозып, дегбірі қашып отырған баланы тыныштaлдырып, ырғағын қалпына келтіреді. Таным белсенділігін арттырып, сөздік қорын байытады. Ұлттық құндылықтарымызды насихаттай отырып, салт-дәстүріне, ата-мекеніне, ұлтына деген сүйіспеншілігін оятып, патриоттық тәрбие беруге қол жеткіземіз.

Ұлттық құндылықтарымызбен сусындап өскен бала ешқашан өз ұлтына қырын қарамайтыны анық. Әрі жасы ұлғая келе кездесетін кез-келген тығырықтан шығуға да пайдасы өте мол.

Қазіргі жас ұрпақ өз тарапынан жақсыны да, жаманды да сүзгіден өткізбей қабылдай береді. 5 анализатордың (құлақ, көз, ауыз, мұрын, қол) көмегімен қабылдағанының

барлығы күндердің күнінде жүзеге асырылатынын ескерсек, өскелең ұрпағымыздың қандай болып қалыптасатынын анықтау қиынға соқпайды.

Қазақтың музыкалық өмірі мен қазіргі таңдағы өмірін салыстыру арқылы жас ұрпақ бойына қазақ халқының дәстүрлі әндерін заман ағымына сай, жаңашыл бағытта жеткізу – басты міндетіміз.

Дәстүрлі ән өнерінде халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихи мен өмірі, тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық-әлеуметтік қатынастары, жалпы ұлттық болмысы көркем көрініс тапқан. Қазақ халқының рухани жан-дүниесі ән өнері арқылы шебер бейнеленген.

Ұстаздан шәкіртке ауызекі берілетін халықтық ән айту дәстүрі арқылы ән үйренудің жүйеленген үрдісі қалыптасты. Өнерлі ортада өскен жас талапкер ұстаз жанында айлап-жылдап жүріп, шеберлігімен бірге, оның білім-танымын, тәжірибиесі мен орындау тәсілін үйренетін болған. Елге есімі тарап, түрлі айтыс-тартысқа қатысып үлгірген өнерпаз әнші осылайша жеке өнер жолын айқындаған.

4. Бала мен ұстаз арасындағы ән жайлы сабақ.

Баланың есту, есте сақтау, қабылдау дағдыларын дамыту үшін әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, сабақ өткізудің тиімділігі.

Білім алушының бір ән орындайды.

**Кері байланыс:**

Қандай әдіс-тәсіл арқылы бала шығарманы орындай алды?

Шәкірттің орындауындағы ән қандай әсер қалдырды?

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕТІСТІКТЕРІ

**Шынарбай Гаухар,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**қосымша білім беру педагогі**

| | |
|---|---|
| Жалпы мақсаттар | Білім алушылардың «тәуелсіздік», «теңдік», «бостандық» туралы ұғымдарын тереңдету. Тәуелсіздік қасиетті ұғым екендігіне көз жеткізу арқылы Қазақстанның экономикалық, мәдени, саяси, рухани жағынан өсу жолын баяндау, ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, бойларында ұлттық құндылықтардың дамуына ықпал ету |
| Негізгі мақсаттар | Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдағы жүріп өткен даму тарихы, жетістігі туралы ой бөлісу, өзара пікір алмасу |
| Күтілетін нәтижелер | «Тәуелсіздік» ұғымының құндылығына көз жеткізеді;<br>Қазақстанның даму тарихы жайындағы білімдерін тереңдете түседі;<br>Көзқарастары, сын тұрғысынан ойлау қабілеттері артады;<br>Өз ойларымен, пікірлерімен бөліседі, дәлелдейді. |
| Түйінді идеялар | «Мәңгілік Ел», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» |
| Ұйымдастыру | Білім алушылармен сәлемдесу; зейінді шоғырландыру |

| | |
|---|---|
| Кіріспе<br><br>Ой қозғау | Қуан, қазақ!<br>Қуан, қазақ, күн туды қуанатын!<br>Ендіктерді аралап еркін дүбір,<br>Алаулатты керемет көркіңді нұр.<br>Алақайлап аспанға атып тұрып,<br>Берекелі бастағы бөркіңді бір...<br>Қуан, қазақ!<br>Күн туды қуанатын!<br>Қазақ елі азат,<br>Қазақ жері азат,<br>Қазақ ері азат,<br>Бұдан нұрлы шақ бар ма?<br>Бұдан асар бақ бар ма?<br>Қуан, қазақ!<br>ҚР мемлекеттік Гимні орындалады.<br>Сәлеметсіңдер ме, құрметті білім алушылар! Бүгінгі «Тәуелсіздік» мерекесі баршаңызға құтты болсын! Осы оқу жылы сіздер үшін өте маңызды, жауапты жыл. Егемен елдің бір кірпіші болып қалану жолында болашаққа деген сенімдерің нық болып, білімнің шыңына жетуге тілектестік білдіремін |
| Меңгеру | Бүгінгі сынып сағатының тақырыбы «Тәуелсіздік жетістіктері» деп аталады.<br>Сабағымыздың тірек сөзі болғандықтан, ең алдымен, сіздер үшін «Тәуелсіздік» дегеніміз не, сол туралы ойларыңызды білгім келеді.<br>«Сөйлемді жалғастыр».<br>Тәуелсіздік бұл.......( білім алушылар сөйлемді жалғастырады).<br>Әрине, бұл сөздің әрбір қазақстандық үшін маңызы зор, ерекше. Қазақстан Республикасы тәуелсіз, демократиялы, зайырлы, егеменді мемлекетке айналды. Бірақ осы бүгінгі терезесі тең, аспаны ашық, құбыласы түгел заманға біз қалай қол жеткіздік? Осы жайында да ой бөліссек....<br>Білім алушылар жауаптары тыңдалады.<br>Бейнебаян «Тәуелсіздікке 30 жыл».<br>Ия, Тәуелсіздік жолы бізге оңай жолмен келген жоқ. Көптеген қан төгіспен, зор күштің арқасында егеменді ел болып отырмыз. Біз - алдымызға анық та айқын мақсат қойдық. Біздің жақсы өмір сүргіміз келді, біз еркіндікке ұмтылдық. Бәрінен бұрын балаларымыз бен немерелеріміздің лайықты өмір сүруін қаладық. Бұған сіздер мен біздер өз ғұмырымыздың біраз жылдарын арнадық. Еңбегіміз еш кеткен жоқ, біз бүгінгідей биікке көтерілдік. Бұл жолда, әрине, ел бағына туған Елбасы, Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың еңбегі ерен.<br>Слямхан Жамиля – Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев туралы таныстырылым.<br>Тарихи тұрғыдан бағамдасақ, әрине, 30 жыл аса көп уақыт емес. Десе де, Қазақстан аз уақыт ішінде әлемдік алпауыттармен терезесін теңестіріп, жаһан жұртына қарышты қадамдарымен танылып үлгерді. Ендеше, осы 30 жылда біз бағындырған белес, жеткен жетістіктеріміз қандай? Бұл сұрақтарға білім алушылар өз беттерімен жауап іздеп көрді.<br>Сатбай Альбина - Қазақстан Республикасының білім саласы.<br>Мұхаметкерим Гауһар – Экономикалық даму жолы туралы.<br>Сайлбюбек Анеля – Денсаулық саласы.<br>Жасұланқызы Аяулым – Мәдениет, әдебиет саласы.<br>Сабақты қорытындылау.<br>Баршамыздың алға қойған мақсатымыз айқын: Бір ел, бір тағдыр, бір болашақ. Өткен тарихтан сабақ алатын, бүгінгі қолда барды қастерлеп, қадіріне жете алатын, ертеңгі күнге сеніммен қарайтын азамат болу. |

| | |
|---|---|
| Кері байланыс | Мен былай дегім келеді:<br>Қазақстанның болашақ жастары ,<br>Елімнің патриоты ретінде<br>Ақ жүрегіммен сөз беремін.<br>Өзіме, жанымдағыларға<br>Күннің шуағын сыйлаймын,<br>Гүлдің нәзіктігін сыйлаймын<br>Қараңғыны нұрландырамын,<br>Суықты жылытамын,<br>Егерде маған қиын жағдай болса да жасымаймын? |

# РАЗВИТИЕ ГИБКОСТИ И ПОДВИЖНОСТИ

**Глыбоцкая Ирина Николаевна,**
**педагог дополнительного образования**
**ГККП «Школа искусств с.Узынагаш» Алматинской области**



**Цель урока:**
- совершенствовать техники выполнения комплекса упражнений партерной гимнастики;
- развитие пластичности, координации тела и мышечной памяти.

**Задачи:**
- формировать и развивать музыкально-ритмические навыки;
- развитие координации движений;
- формировать эстетического воспитания, умение вести себя в коллективе;
- активизация творческих способностей.

Методы обучения:
- наглядный (практический показ);
- словесный (объяснение, беседа).

Педагогические технологии:
- здоровье сберегающая технология;
- игровая технология.

Тип занятия:
- повторение и закрепление изученного материала.

Планируемый результат

***Личностные:***
• воспитывать чувство коллективизма;
• эстетический вкус (умения видеть красоту движения), воспитывать доверие к себе и веру в себя.

**Предметные:**
• умение повторить разученные связки, повторить и закрепить пройденный материал (элементы движений, упражнений);
• сформировать движенческие навыки;
• закрепить знания о динамических оттенках музыки (темп, ритм, динамику).

**Метапредметные:**
• развивать творческое воображение у учащихся;
• укреплять психическое и физическое здоровье средствами ритмики.

**Содержание занятия.**

**Организационная часть:** Вход в зал под музыку. Построение, приветствие-поклон. Учитель: Здравствуйте. Упражнения, которые можно делать на полу сидя, лежа, на

ковриках.

Все упражнения будут направлены на развитие гибкости. Закрепим пройденный материал.

Соблюдаем технику безопасности, дорогие ребята. Сегодня у нас на уроке гости. Мы покажем открытый урок.

Тема урока «Развитие гибкости и подвижности».

Это различные упражнения и их правильность выполнения.

Соблюдаем правила поведения на уроке. Соблюдаем дистанцию и следим за осанкой.

Урок мы начинаем с разминки, вы готовы ребята? Исходное положение: Руки на пояс, ноги вместе. Локти проверили, спину выпрямили, улыбнулись и начинаем урок.

I. Разминка по кругу. (обучающиеся работают под музыку)

- ходьба (с носка, на носках, на пятках, с высоким подниманием колен);
- бег (с захлестом голени назад, подскоки).

(Перестроение в четыре колонны)

Ритмическая разминка (Общеразвивающие упражнения под музыку)

1) упражнения для головы;
2) упражнения для мышц рук и плечевого пояса;
3) упражнения для мышц корпуса;
4) упражнения для мышц задней поверхности бедра и голени;
5) упражнения для мышц ног (приводящая и нежная мышца);
6) прыжки, шаги.

Упражнение на дыхание «Кипящий чайник».

Разогрелись, как положено? Молодцы ребята, работаем дальше. Танцевально ритмические упражнения (упражнения с хлопками).

**II. Основная часть.**

Партерный экзерсис для развития гибкости. Упражнения направлены на развития гибкости снимает напряжение, предупреждает возникновение травм и улучшает общее состояние организма.

1.Упражнение«Складочка» – это упражнение довольно сложное, но делая это упражнения вы укрепляете спину и растягиваете мышцы ягодиц.
Исходное положение. Сед, ноги прямые вперед, руки в упоре сзади. Выполняем наклон вперед, руками достаем до носков, удерживаем это положение и возвращаемся и.п.

2. Упражнение «Чебурашка» работают у нас боковые мышцы, мускулатура живота.
Исходное положение. Сед, ноги врозь, руки за голову. Локти смотрят в стороны, спина прямая, наклон корпуса в правую и в левую сторону.

3. Упражнение «Лягушка». Оно способствует улучшению растяжки ног и бедер, нормализует кровообращение в области малого таза, а также благотворно влияет на осанку.
Исходное положение. Сед, соедините стопы, работают колени, словно крылья бабочек порхают.



4. Упражнение «Кошечка» для мышц спины и пресса.
Исходное положение. Стоя на коленях, ладошки смотрят вперед. Округляем спину, голова вниз.
Прогибаемся, голову поднимаем вверх.

5. Упражнение «Дильфинчик». Здесь у нас работают мышцы спины, ягодичные мышцы и мышцы живота.
Исходное положение. Лежим на животе, прямые руки вперед, прямые ноги назад. По команде, поднимаем руки и ноги, прогибаемся, возвращаемся в исходное положение.

6. Упражнение «Дракончик». Упражнение способствует повышению гибкости и подвижности поясничного отдела позвоночника и оказывает влияние на укрепление мышц рук, спины, груди и плечевого пояса.



Исходное положение. Лежим на животе, руки согнуты в локтях. По команде, выпрямляем руки, голова уходит назад, возвращаемся в исходное положение.

7. Упражнение «Коробочка».
Исходное положение. Лежим на животе, руки согнуты в локтях, прямые ноги назад. По команде, руки выпрямляем, голова тянется к ногам, ноги сгибаются в коленях и тянутся к голове. И возвращаемся в исходное положение.

8. Упражнение «Качелька».

Лежа на животе, руки вытянуты вдоль тела, согните ноги в коленях к спине и голове, возьмите руками ступни за внешнюю сторону и тяните к голове.

Хорошо поработали, теперь можно и поиграть. Что развивают музыкальные игры? Музыкальный слух, внимание, память, мышление.
Музыкальная игра: «Танец утят».

**III. Заключительная часть:**

Вы у меня сегодня все молодцы, все постарались. Я надеюсь, что наш организм стал более гибким, и, если даже что-то у нас не получилось, не переживайте, мы будем над этим работать. И все у нас получится!

1. Оценивание.
2. Поклон (под музыкальное сопровождение).
3. Организованный выход (под музыкальное сопровождение).

## КІШІ ЖӘНЕ ОРТА СЫНЫПТАРДА КЛАССИКАЛЫҚ БИДІ ОҚЫТУ ӘДІСІ МЕН ПРАКТИКАСЫ

**Кунаева Қарлығаш,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МҚКК,**
**хореография сыныбының қосымша білім беру педагогі**



**Мақсаты:**
білім алушылардың табиғи қабілеттерін ескеріп техникалық орындаушылық дағдыларды және классикалық бидің комбинациясын меңгеру.
Міндеттері:
**Оқыту:**
би композицияларын сауатты орындауға мүмкіндік беретін негізгі теориялық пен практикалық білімді, білікті және орындаушылық дағдыларды меңгерту; техникалық, музыкалық-ырғақты дағдыларын қалыптастыру.
**Дамыту:** орындаушылық техникасын дамыту; қозғалыс үйлесімділігін, икемділікті, әсемділікті, төзімділікті дамыту; білім алушылардың музыкалық ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.
Тәрбиелік: төзімділікке, еңбек сүйгіштікке баулу, ерік күшін тәрбиелеу, бала тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыру, көркемдік және эстетикалық тәрбие беру.



Классикалық би барлық би пәндер кешенін оқытудағы жалпы іргетасы, классикакалық би жоғары орындаушылық мәдениетінің көз-бұлағы болып саналады. Бұл жүйелік жаттығу түрлері дененінің икемді әрі қозғалмалы болуын қамтамасыз етеді. «Классикалық би» пәнін бірінші сыныптан жетілдіре үйрене бастайды.

Классикалық би сабақтарының әрқайсысы оның даму заңдылықтарына сүйеніп қарапайымдылықтан – күрделіге, кішіден – үлкенге бағытталған қағидатына негізделеді. Классикалық би сабақтары төрт бөлімнен тұрады: 1) керме алдындағы және зал ортасындағы экзерсиз; 2) adagio [адажио]; 3) allegro [аллегро] және башпай жаттығулар; 4) тыныс алуды қалпына келтіру және ақзаны байсалды жағдайға келтіруге арналған port de bras түрлі нысандары.

Керме (станок) алдындағы жаттығулардың реті: plie [плие], battement tendu [батман тандю], battement tendu jete [батмант тандю жете], rond de jambe par terree [ронд де жамб пар тер], battement fondu[ батман фондю] немесе battement soutenu [батман сутуню], battement frappe [батмант фраппе], battement double frappe [батман сутуню фраппе], rond de jambe en l'air [ронд де жамб ан лер], petit battement sur le cou-de-pied [пти батман сур ле ку-де-пье], battement developpe [батман девлюппе], grand battement jete [гранд батман жете]. Зал ортасындағы экзерсиз ықшам, қысқа және шебер жасалады.
Сабақ барысы тәжімнен басталады.

Тәжім ету (книксен) Жаттығу. Музыкалық өлшем – 4/4. Бастапқы қалып III позиция.«Бір» дегенде II позиция жағына қарай оң аяқтан pas degage істейді. «Екі» дегенде сол аяқ сырғымалы қозғалыстан оң аяққа қарай тартылып, арт жағынан жарты башпайға қойылады және содан кейін тізе ию орындалады.





Кіші сыныпта уақыттың көп бөлігі бұлшық ет жүйесі мен тірек-қозғауыш аппараты бекігенше par terre [пар терр] жаттығуларына беріледі.
Par terre [пар терр] жаттығулары

Қол қалыптарын ұстау арқылы арқа буындарын шынықтыру.Аяқтарды керу арқылы шат және сан буындарын, ал қолмен қарама-қарсы жаныға созылу арқылы бүйір буындарын шынықтырады.
Оқытудың бірінші жылының міндеттері – бас, қол, аяқ, тұла бойдың классикалық жаттықтырушының қарапайым жаттығулары арқылы қойылуы, қимыл үйлесімділігінің қарапайым дағдыларын дамыту, орындау кезінде ұқыптылықтың болуы, тәртіп, зейін тәрбиесінің пайда болуын көздейді. Ең бастысы, балалар классикалық би пәнін меңгерген кезде, олар өзіндік сезім қасиеттерін жоғалтпаулары тиіс. Бұл үшін жаттығуларды балалардың би тәжірибесімен байланыстыру қажет (қолдардың қозғалыстары, шағын секірулер, бейнелі қимылдар).
Аяқ қалыптары.

Классикалық би пәні айналымдылық элемент міндетті шарт болып саналатын аяқтардың позициялары мен қалыптарын оқып-үйренуден басталады. Айналымдылық дененің бүйірлік теңесулердің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді, қозғалысқа кеңдік және

ауытқу шегін береді, аяқтардың әсем сызықтарын көрсетеді.

Классикалық биде аяқтың бес позициясы болады. Бастапқы позицияны аяқтың бұратылғыш қалпын сақтамай залдың ортасында үйренеді.

I қалып. Аяқтардың табандары екі өкшесі бір-бірімен тақалып, еденде тіке сызық жасап, сыртқа қарай ашылған.

I-ші қалыптан II-ші қалыпқа ауысу үшін battement tendu [батман тандю] арқылы, яғни еденмен аяқты сырғанату арқылы жанға ашып қойылады.

II қалып. Аяқтардың табандары тіке сызықты сақтап тұрады, бірақ өкшелер бір-бірінен табан қашықтығындай аралықта болады.

III қалып. Аяқтардың табандары бірінің алдында бірі айналып тұрады, яғни бір аяқтың өкшесі екінші аяқтың табанының ортасына тығыз тақалып тұрады.

III-ші қалыптан IV-ші қалыпқа ауысу үшін battement tendu [батман тандю] арқылы, яғни еденмен аяқты сырғанату арқылы алға ашып қойылады.

IV қалып. Табандар өздерінің айналған қалпын сақтай тұрып, табан ұғымдығы қашықтығындай жерде бір-біріне қарама-қарсы қатар тұрады және бір аяқтың ұшы екінші аяқтың өкшесіне қарама қарсы жағдайда болады.

V қалып. Табандар өздерінің айналған жағдайларын сақтай тұрып, бірін-бірі тығыз жауып, бір аяқтың тұмсығы екінші аяқтың өкшесіне тақалып тұрады.

Негізгі қол қалыптары.

Қолдардың позициясымен таныспас бұрын білім алушыларға жоғарыға, төменге, алға және жанға қарай қозғалыс және осы бағыттардың айқындылықтары (мәнер) туралы түсініктерді айтып өткен жөн. Қолдар мағынасы және сипаты бойынша бидің техникалық мәнерлеп көрсетуі жөніндегі басты көмекшісі. Классикалық бидегі қолдардың позициясын классикалық бидің әдістемесі бойынша үйренеді.

Саусақтарды классикалық биде дұрыс және әсем топтастыру білекке көркемдік нысан береді.Саусақтар нәзіктікпен сүйірлендіріліп, үшінші саусақ пен бас бармақ бір-біріне жақын ұсталады – бас бармақ үшінші саусаққа тиер-тимес жағдайда болады.

Хореографтар қолдың дұрыс жағдайда болуы үшін көптеген әдістемелік құпияларды пайдаланады. Мысалы, кеңістікті қамту үшін I позицияда балаларға алдарында үлкен бір допты ұстап тұрғандай болып сезінуді ұсынады.

Дайындық (әзірленген) қалыпы.

Қолдардың кез-келген қозғалысын дайындықты (әзірленген) қалыптан бастайды. Осындай жағдайда қолдарды қозғалыссыз төмен жіберіп, саусақтар сәл ғана иіліп, алақандар бір-біріне қарама-қарсы жағдайда ұсталады және қолдар денеден аздаған қашықтықта болады.

Қолдар I қалыпта дөңгелектелген (жұмырланған) бастапқы қалпын сақтай отырып, кеудеден сәл ғана төмен, диафрагма деңгейінде мықыннан жоғары көтеріледі.

II қалыпта қолдар иықтың бойымен сәл дөңгелете, шынтақ пен шынашақты бір түзудің бойымен екі жанға ашады.

III қалыпта қолдар сопақша түрін сақтай отырып, алақандарды ішке қарай (өзіне) бұрып, бастың үстінде сопақша бейне жасап, жоғары көтеріледі.

Керме (станок) жанындағы жаттығулар - бұлшық еттердің, сіңірлердің дамуына, бишінің қимылдарын үйлестіруді тәрбиелеуге ықпал ететін балеттегі машықтыратын жаттығулар кешені;

Demi-plie [деми плие] – иілу, жиналу деген мағынаны білдіреді, ал классикалық бидің жаттығуы ретінде-жартылай , толық емес «отыру».

Grand plie [гранд плие] – терең, үлкен «отыру».

Battement tendu [батман тандю] – аяқтың башпаймен алға тұру қалпында табанмен сырғып «созылған», жанға, артқа сырқитын қимылдармен қайта қайту; керіп, созылған қозғалыстар-аяқтың түгел тартылып, созылуын жаттықтырады; тізеде, аяқ алқымында және башпайларды, аяқтардың күшін дамытады.

Battement tendu jete [батман тандю жете] – аяқтың табанын сырғыта алға, жанға, артқа аяқтың тізесін, башпайын барынша созып 25° ашып көтереді.

Demi rond de jambe par terre – жерде аяқпен шеңбер жасау. Икемділікті, қозғалғыштықты және жамбас-санбуындарының күшін дамытады. Battement tendudегі тіке бағыттарды үйренгеннен кейін шеңберлі, доға тәрізді қозғалыстарды жасауға көшуге болады.

Rond de jamb parterre [ронд де жамб партер] – башпаймен еденде шеңбер жасау; rond de jamb parterre en dehors – еденде сыртқа қарай шеңбер жасау, rond de jamb parterre en dedans – еденде кері шеңбер жасау.

Rond de jamb en l'air [ронд дежамб ан лер] – әуеде аяқпен шеңбер жасау, сол аяққа тұрып оң аяқты жанға жіберу, жіліншікпен сыртқа немесе ішке шеңбер сызу.

Battement fondu [батман фондю] – жамбас және тізе буынында аяқтарды бір уақытта бүгу және жазу;

Battement frappe [батман фраппе] – тірек аяқтың жіліншек буынына табанымен қысқа соғу, сосын тізе буынын жылдам жазу (25°, 45°) башпайға тұру немесе төмен тұру; Grand battement jete [гранд батман жете].- аяқтың табанын сырғыта алға, жанға, артқа аяқтың тізесін, башпайын барынша созып 90°  немесе оданда жоғары ашып көтереді лақтыру.

Керме (станок) жанындағы кез-келген жаттығуларды орындағанда міндетті түрде бастың бұрылған қалыптарына мән берілу қажет.

Даярлық қалыпта бас зал ортасына бұрылады. Аяқ алға ашылғанда бас жанға бұрылады. Аяқ жанға ашылғанда бас алдыға қарайды. Аяқ артқа ашылғанда бас зал ортасына қарайды. Және де комбинацияларды орындау кезінде қол қалыптары өзгерген уақытта бас қолдың бағытымен қозғала өзгеріп отырады.

Білім алушылардың керменің алдындағы жаттығуларда тұрақтылығын қалыптастырады, осы жаттығуларды дәл сол кезекпен залдың ортасына қарай ауыстырады, олар керменің қасындағылардан да мықты жүргізіледі, залдың ортасында экзерсиске біртіндеп денені epaulement [эпольман] күйінде en face [ан фас] қалпынан бұрылады және кері жасайды, бірқатар жаттығуларда қолдың II қалпы төмендейді: қолдар жоғары дайындық жағдайында қолдар жайылады, қарғып секірулер күшті және бұлшықеттің иілгіштігін дамытады.

Орта сыныптарда орындау техникасын пысықтау әрі қарай жалғастырылады, жарты башпаймен жаттығу жасаудағы орнықтылығы бекітіледі. Бұлшық еттердің әртүрлі топтарын дамытуды қамтамасыз ететін allegro [аллегро] арналған жаттығуларды орындайды. Негізгі міндеттері жарты башпаймен жаттығу жасаудағы орнықтылығы бекітіледі.  Үйлестіруді дамыту үшін бірқатар жаттығулар біртіндеп epaulement [эпольман] ауыстырылады, алдымен залдың ортасында орындалады, ең жеңіл және қарапайым croisee позасы үйретіледі.  Allegro (секіру) Кіші сыныптарда секірулерді оқып үйренуге кіріспестен бұрын оқу процесіне позицияларды дәл орындауды талап етпейтін трамплиндік секірулерді енгізу ұсынылады. Ал орта сыныптарда башпаймен секірудегі және жаттығулардағы epaulement [эпольман] қалыбы өзінің бағытын біраз өзгертеді.

Тыныс алуды қалпына келтіру және ақзаны байсалды жағдайға келтіруге арналған port de bras[пор де бра] түрлі нысандары орындалады. Кіші сыныптарда I,II port de bras орындаса, орта сыныптарда III, IV II port de bras орындалады. Сабақ соңында өткенді қортындылай отырып, баларды бағалап тәжіммен аяқтайды.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.

2. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

# КОНЦЕРТМЕЙСТЕРМЕН ШЫҒАРМА ОЙНАУ КЕЗІНДЕГІ ҚИЫНДЫҚТАР

**Қабыл Арнат,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**домбыра сыныбының қосымша білім беру педагогі**



**Сабақтың мақсаты:**

1. Домбырада шығарма ойнау кезіндегі қиындықтарды анықтау;
2. Орындаушылық шеберлігін одан әрі жетілдіре түсу үшін қағыс түрлерін әдіс-амалдары, ерекшеліктерін үйрету;
3. Музыкалық сауатын кеңейтіп теориялық білімімен орындау мәдениетін қалыртастыру.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушы шығарманы кәсіби деңгейде орындайды;

Қатысушылармен тәжірибе алмасады;

Көрнекі құралдар: домбыра аспабы.

**1. Ұйымдастыру кезеңі.**

Сәлемдесу. Аспаптың құлақ күйін келтіру.

Ой қозғау:

- Білім алушымен жұмыс барысында қандай қиындықтар кездеседі?
- Концертмейстермен шығарма ойнау кезіндегі қиындықтарды жеңіудің қандай жолдары бар?

**2. Сабақ барысы.**

Кіріспе:

Бейнекөрсетілім «Араның ұшуы».

Талқыланатын сұрақтар:

Концертмейстер мен орындаушының арасында ансамбль болды ма?

Жеке орындаушының орындаушылық мәнеріне көзқарасыңыз туралы ойыңыз.

Ортасы: (Білім алушы шығарма орындайды).

Аппликатура (ит.Appliko-басу, орналастыру) – музыка аспабын тартқан кезде перне басатын саусақтардың орналасу алмасу тәртібі және олардың нотадағы белгісі. Орындаушылық шеберлік үшін дұрыс қойылған аппликатураның маңызы өте зор.



**Оң қолда бас бармақпен пецикато ойнау әдісі**



**Оң қолдағы қағыс қағу әдісі**



**Динамикалық белгілер**

| Белгілер | Оқылуы | Мағынасы |
|---|---|---|
| *p* | пьяно | жай |
| *mp* | меццо-пьяно | жайырақ |
| *pp* | пианиссимо | өте жай |
| *sp* | субито - пьяно | кенеттен жайға көшу |
| *mf* | меццо-форте | қаттырақ |
| *f* | форте | қатты |
| *ff* | фортиссимо | өте қатты |
| *sf* | сфорцандо | кенеттен қатты |
| · | стаккато | секіртe, үзіп |
| · | люфт пауза | қысқа кідіріс |
| ᵒ | флажолет | жаңғырық дыбыс |
| — | крещендо | дыбысты күшейту |
| — | диминуэндо | дыбысты азайту |
| 𝄐 | фермата | өз еркімен тоқтату |
| 𝄌 | фонар | қайталау белгісі |
| 𝄋 | сеньо | қайталау белгісі |
| – | акцент | дыбысты ерекше бөліп тарту |

Домбырада арпеджио ойнау, әсіресе жылдам екпінде ойнау өте қиын, себебі пернелердің арасы сирек, сондықтан сол қолдың саусақтары әрдайым секіріп отырады. Білім алушы арпеджионы өте асықпай жәй екпінде меңгергені дұрыс. Бұл аппликатураны жақсы меңгеруімен сол қолдың саусақтарының дұрыс жылжуын қамтамасыз етеді. Арпеджионың аппликатурасын меңгергенде пернелердің ара қашықтығына байланысты бірінші, екінші нотаға 1 саусақпен жылжиды, сондықтан бірінші саусақты өте жылжыта домбыра пернесінің бойымен сырғытып жылжыту керек.

Осы ретпен аппликатураны дұрыс меңгергеннен кейін білім алушы өзіне керекті жылдамдықты меңгеруіне болады.

Ал жаттығулардың білім алушыларға бір пайдасы бар, саусақтардың икемді қозғалысына, ұстамдылыққа тәрбиелейді, бір ішекпен ойнауға берілген жаттығу сол қол саусақтарының күшін арттыруға, әрбір саусақтың бір біріне бағынышсыз ерікті қозғалысына мүмкіндік береді. Ал екі ішекпен кезек ойналатын жаттығулар бір позициядан екінші позицияға ауысқанда дыбысты үзбей жалғастыра әрі толық және тегіс шығаруға үйретеді.

Әдетте сол қолдың 3,4 саусақтары өте әлсіз келеді.Осы саусақтарды қатайтып бір-бірінен тәуелсіздікке дейін жеткізетін жаттығулар берген жөн. Білім алушы үшінші төртінші саусақтардың жеке-жеке жұмыс істеуі, әртүрлі штрихтарға, позициядан позицияға көшкендегі дыбыстың үзілмеуі үшін соған қажетті жаттығуларды ұсынған абзал.

Кері байланыс:

- Сіздерде қандай қиындықтар кездеседі?
- Шешімді қалай табуға тырысасыздар?

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ

**Дюсекенова Аяулым Жумабековна,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**ақындар сыныбының қосымша білім беру педагогі**



Елдің ертеңі, туын тіктер тұғыры – тәрбиелі де білімді ұрпақ. Елбасы ұсынған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ой толғамында бұл мәселемен жұмыс бағыттары айқын көрсетілген.

Қоғамдағы саяси, экономикалық және әлеуметтік шеңбердегі терең өзгерістер білім беру жүйесіне жаңа сапалы талаптар қоюда. Мектеп білім алушыларын жаңа жағдайға сай іскерлікке, тез шешім қабылдауға, өз құқығын қорғай білуге, бәсекеге түсуге қабілет таныту қасиеттеріне тәрбиелеп, болашақ мамандыққа керекті білім беріп, біліктілікке баулуымыз керек. Әсіресе, қосымша білім беру саласында осы бағытта жұмыс жасау мүмкіндіктері мол.

Оқытудың жаңа технологиясы, инновациялық идеялар, басқа елдердің озық тәжірибесі мектепке жол тартты. Сөз жоқ мектеп жүйесінде үлкен реформа басталды. Оның қиындығы мен кедергілері баршылық, алайда жаңа істің қалыптасу жолы, бастапқы тәжірибелері болатыны сөзсіз.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі ең күрделі мәселе – қосымша білім алудың үздіксіздігін қамтамасыз ету. Бала бойындағы жанжақты қабілет қалай шыңдалады немесе бала өзі бейім мамандыққа қалай икемделеді? Орта мектепті бітірген, жоғары оқу

орнына түсе алмаған жасөспірім қайда оқиды, қажетті мамандықты қайдан алады немесе соның бастапқы көздерін қайдан игереді? Міне, осының түрлі жауабы – қосымша білім беру ұйымының жауапкершілігінде. Яғни түрлі қосымша үйірмелер, өнер мектептері, спорт, туризм ісіне жол ашатын және басқа орталықтар. Бұрынғы кәсіптік-техникалық училищелер жабылған, демек, қосымша білім беру ісі дамуы – заман талабы.

Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық даму жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне, біліктілігіне, кәсіби құзіреттілігіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады. Жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, ІТ-технологиялардың қарқынды өсу заманы – білім және ғылымның заманауи өзгерістерге сай дамуын қажет етеді. Қазақстандық білім беру жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір маманның үздіксіз білім беру жүйесінде жаңа кәсіби дағдыларды меңгеру, зерттеу және шығармашылық құзырлылығын дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

Сабақтан тыс жұмыстар негізіндегі алынған білім өзінің өміршең бағдарын анықтап, қоршаған ортаны танып, зерттеп білуде аса маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, білім алушылардың білімін тереңдету және мамандыққа бағдарлау үрдісін арттырады.
Сонымен, қосымша білім  яғни тыс жүргізілетін жұмыстар:
Білім алушылардың мамандыққа бағдарлануын дамытып, оқу іс-әрекетінде белсенділіктерін арттыруға көмектеседі. Сыныптан тыс  мамандыққа бағдарлау жұмыстарын  өткізу және оған дайындық барысы білім алушылардың өзін қоғамдық ортаға дайындауы мен тұлғалық қабілет, дағдыларын қалыптастыруына жол ашады. Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың білімін тереңдетіп, іскерлік дағдыларын,азаматтық ой-пікірін қалыптастыруға жол ашады.

Қорыта айтқанда, окушылардың білімін тереңдету білім алушының өз ісіне ойды өрістете креативті қарауына, іскерлік  қабілеті мен өнертапқыштық талантын ұштауға, қоршаған ортаға дұрыс қарым-қатынасын, байқампаздығын орнатуға; балалардың белсенділігін, еңбексүйгіштін және азаматтық ұстанымын қалыптастыруға; олардың эстетикалық көзқарастарын орнықтыруға, танымдық қызығушылығын қанағаттандыруға қызмет етеді.

Бұл жұмыста басты бағдар – Елбасы ұсынған тұжырымды пікір. Ұлттық тәрбие негізі – ұлттық сана, ұлттық тектілік коды. Н.Ә. Назарбаев: «...жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.
Жаңа түрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық» деп тасқа таңба басқандай айтты. Тәрбиеші осы бағытта сауатты да салиқалы жұмыс бағыттарын жүргізуі керек. Сонымен қатар, Елбасы: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп ұлттық тәрбие  мен ұлттық құндылықтарды жүйелеуді де міндеттеді.

Осы тұста мен өз еңбек тәжірибемнен мысал келтіре кетуді жөн санаймын. Ұлттың мәдениетінің асқар шыңы – айтыс. Айтыс – бағзы замандардан бастау алған  – ұлттық мұра. Өз бойында түрлі өнердің болмысын тоғыстырған бұл өнерге синкреттілік тән. Яғни білім алушы жан-жақты қабілетін дамытады. Бір мезгілде логикалық және тапқырлық тұрғысынан ойлау, белгілі бір аспапта ойнау, тыңдарманмен және қарсыласпен қарым-қатынас орнату, аудиториямен жұмыс жасау іскерлігі, сахна мәдениетін қалыптастыру, сөз саптау шеберлігін ұштау, бір сөзбен айтқанда, осы айтылғандардың өзі білім алушы бойында тұлғалық қасиеттер қалыптасуына бағдар беретін тәжірибе алаңы.

Баланың жан-жақты қабілеттерін дамыту Елбасы атап көрсеткен қоғам санасын жаңғыртудың бірнеше бағыттарымен үйлесері де сөзсіз тоқталмау мүмкін емес: «Бәсекелік

қабілет. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» десе, прагматизмге қатысты: «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес».

Иә, Елбасы тоқталған прагматизмнің өміршең мысал да өткір: халқымыздың туған табиғатты көз қарашығындай қорғап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салты (керісінше көрініс - солақай саясат есебінен миллиондаған гектар дала аяусыз жыртылуы, Аралдың шөлге айналуы т.т.).

«Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы» деп Елбасы атап көрсетіп, «Біз жаңғыру жолынд абабалардан мирас болып, қанымызға сіңген,бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерд іқайта түлетуіміз керек» деп, біліктілікпен бағдар сілтеді. Яғни прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөздің мағынасын ашып, мәнін жеткізді. Осы іскерлік, осы сыни ойлау сөзі мен ойын жүйелеген айтыс ақынының бойынан табылуы шарт. Ол тек сөз бен ой ысырапшылдығына жол бермей, қарсыласқа дайындалғанда экономикалық, экологиялық, адамгершілік, әлеуметтік проблемаларды әрдеңгейде сараптап, өз тұжырымын жасайды. Ақын арқылы оның шыққан ортасының ой-өрісі мен мәдениеті, тағылымды тәрбиесі мен жинақылығы танылады. Тағы да Елбасының «Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді» деген сөздер іойға оралады. Бұл біздің білім алушыға қосымша білім беру, қалаберді қоғамдық істер мен қоғамдық ойларға қатысты пікірін қалыптастыруымызда аса қажет құнды ойлар.

Білім алушының функционалдық сауаттылығын үстеп, мақсатқа жетуге, білім алуға, әр нәрсені ұтымды пайдалануға тәрбиелесек, осы құжаттаайтылған «мінез-құлықтың прагматизмін» жетілдіре аламыз.

Елбасының «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту... Туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс... Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деген тұжырымдарын тағы бір електен өткізсек. Олай болса, қосымша білім беру бағытында баланың жан-жақты дамумен қатар патриотизмін өрістету ісі бірінші орында тұратыны айқын. Қосымша білім беру тәжірибелері әр жерде де халықтың көзалдында: түрлі байқаулар, көрмелер, атқарылған істер есебі т.б.

Бұл факт қосымша беру жүйесін ұлттық құндылықтар негізінде жүргізуге қолайлы жағдай жасап, білім мен тәрбиенің біртұтас жүйесін жасау мүмкіндігін арттырып отыр. Осы тұста атқарылып жатқан біздің жұмыстарымыз – қарқынды істегі тамшыдай үлесіміз. Әрбір қосымша білім беру мекемесі – мемлекеттің шағын бөлшегі, әрбір бала – қоғамның ертеңгі тұлғасы, белсенді мүшесі. Әрбір балаға елдің ертеңгі тұтқасын ұстайтын келешек отансүйгіш азамат деп қана емес, ол бүгінгі сәттен бастап-ақ өзінің және айналасындағы өзгелердің өмірін, білім мен тәрбие алуын, құқығын, міндетін, т.б. құндылықтарды реттей алатын толыққанды белсенді азамат деп қарайтын болсақ, оның жан-жақты қабілет, дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін қосымша білім беру мекемелерінің маңыздылығы да заман талабымен үйлесетініне көз жеткіземіз.

Қорыта айтқанда, қосымш білім беру ісін дамыту ұлттық құндылықтар негізінде, белсенді саналылық пен тұлғалық тұғырлылыққа бағыттай отырып, жүзеге асырылуға тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 2017 ж.

# „САХНА ТІЛІ" МЕКТЕБІНДЕГІ СӨЗ ӨНЕРІН „АБАЙ" ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМЕН ӨРКЕНДЕТУ

**Мажен Ерлан Қалмаханұлы,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**«Театр өнері» сыныбының қосымша білім беру педагогі,**
**өнертану ғылымдарының магистрі**

*«Естілердің сөзін ескеріп жүрген адам –*
*өзі де есті болады»*
*Абай*



Халық даналығында «тіл – қылыштан өткір», «өнер алды – қызыл тіл» деп сөздің құдіреттілігі мен оның салмағына назар аудартқан. Сөз – адамның жан дүниесінің тебіренісін, толғанысын жеткізетін құрал. Ал сөз өнеріне келер болсақ, ол қоғамдық сананың күрделі, әрі орасан маңызды саласы болып келеді. Сөз – бұл барлық өнердің бастауы десек артық айтпаған болармыз. Осы ретте Қазақстан Республикасының халық әртісі, профессор Маман Байсеркеұлы айтпақшы «сөз бұл сахнаның сұлу сәулесі, ғұмырнама ғимараты, спектакль деп аталатын күрделі дүниенің тас табалдырығы мен қыш қабырғаларын қалайтын рухани әлем».[1.3] Онсыз әдебиет те, драматургия да, қарым-қатынас та болмас, ал әдебиет жоқ жерде сахна өнері де жоқ. [2.248] Бұл зерттеу жұмысында сахна тілі мектебіндегі сөз өнерін Абай Құнанбаевтың шығармашылығы арқылы өркендету мәселесі қарастырылады.

Қазақтың мәдениеті мен өнері жайлы сөз болғанда көз алдымызға бірден ұлтымыздың біртуар перзенті, қайталанбас бірегей ұлы тұлғасы Абай Құнанбаев елестейді. Абайға дейін қазақ әдебиеті мен өнері батырлар жыры, билердің, шешендердің сөздері, жыраулардың толғауы, ақындардың айтысы, араб-парсының ескі қисса, ертегілері ел әдебиетінің түрлерінен тұрған болатын. Алайда Абай, қазақ әдебиеті мен өнеріне басқа леп берді. Оның шығармашылығына ерекшелігі, өлеңдеріне арқау етіп қазақтың әлеуметін, өзінің байқап түйгенін айтып, өлеңдері де үгіт-насихат, мінез-құлық түзеуге арналады. *Ұлы Абайдың шығармашылығы толғандырмаған ақын-жазушылар кемде кем. Мысалы, Алаштың ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы. Сонымен қатар, Алаштың зиялы өкілдерінің бірі Ілияс Жансүгіров «Абайдың сөз өрнегі» атты мақаласында «Абай қазақ өнерін арабшаның ала-шұбарынан, басқаның шәлдірігінен аршып алды.* Өлең, ән-күй - өнер, оны бағалау керек деді. Өзі бағалап, өнер қылып, өзгеге бағалатқан» [3], - деп оған мысал ретінде келесідей өлеңді келтіреді:

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы...
Өткірдің жүзі,Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас;
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһрә ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ - ойға олақ.

Абайдың сөз өнерін, оның құдіреттілігін «түсінгенге маржан, білмегенге арзан» деп бір ауыз сөзбен жеткізе білген біртуар ақын болған. Бұдан өзге ақынның «Білімдіден

шыққан сөз», «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол», «Құлақтан кіріп бойды алар» деген секілді өлендері де өлең, ән-күйге, сөзге жоғары баға бергендігін көрсететін өлеңдері болып табылады. Ілияс Жансүгіров Абай өлеңін келесідей сипаттайды: «Абайдың өлеңі таудан тасыған бұлақтай сарқырап жатса, өлеңіндегі сөздері сол бұлақтың түрлі тасындай жарқырап жатады. Абай - өзінен тіл жасаған ақын емес, елдің тілін толық пайдаланған ақын». [3] Абайдың өзі айтқандай, «жүректен шыққан сөз, жүрекке жетеді», яғни сөздің құдіреттілігі де сонда ол жүректі тебірентіп, сезімді оятады. Абай өзінің «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінде:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?, - деп сөздің ішкі де, сыртқа да құрылысы жақсы болып, екеуі де көркем болу қажеттігін атап көрсеткен. Сонымен қатар, ақын оқырманды сөздің жақсысын таңдауға, ойын анық әрі дәл жеткізуге шақырады. Абай сөз қадіріне қатысты:

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның сөз білмес бишарасы,» - деп сөз бен тіл қадірін жоғары қоюы керектігін және тілді шұбарламай, ойды жүйелі түрде жеткізе білу сөз шеберлігіне жатады. Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген өлеңдерін мысал келтіре аламыз. Ақын ән, өлең, жырларды өте жоғары бағалап, сөздің қадірін жоятын тұстар болса аяусыз соққы беріп отырған:

«Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.
Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап...» деп жырласа, Абай екінші бір өлеңінде мақтау арқылы мал табатын ақындарды, «сөз қадірін кетірушілер» деп қатты сынға алады:

«Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең, сөз айтқаннан.
Сүйінерлік адамды сүй, қызмет қыл,
Аулақ бол әнін сатып ақша алғаннан».

Абай тағы бір өлеңінде:

«Өлең деген - әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы...», - деп, «сөз дәлдігін бұзатын екіұштылық, түсіну, ұғымды ауырлцататын жасандылық, сөз, сөйлемдердің көркемдік қасиеті, мазмұнын сұйылтатын мағынаға қатысы жоқ, орынсыз шет сөз қолданушылық, бәрін де Абай өлеңнің құнын түсіретін нәрсе деп қатты сынады, мейлінше қарсы болды». [4] Сондықтан да, «Көкірегі сезімді,тілі орамды» немесе «іші алтын, сырты күміс» демекші, Абай өз шығармашылығында оқырмандарын ғылым мен білімге, сауаттылыққа, сөз өнерін қадірлей оны құрметтей білуге шақырады.

Алаш қайраткерлерінің арасында Жүсіпбек Аймауытұлы да Абай шығармашылығына айрықша орын берген. Ол өзінің «Абайдың өнері һӘМ қызметі» атты мақаласында ақынның өмірі мен шығармашылығына, ақындық мектебі мен оның айналасына, басты ерекшеліктеріне мән береді. [5] Мақалада ақын Абайдың «үлкен мақсат пен дарын иесі, ой мен сөзден сыр іздеген бітімі бөлек талант» екендігі танылады. Сонымен қатар, автор сөз өнері мен өрнегі басты нысана ретінде алып, Абайдың ақындық өнерінің ерекшеліктері, өлең сөздегі сыр мен сымбат үйлесімі, сезім мен сүйіспеншіліктің мөлдір шықтай тамшылары терең тебіреністермен табиғи жеткізіледі.

Қорытындыны, Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен аяқтасақ «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек». Расыменде, Абай есімі, тарихымызда алтын әріптермен жазылған есімдердің бірі. Оның өлеңдері, қара сөздері әлі күнге дейін өз маңызын

жоғалтпай, халқына қызмет етіп келеді. Сондықтан сөз өнерін Абай шығармашылығымен өрбіту аса маңызға ие мәселе болып табылады. Өйткені ақынның әр шығармасын алып қарасақ та, тұнып тұрған қазына.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

Д.Тұранқұлова «Сырлы сөз – сахна сәні».Алматы, Білім, 2003.-204 б.
М.Байсеркенов «Сахна және актер». Алматы, Ана тілі.1993.-336.
Ілияс Жансүгіров. Абайдың сөз өрнегі. http://old.abai.kz/node/12522
Қажым Жұмалиев. «Тіл туралы Абайдың өз көзқарасы». http://massaget.kz/blogs/7548/
Р.Тұрысбек. Ж.Аймауытұлының әдеби-сын еңбектері http://kazgazeta.kz/?p=3531

**Түйін:** Абай Құнанбаев «қараңғы қазақ көгіне» жарық нұрын шашып, халқын білім мен ғылымға, сауаттылыққа және еңбекке шақырған. Абай шығармашылығы әлі күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Абай өлеңдері, қара сөздері мен аудармалары қазақ әдебиетінің ғана емес, сонымен қатар әлемдік әдебиеттің де биік белестерінің әрі қазынасының бірі болып табылады. Абай шығармашылығана арқау болған тақырыптардың бірі – сөз өнері және оның құдіреттілігі. Ақын шығармашылығында сөздің ішкі де, сыртқа да құрылысы жақсы болып, екеуі де көркем болу қажеттігін атап көрсеткен. Сонымен қатар, ақын оқырманды сөздің жақсысын таңдауға, ойын анық әрі дәл жеткізуге шақырады.

**Резюме:** Абай Кунанбаев как просветитель, содействовал пробуждению и развитию национального самосознания казахского народа, и призывал свой народ к самоусовершенствованию и образованию. Его творчество до сих пор не утратило своего значения. Стихотворения, слова назидания и переводы Абая являются достоянием не только казахского народа, но и мировой литературы. Одной из тем творчества была посвящена искусству слова и его значения. Поэт отметил необходимость того, что внутренняя и внешняя структура слова должны быть художественно правильно составлены. Поэт призывает свойих читателей к выбору и донесений правильных слов и мыслей.

**Abstract:** Abay Kunanbayev as the educator, contributed to the awakening and development of the national identity of the Kazakh people, and called on people to self-development and education. His works have still not lost its significance. The poems, words of edification and translations of Abai are the heritage not only of the Kazakh people, but also of the world community. One of the themes of works has been devoted to the art of the word and its meaning. The poet noted the need for the internal and external structure of the word should be artistically drawn correctly. The poet urges his readers to speak and to express their thoughts clearly and accurately.

Кілт сөздер: Қазақстан, Абай, сахна тілі, сөз өнері.
Ключевые слова: Казахстан, Абай, сценическое искусство, искусство слова.
Key words: Kazakhstan, Abay, theatrical language, the art of word.

# ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІ ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ

**Саткулова Аккуль Аманжуловна,
Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,
«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,
«Киім дизайн» сыныбының қосымша білім беру педагогі,
Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі**

*«Егерде мал керек болса,
қолөнер үйренбек керек.
Мал жұтайды, өнер жұтамайды.
Алдау қоспай адал еңбегін сатқан
қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол.»
Абай*



Қазіргі заман жағдайында өскелең ұрпақты оның алдағы өміріндегі еңбек жолына дайындау мәселесі ерекше көңіл бөлерлік жайт. Қазақстанның келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, мәдени, ғылыми өрісі озық, жаңаша ой қалыптастырған, болашаққа деген ұлтжанды көз қарасы кең, бойына қазақи жақсы қасиеттерді эстетикалық тәрбие арқылы тәрбиелеу бүкіл қоғамымызға сұранысқа ие тұлға керек екені айқын.

Қай халықтың болмасын ұлттық мұрасы, халықтың қазынасы – қолөнері болып табылған. Халық шеберлері ұлттық қолөнер бұйымдарын жасау арқылы сол халықтың этикалық және мәдени ұлттық дәстүрін көрсете білген.
Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап, егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, рухани сән -салтанатымызды, ырым-наным, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте- бірте тамаша үлгілерімен еніп, білім алушыларға жан-жақты білім мен тәрбие беруге, жаңаша еңбек етуге талпындырып отыр. Әрине бұл халықтық педагогика негізі болып табылады. Қайта жаңғырып, жастар тәрбиесіне арқау болып отырған халықтық педагогика – бұл кезде педагогтер қауымына ғана емес, бүкіл қауымға ортақ әлеуметтік қозғалыс. Халықтық педагогика кешегі ойшылдар мен сал-серілерден, шешен-билерден, ақын-жыраулардан мирас болып қалған құнды тәрбие құралы.

Ұлттық педагогика жаңалық емес, ол ежелден халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан тәлім-тәрбие мектебі. Табиғат адам өміріндегі ең керекті қазына көзі. Табиғи материалдармен жұмыс шәкірттердің ой-өрісін дамытуға, әсемдікке дене бітімінің сымбатты болып өсуіне психологиялық дамуына және отаншылдық рухқа баулуда үлкен әсерін тигізеді. Табиғи материалдардың түрлері өте көп, оны пайдаланып өңдеу, білім алушылардың жұмыс барысында өз білімдерін кеңейтеді. Болашақ ұрпақтың сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оны ерте замандағы ата-бабалар, салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.
Ұлттық педагогиканы насихаттауға қай пәннің болса да ыңғайы мен мүмкіншіліктері мол. Сонымен қолөнерге үйрету арқылы тәлім-тәрбиені оқу-тәрбие процесіне арқау ету қажеттігін күн тәртібі туындатты.

Табиғи материалдардың бірі жүн. Жүнді пайдалану арқылы қолөнер бұйымдары: киіз басу, сырмақ сыру, текемет, алаша және ұлттық киімдер мен кілем тоқу сияқты күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан сондай дәстүрлі қолөнер үлгілерін

жаңаша әдіс-тәсілдерін үйрету – білім алушыны еңбексүйгіштікке, әсемдікке талпындырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық қолөнер өзінің тарихы терең, мазмұны сан қилы ерекшеліктерімен болашақ жастарға рухани, эстетикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түсері сөзсіз.

Сәндік қолөнерге үйреткенде белгілі шеберлердің туындыларына талдау жасап, мүмкіндігі болса еңбектерін көрсетіп, мұражайларды аралатып немесе шеберлердің жеке көрмелеріне апарып, білім алушылардың қызығушылығы мен ой-өрісінояту қажет деп санаймыз.

Білім алушыларға тәрбиелік мәні бар халықтық мұралар аз емес. Қазақ халқының өнерін, іскерлігін, өнер шеберлерінің қолынан шыққан алуан түрлі заттар мен бұйымдарды айтып, бұрынғысымен бүгінгісін салыстыра отырып, ұлттық енерді сүюге, құрметтеуге баулу, бүгінгі шәкірттерді ертеңгі еңбеккер, жан - жақты жетілген азамат етіп тәрбиелейді, білім алушылардың жүрегіне жол тауып, олардың бойында еліне, жеріне, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, пәнді оқып үйренуге деген ынтасын, құштарлығын арттыру, қазақ қолөнерін жас жеткіншектердің санасына жеткізудің құралы.

| **Мұғалімдерге жағымды ахуал қалыптастыру (3 мин)**<br><br>**Топқа бөліну (2 минут)**<br><br>**Коучердің кіріспе сөзі:** | «Менің жетістігім...» тренингі<br>Коучингке қатысушылар дөңгеленіп отырады.<br>Барлығына «блоб ағашы» парақшаларын таратамын. Осы «блоб ағашына» әр мұғалім «Білім алушыға білім беру мен тәрбиелеудегі жетістігім» орнын белгілейді. Ағаштағы орындары туралы пікірлерін айтады.<br>Педагогте Шульманның «мұғалімнің үш көмекшісі» деп аталған қасиеттер болғанда ғана оқыту жақсы болып саналады десе, хәкім Абай нағыз адам болу үшін нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек қажет деген. Шульманның “үш көмекшісі» бір мұғалімнің бойынан табылғанда ғана, құзырлы мұғалім болып саналады десек қателеспеспіз.<br>- Құрметті әріптестер, біз бәріміз де осынау өмір-өзен қайықтарының ішіндегі «ұстаздар» деген қайығында жүзіп келеміз. | Мұғалімдер өз жетістктері туралы ой бөліседі. Ортақ шешімге келуге , ой түюге бағытталады.<br>Тренингтен кейінгі сұрақтар<br>– Сіз неге осы орынды көрсеттіңіз?<br>– Осы жетістігіңізге қаншалықты қанағаттандыңыз?<br><br>Ендеше, табысты мұғалімнен білім алатын табысты, жетістігі мол білім алушыларымыз көбейе берсін, дей отыра мұғалімнің үш көмекшісі арқылы топқа бөлінеміз |

| | | |
|---|---|---|
| **Ой шақыру<br>(10 минут)** | Әр топқа ақ қағаз беріледі. Бұл сіздің алдыңызға келген парақтай таза білім алушы. Жетістікке жету үшін осы білім алушының бойында қандай қасиеттер болғанын қалайсыз? Жетістікке жету үшін сабақта қандай әдістерді қолданасыз? | Әр топ постермен жұмыс жүргізеді. |
| **II. Негізгі бөлім<br>3. «Қошқар мен теке» мульфильмінен үзінді.**<br><br>**Топтық жұмыс** | Сұрақ: 1. Мультфильм желісі бойынша екі кейіпкерді бүгінгі оқыту жүйесімен байланыстыра отырып, кімдердің рөлін берер едіңіздер?<br><br>Топта ақылдаса отырып, талдау. | Қатысушылар мультфильм желісі бойынша өз ойларын білдіреді. Топпен талдайды.<br><br>Мұғалімдер тапсырмаларын топпен бірлесіп, ойласып жасайды. Топ басшысы өздерінің жұмыстарын қорғайды. |
| **Постер қорғау<br>(15 минут )** | Топтарға тапсырмалар беріледі:<br>1-топқа: «Жаңа заманға – жаңа бағдарлама»<br>Ақылдың алты қалпағы әдісі<br>2-топқа: «XXI ғасыр мұғалімі»<br>Синквейн әдісі<br>3-топқа: «Мектептегі тәжірибе»<br>Свот талдау әдісі | |
| **Сергіту сәті<br>(5 минут)** | Мұғалімдер караокемен ән салады. «Ұстазым менің» әні | Мұғалімдер ән салып, жақсы көңіл күй орнайды, демалады |
| **Таныстырылым көрсету.<br>(10 минут)** | Таныстырылым көру: **«Сіздің мұғалім екендігіңіздің 13 белгісі».**<br>- Жаңашыл ұстаз болудың 13 критерийіне біздің жұмысымыз сай ма?<br>- Өзіңізге қандай баға берер едіңіз?<br>- Жер шарындағы барлық мұғалімдерге тән олардың ортақ қасиеттері қандай? | Мұғалімдер таныстырылым тамашалап, өз ойларымен бөліседі. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексия** | Ұстаздың биігі ойлана қарасаң, биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдыңда, айналсаң артыңда тұрғандай», — дейді грек оқымыстысы Сократ. Осы биіктіктің шыңынан көрінейік! Білім алушы бізді осындай қалыпта көрсін! Әр мұғалім бүгінгі өткен сабақ бойынша кері байланыс жасайды | Кері байланыс парағы Тапсырманы орындау маған ұнады? Ерекше қиын болды? Ең қызықты болғаны Егер мен бұл тапсырманы тағы орындасам,келесілерді жасар едім |

# ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕ САХНА ТІЛІН ОҚЫТУ

**Жұматаев Жәнібек,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**«Театр» сыныбының қосымша білім беру педагогі**



Қай кезде көрермен сахна төрінен шынайы өмірді көреді,сахнадағы өмірмен біте қайнасып, жыласа жылап, күлсе күледі, деген сұрақ әрқашан менің ойымда жүреді. Актер кейіпкермен бірге «мың өліп мың тірілуі» тиіс. К.С. Станиславскийдің: «Дауыстап білім алушының актерден айырмашылығы, ол-ойнамайды, кейіпкерді бейнелемейді, оның дикциясы мен дауыс ырғағын қайталамайды»,-дейді.

Көркемсөз оқуда білім алушы шығарманың идеясын түсініп, оның маңызын тыңдаушыға сол қалпында жеткізуді үйренеді. Материалмен жұмыс барысында білім алушы автордың ойымен тығыз байланыста болады.

Ата-бабамыз бір ауыз сөзге тоқтап, бір ауыз сөзге күйініп не сүйініп отырған. Қазақ-сөз қадірін өз қадірім деп білген халық.

Сахнада әртістің аузынан шыққан үнге қойылатын талап-дыбыстың таза, анық шығуы. Көркемсөз шеберінің басты құралы – сөз.Тіл – адам қатынасының ең маңызды құралы. Ал тіл мәдениетінің қайнар көзі – сахна тілі.

Сахна тілі – адамның жүрек сезімін шертетін, оны кез келген жағдайда, қуаныштa да, қайғыда да тәрбиелей алатын, үйрететін тіл. Шекспир: «99 орында отырып күлгеннен, бір орында отырып күрсінген артықә,-деген екен, яғни, комедия болсын, ешқандай ойланбай, құр мәз болып қайтудың орнына, шынында осы біздің қоғамда кездесетін ауру ғой деп күйіну әлдеқайда пайдалы екенін білім алушы бойына сіңіру керек.

Сахна тілінің басты мақсаты – рөлді орындау барысында сөйлеуге машықтандыру, әрбір сөз мәнін түсініп, табиғатын тануға баулу, драмалық шығармаларды іріктеу, кейіпкер образын аша түсетін штрихтарға талдау жасау,тілдік сөз қорын байыту, мәнерін жетілдіру.

Сөйлеу тілі – эстетикалық тәрбиенің бір саласы. Айтатын ойды анық жеткізе білу керек.

Сөйлеу техникасын жете меңгеру қажет. Дикция, тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызекі сөздің

логикалық-интоннациялық заңдылықтары, осының бәрі – сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары.

Тыныс алу – дыбыстың қуат-күші, күре тамыры. Тынысты ұтымды пайдалану актер дауысын байыта түседі, соны білім алушыға дұрыс түсіндіру керек.
Тыныс алудың екі түрі бар. Олар: физиологиялық және фонациялық.

Физиологиялық-организмнің қызметін реттейтін заңдылық. Фонация – сөйлеу мүшелерінің қызметі нәтижесінде тіл дыбыстарының айтылуы.

Жаттығу жұмыстарын тек қозғалмай орнықты жағдайда ғана жасау бір жақты пікір. Егер қажет болса, би билеп жүріп те, жүгіріп те дұрыс тыныс алуға үйренуге әбден болады. Сөйлей жүріп дем алу жаттығуларын жүргізудің пайдасы зор.

Дем алудың түрлері: кеудемен дем алу, ішпен дем алу, аралас-диафрагмалық, яғни толық тыныс алу.

Балаға өлең жолдарын 2 жолын бір деммен, 4 жолын бір деммен, 6 жолын бір деммен айтып жаттықтырамыз.

**Мысалы:**
Құлыншақ
Құлдыр-құлдыр құлыншақ,
Тынымсыз бір ұрыншақ.
Ұршықтай боп бұлтылдап,
Жұмыр жолың жылтылдап,
Желмен кеттің жарысып,
Құйрығыңды шанышып.
Дала жазық,дала кең,
Қырмен, саймен, саламен
Құйындай бер шынығып,
Шабыс сырын шын ұғып.

**Мысық**
Көзін жұмып, көлгірсіп,
Жалап-жалап ішеді.
Бәрін өзі білгірсіп,
Санап-санап ішеді.
-Себебі не сондағы?
-Сәт сотқарлау болғаны.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**
1. Дариға Тұранқұлова «Сахна тілі».
2. Интернет желісі.

## ФЕТР МАТАДАН АППЛИКАЦИЯ ЖАСАУ



**Қалдыбекова Ғазиза,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы,**
**Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**«Киімді үлгілеу» сыныбының қосымша білім беру педагогі**

**Мақсаты:**
Жас ұрпаққа рухани жаңғыру аясында инновациялық технологияларды қолдана отырып ұлттық төл мәдениетімізді , салт-дәстүрімізді насихаттау.

2. Фетр матасына қойылатын талаптарды өз бетінше жұмыс жасауда білімдерін пайдалана білуге, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру.

3. Тәрбиеленушілерге осы заман талабына сай өзгеріп келген жүнмен жұмысты үйрету негізінде ұлттық өнерді қастерлеуге, дәстүрді сақтауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** фетр мата, жіп түрлері, қайшы, схема, шаблон, суреттер, ыстық желім, әшекей тастар.

Фетр туралы түсінік беру. Аппликация түрлерімен таныстыру.

Күтілетін нәтиже:

Шығармашылық пен ізденіске қол жеткізу барысында жаңа технология элементтерін тимді пайдалану.Сәндік-қолданбалы қолөнерді пайдалану арқылы білім алушының шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

**Сабаққа кіріспе:**

Фетр – өндірісте және күнделікті өмірде қолданылатын әдемі және практикалық материал. Киіздің бірегей қасиеттері бар, тоқыма өнеркәсібінде жоғары бағаланады және сұранысқа ие. Қолөнер туралы кітаптардың авторлары киізді әр салада қолданудың қыр-сырымен бөліседі.

Бұл табиғи немесе синтетикалық талшықтарды киіздеу арқылы алынған тығыз тоқыма емес тоқыма материалы. Сипаттамалары бойынша киізге ұқсайды, бірақ жұмсақ. Оның әртүрлі сорттары ойыншықтар, зергерлік бұйымдар, киім-кешек бұйымдарын жасау, үй-жайлар мен киімдерді безендіру, сондай-ақ музыкалық аспаптарды жасау үшін қолданылады. Киіздің түрлері мен қасиеттері Бастапқыда қоян немесе ешкі мамығынан киіз жасалды, кейде тығыздық үшін жүн қосылды. Қазіргі уақытта мұндай материалды алу үшін олар пайдаланады.

**Мұғалім әрекеті: Үлгі таратады.**

Білім алушылар әрекеті: Үлгі бойынша білім алушылар фетрадан аппликация жасайды.

Психологиялық ахуал. Психологиялық дайындық.

«Жүректен - жүрекке» шеңбері.

- Әрбір еркелетіп айтатын есім гүлге ұқсайды. Гүлдердің бәрі әдемі: раушан да, қызғалдақ та, бәйшешек те – бәрі де өзінше керемет, бәрі де адамға қуаныш сыйлайды.

Біздің есіміміз де осындай керемет!

Білім алушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.

**Топқа бөлу. Гүлдер үлестіріледі.**

Білім алушылар таңдаған гүлдеріне сай топтарға бөлініп отырады.

Қызығушылықты ояту.

Слайд арқылы фетра туралы, оның шығу тарихы мен одан жасалатын бұйымдар туралы айтым өтемін.

Слайд арқылы фетра туралы, оның шығу тарихы мен одан жасалатын бұйымдар туралы тыңдайды, ой бөліседі.

**Сергіту сәті.**

«Табиғат» биі.

Билеп сергиді.

Негізгі бөлім.

1. Жұмыс орнының ,құрал саймандардың түгендігін тексеремін. Жұмыс орнының дұрыстығын қадағалаймын.
2. Жасалу жолын түсіндіру.
3. Техникалық картамен жұмыс жолын түсіндіру.
4. Дайындалған шаблондармен жұмыс істеулерін қадағалаймын.
5. Бұйымды әшекейлеуге өз ойларын ортаға салуды сұраймын.
6. Жасаған аппликация жасап, жабыстыру.



Фетраның шығу тарихы туралы білу;
Дайын бұйымдарға қарап жасап үйрену;
Топта жұмыс жасайды.
Техникалық картамен жұмыс жасайды.
Топта әшекейлеудің түрлерін ойластырады.
**Ой толғаныс.**
Салыстыру .Слайдта көрсетілген дайын бұйымдармен салыстыру.
**Кері байланыс.**
Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады.







# СТАНОВЛЕНИЕ СПЕЦИАЛЬНОСТИ „ХОРЕОГРАФИЯ"

**Сабдалиева Роза Болысовна,**
**педагог дополнительного образования по классу хореография,**
**Отличник сферы культуры**



У истоков его образования стоял профессиональный балетмейстер, Народный артист Казахской ССР, первый в республике профессор искусствоведения Даурен Тастанбекович Абиров.

Д. Т. Абиров мечтал о том времени, когда искусство танца вошло бы в жизнь каждого ребёнка, каждого молодого человека. Он много сделал для того, чтобы по Республике Казахстан открылись культпросвет училища, чтобы в институтах культуры при музыкальных факультетах были открыты кафедры хореографии. Найдя поддержку его замыслам у коллег, пригласил Кастееву Зарему Ахметовну – Народную артистку Казахской ССР, Жулимбетову Фирузу Рафильбековну – Заслуженную артистку Казахской ССР, Векшину Лидию Павловну педагога по современно бальным танцам, Уразгалиеву Аманкуль Ибрагимовну солистку ансамбля Салтанат, Кремер Людмилу Михайловну. Команда единомышленников Даурена Тастанбековича разработала новые программы обучения, ввела предметы по изучению национального танцевального фольклора и сохранению его наследия. Он умело, тактично направлял работу по специальности. В 1996 году состоялся первый выпуск специалистов специальности «Хореография».

Динамика духовной жизни бурно развивалась, и жизнь на факультете и кафедре кипела. До 2006 года данную кафедру возглавляла Деятель культуры РК, профессор Г.Ж. Карамолдаева. Под руководством и энтузиазмом Галины Жумабековны Карамолдаевой и Агайшой Шермухамедоной Исагуловой силами студентов били поставлены спектакли Е. Брусиловского Кыз Жибек (партию Жибек в одной из постановок этой оперы спела студентка кафедры хореографии Садвокасова Ляззат), А. Жубанова, Л. Хамиди «Абай», М Тулебаева «Биржан и Сара», Дж. Верди «Травиате». Значимыми постановками в институте стали: танцы в опере Мукана Тулебаева «Биржан и Сара», в опере Латифа Хамиди и Ахмета Жубанова «Абай» .



Эти спектакли ставились на сценах факультета, института, в городских и областных театров и домах культуры.

С годами процесс обучения совершенствовался, ставились новые цели и изменялись задачи, вводились новые дисциплины такие, как урок казахского танца, методика работы с хореографическим коллективом, история костюма, история театра, танец модерн, танцы народов мира, восточный танец, урок ритмики, предмет дыхание в хореографии, образцы классического наследия, сценическое оформление костюма, фортепиано. Они получают не только хореографическое образование, но и всестороннее музыкальное развитие.



В 1993 году Даурен Тастанбекович Абиров добивается открытия на кафедре хореографии заочного отделения, мотивируя это высокой востребованностью специалистов хореографии и необходимостью повышением знаний артистов балета, закончивших хореографическое училище, но не имеющих высшего образования. В результате по нашей специальности закончили: Народная артистка Казахской ССР – Раушан Байсеитова, Народная артистка Казахской ССР Сайрагуль Нурсултанова, Заслуженная артистка Казахской ССР Майра Кадырова, Заслуженный деятель РК Куралай Саркытбаева, Заслуженный деятель РК Алия Таныштыкулова, Заслуженный деятель РК Сауле Рахметова, Гульвира Курбанова; многие солисты классического балета Булата Газизовича Аюханова, педагоги хореографического училища: Назира Абдулина, Татьяна Вишнёва, Ольга Адырхаева; солисты молодёжного ансамбля Гульдер, ансамбля Салтанат, солисты Уйгурского театра и многие, многие другие успешно закончили ВУЗ. Наши выпускницы преподают в детских учреждениях, школах, домах творчества, имеют свои коллективы ставшие лауреатами многих республиканских и Международных конкурсов.

Творческая деятельность специальности хореография перед собой ставит важнейшие задачи в воспитании студенческой молодежи. Одна из задач развивать исполнительские навыки с помощью танцевального коллектива. В 2000 году был основан студенческий танцевальный ансамбль «Томирис», который сегодня достойно несет эстафету всемирно известного вокально-инструментального ансамбля «Айгуль». И является гордостью университета. В настоящее время ансамбль лауреат республиканских и Международных конкурсов. Долгие годы Руководителями ансабля были выпускники Сабдалиева Р.Б. и Тургумбаева Б. Д. Сегодня ансамбль часто гостралирует в ближнее и дальнее зарубежье – в (Венгрию, Чехию, Польшу, Болгарию, Турцию, Австрию, Арабские эмираты) и т. далее.



Секрет жизнеспособности ансамбля прежде всего в горячей преданности любимому делу и энтузиазму всех педагогов кафедры хореографии. Руководство университета уделяет большое внимание развитию и жизнеспособности ансамбля, заказаны более 100 костюмов разных народов, записываются фонограммы организовываются поездки на конкурсы, фестивали, олимпиады.

В репертуаре ансамбля большая концертная программа и в творческом активе ансамбля много новых постановок.

В 2005 году у руководства кафедры хореографии стала Заслуженная артистка Казахской ССР, кандидат искусствоведения Тойган Оспановна Изим, зарекомендовала себя высококвалифицированным специалистом. Она внесла большой вклад в развитие учебного процесса. Прекрасно зная наследие великих балетмейстеров Республики Казахстан, таких как Абирова Д.Т., Райбаева З.М., Аюханова Б.Г. Жиенкуловой Ш. она сохранила и бережно передала наследие казахского танцевального искусства студентам. Кафедра вносит свой вклад в развитие науки. Выпущены учебники по хореографии,

методические пособия и т.д. Ежегодно выпускаются статьи в разных журналах и газетах Р.К., принимает участие в научных конференциях и семинарах, в Республиканских и международных олимпиадах. Ежегодно проводятся республиканские семинары на различные темы по хореографии для слушателей Республики Казахстан. Студенты принимают участие в республиканских и международных научно-практических конференциях.

С 2011-2020 годы кафедрой руководила специалист и руководитель ансамбля «Томирис», «Мәдениет саласының үздігі» и.о. ассоциированного профессора Сабдалиева Роза Болысовна. За годы рукаводство были разработаны Образовательные программы для 4-х годичного дневного обучения, а также, разработана программа для дистанционного 3-х годичного обучения специальности «Хореография».

На сегодняшний день кафедра Хореографии выпускает специалистов в области хореографического искусства. Большинство выпускников руководители детских танцевальных коллективов. Сегодня выпускники работают по всем городам Казахстана, России, Голландии, Канаде, Греции, Швейцарии, Италии, США и т д.

И мы преподаватели гордимся ими!



Заслуженным авторитетом пользуются ведущие специалисты кафедры: Народная артистка Республики Казахстан, обладательница Президентской стипендии, профессор Кастеева Зарема Ахметовна, профессор искусствоведения Кремер Людмила Михайловна, заведующая кафедры, ведущий концертмейстер Тищенко Светлана Николаевна, Заякина Маргарита Анатольевна, «Отличник сферы культуры», и.о ассоциированного профессора Сабдалиева Роза Болысовна, Доктор PhD Кусанова Анипа Ерлановна, старший преподаватель Доскараева Анар Алихановна, преподаватель Аухадиев Ильзат Решатович, старший преподаватель Бакирова Самал Абильпаташкызы.

Неизменный принцип работы кафедры и факультета приобщить студента к ценностям мирового искусства и взаимообогащение многонациональной культуры Республики Казахстана, стремление к достижению новых высот в работе, профессиональной зрелости и успехов, в умении сохранить и множить славные традиции прошлого и постигать вершины будущего.

**Использованные источники:**

1. Архив Казахского Государственного женского педагогического университета.
2. Архив Кафедры «Хореография» Казгосженпу.

**Анотация** В статье описывается история зарождения и развитие кафедры «Хореография» Казахского Государственного женского педагогического университета. А так же педагогический вклад ведущих педагогов кафедры Нар.арт.РК, первого балетмейстера, профессора Абирова Д.Т., Нар.арт.РК Кастеевой З.А., профессора Кремер Л.М. и т.д.

**Ключевые слова** История хореографии, танцевальное искусство, педагогикий опыт.
История развития и стремительный взлет национальной музыкальной культуры стал благодаря социально-экономическим изменением, происходящих в Республики Казахстан и приобретением независимости. История развития музыкального факультета женского педагогического института тесно связана с историей страны и с благодарностью хранит имена его первых основателей, организаторов и педагогов, посвятивших свой талант трудному и благородному делу.

Это история одного из основных очагов по подготовки специалистов-педагогов национальной музыкальной культуры. Основываясь на глубоких и самобытных музыкальных и танцевальных традициях казахского народа, веками бережно хранившие и передаваемые из поколения в поколение богатое духовное наследие.
За четверть века творческой деятельности факультет стал настоящей кузницей национальных кадров, в стенах которого вырос и окреп талант многих педагогов и деятелей казахского искусства.

В 1944 году образовался Казахский государственный женский педагогический институт. Своей целью он ставил не просто дать высшее образование своим воспитанникам из отдалённых аулов, но сформировать в них высоконравственные духовные качества. Огромная заслуга в этом принадлежит музыкально-педагогическому факультету. Основоположником, организатором, этого факультета стал известный казахский композитор Бахытжан Байкадамов. Осознавая всю значимость и сложность поставленных задач в подготовке учителей музыки, мобилизовав весь педагогический потенциал как единое целое, Б. Байкадамов в 1967-1968 годы добился самоопределения музыкально-педагогического факультета. Новым подъемом в развитии факультета стало назначение 1989 году деканом выпускницы Куанышкуль Мендаяковна Мендаякова. Много кропотливого труда отдавшей развитию казахской инструментальной музыки и открытию кафедры хореографии. В 1987 году при факультете педагогики открылось отделение хореографии.

## САБАҚ САПАСЫ - ТИІМДІ ӘДІС- ТӘСІЛДЕ

**Ушкемпирова Динакуль Мукановна,**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**бейін бойынша директордың орынбасары**

Егер педагог сабақтарда тиімді әдіс-тәсілдерін үздіксіз қолданып отырса, білім алушы өз ойын еркін жеткізуге дағдыланып,оның пәнге қызығушылығы оянып, талдау жұмыстарын жүргізе білуге үйренеді.

Ендеше бүгінгі семинарда осындай оқыған мәтіннің мазмұнына байланысты өз ой- пікірін білдіру, дәлелдеу туралы әдістермен таныспақпыз.

Тренинг мақсаты: инновациялық әдіс тәсілдерді сабақ барысында қолдану барысын үйрету.

**Міндеттері:**

- Алғашқы ұйымдастыру, психологиялық ахуал қалыптастыру туралы түсінік беру, шығу жолдарын анықтау;
- Жаңа әдіс тәсілдерді жұмыс барысында қолдана білуге мүмкіндік беру (жаттығулар жасату);
- Құпия суретпен жұмыс жасау жолдарын үйрету;
- Өмірде кездесетін қиыншылықтардан арыла білуге өзін-өзі реттеуіне көмектесу.

*«... Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса.*
*Үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса»*
*Халық даналығы*

Бүгінгі мектеп білім алушылары ертең өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге, өз мәселелерін өздері шешуге, саналы шешім қабылдауға дайын болуды үйрететін жаңа технологиялардың бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту». Тренинг барысында «Саусақтар арқылы мінез анықтау» (тест)

**Мақсаты:** кішкентай тесттен адамның болмысын суреттеп шығуға, әрине, болмас, алайда өзіңіз жайлы кішкентай мағлұмат алып, аудиторияға, яғни, назарын аудару.

Сондай ақ, жаңа әдістерді білім алушыға қалай үйретуге болатыны туралы тапсырма ретінде қысқаша мәтіндер беріліп, әр топ сыни тұрғыда талдау жасайды.

**Мақсаты:** жаңа әдістердің дәстүрлі әдістен қандай өзгешелігі бар екенін, білім алушыны оқыту барысында қалай қолдану керектігін түсіндіру.

**ОЙ САЛСАҢ, ОЙЛЫ ДҮНИЕЛЕР**

Зымырап бара жатқан пойызда бір қария аңдаусызда өзінің жаңа ғана сатып алған, су жаңа аяқ киімінің бір сыңарын терезеден түсіріп алады. Маңындағы жұртшылық қарияның көңілсіздігіне бас шайқап, әттеген-айлап тұрғанда, әлгі қария ойланбастан екінші сыңарын да терезеден сыртқа лақтырып жібереді. Мұны көрген жұртшылық аңтарылып қалғанда, әлгі қария : «Бұл аяқ киім маған бұған дейін, қаншалықты қымбат болса да, қазір оның мен үшін түк те құны қалған жоқ, ал егер оны басқа біреу сыңарымен тауып алса,оның қажетіне жарайды» дейді.

**Тапсырма:**

1. Мәтінге ат қойыңыз.

2. «ПОПС формуласы» арқылы мәтін бойынша тұжырым жасаңыз.

«Менің ойымша ...»

«Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

«Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын...»

«Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім»

Өмір бойы ағаш ұсталықпен айналысқан қарт қызметші зейнет демалысқа шығуға жақын қалады. Бастығы оны қия алмай, ең соңғы рет бір үй салып беріп, сосын демалысқа шығуын өтініпті. Ұста келісімін беріпті. Бірақ жұмысқа титтей де құлқы болмай, істі тым салғырт, қолының ұшымен істепті. Ағаш материалдары да сапасыз, үйді өз ойындағыдай тұрғызбапты. Бұл өз кәсібіндегі немқұрайлы жасаған бірінші жұмысы болатын.Жұмыс аяқталған соң қожайыны келіп, бұл үйдің демалысқа шыққалы тұрған өзіне тиеселі екенін айтып, құттықтап, жөніне кетеді. Мұны естіген ұста қатты өкініпті.

**Тапсырма:**

1. Мәтінге ат қойыңыз.

2. «FILA» кестесі арқылы мәтін бойынша тұжырым жасаңыз.

Кесте 4 бағаннан тұрады:

1.FACTS – Мәліметтер: Мәтін ішінен түйінді сөздерді теріп жазу.

2. IDEAS – Идеялар: Мәтін бойынша сызба түрінде конспект жасау.

3. LEARNINGISSUES – зерттеуді талап ететін сұрақтар: Мәтін бойынша сұрақтар құрастыру.

4. ACTION PLAN – шешімдер жоспары: Мәтіннің ішінен негізгі идеясын бейнелейтін сөйлемдерді теріп жазу.

Бір жігіт әйелін сыйлық дүкеніне алып кірді. Сосын әйеліне: «Маған анама деп бір жақсы сыйлық таңдап берші» - деді. Әйелінің қызғанышы оянып, дүкендегі ең арзан дүниені таңдайды. Күйеуі оның сыртын әдемілеп қаптатып үйіне алып кетеді. Кешке сол сыйлықты әйеліне ұсынады. Сонда күйеуі таңданған әйеліне: «Өзгеге нені қаласаң, өзің үшін солай таңдау жасағаныңды қаладым» - деген екен. Әйел өкiнiште қалады. Себебі ол өзге үшін, өзіне қалағандай таңдау жасаса, сыйлығы әдемірек болар еді. Сол себептен адамдар ниеттеріне қарай ризықтандырылады.

**Тапсырма:**

1. Мәтінге ат қойыңыз.

2. «Фишбоун» арқылы мәтін бойынша тұжырым жасаңыз.

Балықтың басы – тақырыптың сұрағы,

Жоғарғысы – тақырыптың негізгі ұғымдары;

Төменгі – ұғымдық мән;
Құйрығы – сұраққа жауап.
Жазбалар қысқа болу керек, мәнді,мағынаны ашатын сөз,фразалар.
Әр топ жазған жұмыстарын жариялайды. Пікір алмасады.
«Бірге ойлаймыз» әдісі бойынша құпия суреттер бойынша топтық жұмыс жүргізіледі.
**Мақсаты:** танымдық қабілетті арттыру.

Тренинг соңында «Үміт гүлі» видео ролик көрсетілімі арқылы тренинг қорытындалады.

«Ізденсе, талаптанса қолдан жасалмайтын нәрсе жоқ. Құнттамаған, ізденбеген, соңына түспеген адамның жұмысы еш уақытта берекелі болмайды» Ж. Аймауытов. Ізденіс білім алушыны шығармашылық іс-әрекетке жетелейді. Жаңа инновациялық әдіс-тәсілді пайдалану арқылы біз білім алушы қиялын, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта түсіп, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

Баланы ойлануға, сөйлеу қабілеттерін дамытуға, өзіндік ой-пікір айта білуге дайындықты осылай бастауға болады.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 2012 ж.
2. Мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. «Егеменді Қазақстан» газеті.
3. Әлем еліндегі білім беру реформалары. Интернет желісі.

## ЖАҢА ФОРМАТТЫ МҰҒАЛІМ

**Шералиев Шынболат,
Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,
«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,
«Театр» сыныбының қосымша білім беру педагогі**



*«Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен, саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек»*
***Жүсіпбек Аймауытов***

Заманның ағымынан қалыспай, қоғам бір аттаса, біздер екі аттап, қашанда мәртебелі орынға ие болып, «білім» деген үлкен міндеттің шаңырағын көтеріп, ұл мен қызды тәрбиелеп отырған мұғалім деген үлкен мамандық бар. «Ел болашағы – жастардың қолында» деп үміт күтіп отырған болашақты болаттай мықты етіп, жігерін қамшылап, санасына нұр себетін де біздер. Ал осындай міндеттерді орындай алатын ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім.

Жаңа форматты мұғалім... ол бақылаушы, барлаушы. Біз бұған дейін білім алушының білім сапасын нақты пәнге қатысты білім деңгейімен өлшеп үйренгенбіз. Өзіміздің білім алушыдан «көп білетіндігімізді», «көпті көргенімізді» үнемі алға салып отыратынбыз. Ал жаңа форматты мұғалімге жүктелер міндет өзгеше. Жоспарды дұрыс құру, сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижесін дұрыс жоспарлау, 40 минутта талдату, сұрау, жаңа білімді сілтеме беру арқылы меңгерту, әр баланың дарынын байқау, білім алушының белсенділігін арттыруға бағытталған тәсілдерді қолдану мен жас ерекшелігіне сай дарынын байқай отырып бағалау, 40 минут бойы мадақтау, үй тапсырмасын бере отырып кері байланыс беріп үлгеру, міне, әр сабақта мұғалім мақсат етіп қойған жұмыс әрекеті. Сабақтан кейін саралау жұмысын жүргізіп, ертеңгі күнге жаңа жоспар мен

жаңа әдіс-тәсілдерді ойлап табу. Мұнша іс-әрекетті орындау әсте оңай емес, бірақ еңбегің арқылы өз-өзін және өзгені бағалап отырған баланы көру, топтық, жұптық жұмыста берілген жұмысты ұжымдасып шешімін табу, ізденген, жаңашыл ұстаздарына кері байланыс кезінде ұсыныстары мен тілектерін жазып кеткен білім алушыларды көру - ұстаздың соншалық еңбегін бір сәтке жеңілдетіп тастайды.

Педагогтік шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі.Елбасымыз «Біз – білім-ғылым саласында бәсекеге қабілетті болмасақ, өз мақсатымызға жете алмаймыз. Барлығы мектептен, ал Қазақстан үшін ауыл мектебінен басталады», - деген болатын.

XXI ғасырұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. «Мұғалім өзі оқыса ғана мұғалім, оқуын тоқтатқан жағдайда ол мұғалім болудан қалады» дегендей, Елбасымыздың саясатының арқасында қаншама мұғалім аталмыш курстан өтіп, жаңа форматтағы мұғалім атанып жүрген жайы бар. Әрине, ол ұстаздардың қатарында мен де жүрмін. Осы уақыт аралығында білім алушы бойынан көп өзгеріс байқай алдым. Бойларындағы халқымызға тән еркіндік пен шешендікті, батылдық пен сенімділікті аша алдық. Қашанда дана болған еліміздің бойындағы қасиетін бүлдіршіндерімізден байқай алдық. Білімді дайын күйінде меңгеру емес, іздену мен қызығушылықтың артқанына куә болдым.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Ендеше, бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн. Біздің мақсатымыз – гүлденген қоғам орнату. «Ұлттық тіл – әр халықтың өзіне тән ой-санасын, парасатын, бүкіл болмыс-тіршілігі мен сезімін-түйсігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күретамыр».

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында: «Басты мақсатымыз – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы, ол - «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті деген. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық.

Осы жолдауда «Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген.
Ал оны жүзеге асыратын ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім.
Жаңа форматтағы мұғалім жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі екенін түсініп, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп, шығармашылық ізденісте жүруі маңызды.

Жаңа формат мұғалімі пәнді жақсы білумен қоса, стандарт талап етіп отырған құзыреттіліктерді жете меңгеруі тиіс.

**Қолданылған әдебиеттер:**
1. Жаңартылған оқу бағдарламалары.
2. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары.

## БИ ӨНЕРІНДЕГІ ӘБИРОВ ӘЛЕМІ

**Қожабеков Жанатай Имашевич**
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,**
**«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК,**
**«Хореография» сыныбының қосымша білім беру педагогі,**
**балетмейстер**

6 қарашада республикамыздың тұңғыш кәсіби биші, қазақ сахналық биінің негізін салушы Дәурен Әбиров 98 жасқа толды. Бүкіл өмірін осы өнерге арнады. 13 жасар бала кезінде Дәурен өзінің құрдастарымен бірге «Ұйқыдағы ару» фильміндегі « Гүлдер вальсін» орындаған кезде, сахна оның туған жеріне айналатынын түсінді.

Дәурен Тастанбекұлы Әбиров (11.06.1923-06.08.2001) балет әртісі, балетмейстер, профессор, Қазақ КСР халық әртісі, Қазақ КСР өнер қайраткері, өнертану кандидаты.

Алматы хореграфиялық училищесін бітірген. Мәскеудің Луначарский атындағы ГИТИС-нің балетмейстерлік бөлімін бітірген (1952). Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1952- 1977 ж. Абай атындағы Қазақ опера және балет театрының балетмейстері, бас балетмейстері.1984-1989 ж. Жүргенов атындағы Мемлекеттік театр және кино институтының кафедра меңгерушісі.
1989-1997 ж. хореография бөлімінің жетекшісі болды. 1997 жылдан бері театр және кино институтың Жоғарғы хореография мектебінде ұстаз.

Қойған балеттері : Великановтың «Қамбар-Назым», Е. Брусиловскийдің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», Ғ.Жұбанованың «Аққанат» балеттерін қойған.
Билеген билері, биші ретінде: «Жизель», «Аққу көлі», «Бақшасарай фонтаны», «Баядерка», «Шопениана» т.б. балеттерде жетекші партияларды билеген. Пуни мен Глиэрдің «Эсмеральда», Глазуновтың «Раймонда», Меликовтың «Фархад-Шырын», Яруллиннің «Шурале» балеттерін сахнаға бейімдеген. «Біржан-Сара», «Қамар сұлу», «Айсұлу» операларына көптеген концерттік билер қойған.

Республикадағы хореографиялық өнердің қалыптасуы мен дамуына әсер еткен кәсіби биші және хореограф. Ол Қазақстанның хореографиялық өнерінің дамуына белсенді көмек көрсетті, республика аймақтарында 18 фольклорлық ансамбльдер құрды. Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің 1-2-ші онкүндіктерінің қатысушысы (1936, 1958). Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған. 1980-1982 жж. Йемен Араб Республикасында жұмыс істеген. Фольклорды зерттеген ол сонда алғашқы кәсіби би ансамблін құрады.

Әбировтің өзі тамаша биші болғанымен, оның мансабын жалғастыруына соғыс кедергі болды. Хореограф болып жұмыс істеп жүріп, ол әлі де сахнада жүрді. Сөйтіп, ол өзінің «Қымбатты достық» балетінде Әли партиясын орындады. Және ол керемет биледі. Қазақтың сахналық биінің іргетасын қалаған – үстірт, жинақтап, қайта жаңғырткан, шыншыл, халықтық дегеннің бәрін лақтырып тастады. Ол қазақ биінің тарихы бойынша бірегей оқулықтың авторы болды, онда ол алғаш рет қимылдың әрбір элементін сипаттады. Дәурен Тастанбекұлы қазақ жастарының би билеуді, қимыл-қозғалыс жасауды білмейтініне алаңдады. Ол бидің республиканың жас азаматтарының өмірінде міндетті түрде болуын қалады.

Үнемі облысты аралап, би ұжымдарын құра отырып, оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізу керектігін түсінді. Ол көптеген жоғары оқу орындарында, мәдени-ағарту мектептерінде хореография факультеттерінің пайда болуын, мектептерде би пәнінің оқытылуын қамтамасыз етті.



Бірақ соған қарамастан, біз көркемөнерпаздар мен кәсіби ұжымдардың орындауында сахнадан көріп жүрген қазіргі қазақ билерін кәсіби балетмейстерлері құрастырып, сахналайды, сондықтан оларды халықтық сахналық, яғни халық билеріне негізделген билер деп атайды. Би халықтың ажырамас тілі ретінде күнделікті өмірге енсе ше? Ол мақсатты түрде жаңғыртылмаса, ол, әрине, өнер түрі ретінде де, жан дүниесінің көрінісі ретінде де ұмытылуға жақын.

Сондықтан мен өзім жұмыс істейтін өнер ұжымдарында би өнерін білім алушыларға үйретумен айналысамын. Д.Әбіровтың армандаған арманының бір пайызын болса да орындап жүргеніме қуанамын. «Өнер –өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» - деп В.А.Сухомлинский айтып кеткендей, тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аудару қажеттілігін көрсеткен. Сол өнердің бірі – би өнері. Бүгінгі Елбасы қолдаған Мәңгілік елдің қыранын самғату, болашаққа байыппен апаратын рухани жаңғырудың игі жолында еліміздің қызғалдақтай құлпырған, жазиралы далама теңер, нәзік те сұлу, мың бұралған қазақ қыздарының парасаттылығын, ибалылығын, мәдениеттілігін бір ғана кішкентай образдың астарымен сомдап,өз туған жеріме, еліме би өнерін шарықтатудамын.

**Қолданылған әдебиеттер:**
1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.
2. Абиров Д.Т., Исмаилов А.М. Қазахские народные танцы, Алма-Ата, 1961.
3. Абиров Д.Т. История казахского танца: Учебное пособие. Алматы: 1997 г.

# ТӘУЕЛСІЗДІК –ТҰҒЫРЫМ!
# (ЭССЕ)

**Мерикенова Майра Мейремгазиевна,**
**Беріктас ауылындағы орта мектептің мұғалімі**



***Тәуелсіздік –ащы термен келген тәтті жеңіс.***
***Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн.***

Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ халқына оны ұзақ күтуге тура келді. Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманынан бері халықтан басынан нелер өтпеді. Халқымның тарихын оқи отырып, небір нәубат жылдардың еліміздің көңіліне кірбің түсіріп, зар жылатқанын білемін. Әрбір қиын қыстау замандағы өміріне көз жүгіртсем жүрегімді ауыр мұң басып, екі көзге қанды жас келеді.

«Қазан төңкерісі» кезіндегі ақтар мен қызылдардан кезек-кезек көрген соққылары, «байсың» деп мал-мүліктерін тартып алып, күн көрсетпей қысымшылық жасаулары, жүйкені жұқартты. Қазақ үдере көтеріліп шетелге қашты. 1932-33 жылдарғы Голощекиннің жасаған «Кіші қазан төңкерісі» жаппай аштан қырылуға әкеліп тіреді. «Асыра сілтеу болмасын,Аша тұяқ қалмасын» деп бар малын тартып алып, тіптен кебежедегі ең соңғы бір жапырақ етін де жинап алды. Қайта тентіреп тамақ іздеп, ұрпғын сақтап қалу үшін сансыраған ел шет ел асты. Қаншама миллион қазақ аштықтың құрбаны болды.

Ұлы Отан соғысы кезінде, Ауған соғысында тағы да сол қазақтар көптеп қырылды. Кеңес үкіметінің саясаты бірде дұрыс болса, бірде қиындыққа ұрындырып отырды. Осындай қилы кезеңдердің арты 1986жылы желтоқсан айындағы қазақ жастарының билікке қарсы шыққан «Желтоқсан көтерілісіне» ұласты. Бұл қазақтың жүрегіне қадалған ашу мен кектің ұшқыны еді.Бүгінгі тәуелсіздіктің бастамасы еді. 1991жылы 16-желтоқсанда қазақ елі аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Сан жылдарды артқа тастап, еліміз еркіндікке қол жеткізгелі 30 жыл өтті. Содан бері өз туымыз көкте желбіреп, елтаңбамыз биіктен көрініп, төл теңгеміз айналысқа еніп, әнұранымыз еркін шырқалуда. Бұл ата-бабамыз аңсап кеткен, сол жолда төккен маңдай тер мен төгілген қанның жеңісі еді. Сондықтан да қаны қазақ әр азаматтың елі үшін, жері үшін азаттыққа жетуді армандап кеткен, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен табыстап кеткен азаттықты бағалау, қастерлеу – басты парызы. Отыз жылда ел жаңа еліміз көркейіп, жеріміз жандануда, бар әлемнің назары біздің елімізде. Қазақстанды бүкіл әлем таниды десек қателеспейміз. Көңілдеріміз жаздың жайма шуақ күніндей, кешегі өткен желтоқсаннның ызғары сейіле бастады. Тәуелсіздігіміз ғұмырлы болсын!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**
1. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы.
2. Абдрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. Алматы. Атамұра, 2006.

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

«Қосымша білім және тәрбие» журналының мерзімдік шығарылымы: 1 жылда 4 рет қазақ және орыс тілдерінде.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады. Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі;  балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-27-31 телефоны немесе e-mail: k.jurnal@mail.ru арқылы біле аласыз

## УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Республиканский учебно-методический журнал «Қосымша білім және тәрбие» для педагогов на сегодняшний день является единственным республиканским изданием в системе дополнительного образования детей в Казахстане.

Периодический выпуск «Қосымша білім және тәрбие»: 4 раза в год на казахском и русском языках.

В журнале публикуются статьи об инновациях и инновационных технологиях в учебно-воспитательном процессе и другие материалы.

Читатели нашего журнала – педагогические работники организаций общего среднего,  дополнительного образования детей (дворец, дом школьников, центр детского и юношеского творчества; станции юных натуралистов, туристов, техников; детская школа искусств, детская музыкальная школа, детская художественная школа; детский дворовый клуб и др.), технического и профессионального образования, детских общественных организаций.

По согласованию с редакцией журнала Вы можете опубликовать юбилейные материалы и о деятельности организации.

Более подробную информацию Вы можете получить по телефону: 8 (7172) 64-27-31 или e-mail: k.jurnal@mail.ru